

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

С.Ч.Тұрсынғалиева  
Р.Зайкенова

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық

# 5



ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5Қаз)я72  
Т 86

Т86 Тұрсынғалиева С.Ч., ж.б.  
**Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық.  
Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 144 бет.

ISBN 978-601-318-008-3

Оқулыққа оқу бағдарламасының білім мазмұнына сәйкес халық ауыз әдебиеті үлгілері, ертегілер, батырлар жыры, аңыз әңгімелер мен ақын-жазушылар шығармалары енгізілді. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5Қаз)я72

ISBN 978-601-318-008-3

© Тұрсынғалиева С.Ч.,  
Зайкенова Р., 2017  
© «Арман-ПВ» баспасы, 2017

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

**Жаңа тақырыпты меңгеру тапсырмалары – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары**

1 Білу

2 Түсіну

3 Талдау

4 Жинақтау

5 Қолдану

6 Баға беру

 Зергер сөз

түйінді ой

 Даналық ойдан дән ізде

ақын-жазушы туралы пікір, ойтолғау

 Сөздің көркі – мақал

мақал-мәтелдер

 Бағалы дерек

қызықты мәлімет



**Сөзмаржан** – түсіндірме сөздік



**Әдебиет теориясы** – әдебиеттану ғылымының түсініктері



**Артық болмас білгенің** – танымдық мәліметтер



**Сұрақтар мен тапсырмалар** – әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары



**CD 1–24** – фильмнен үзінділер, шығармалардың аудионұсқасы



**Кітапсүйерлер үшін** – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер



**Түйін** – тақырып бойынша қорытынды



**Диалог құру** – сұхбаттасу, пікірлесу



Кітап – сенің досың.

Кітап – адамның рухани жан азығы.

## КІРІСПЕ

Қымбатты жас достар! Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында кітаптың рөлі қандай? Кітап бізге не үшін қажет? Бір мезет көз алдыларыңа елестетіп көріңдерші – егер бүкіл әлемде кітаптар жоғалып кетсе, не болады? Онда біз бірден мыңдаған жылға артқа кетеміз. Себебі адамзаттың ғасырлар бойы жинаған өмірлік тәжірибесі жоғалады. Барлығын қайтадан бастауға тура келеді. Жақсы кітап – жан азығы. Кітап сендерді ашылмаған сырларға толы сиқырлы әлемнің жолдарымен жетелеп, рухани күш береді. Сол себепті кітапты заманауи техникамен ауыстыра алмайсың.

Сендерге кітап, әдебиет туралы айтқанда естеріңе не түседі? Әрине, аналарың мен әжелерің айтып берген, оқыған ертегілерің, жаттаған өлеңдерің мен естіген әңгімелерің еске түсуі мүмкін. Ал әрбір ақын мен жазушының оқырман екенін ойланып көрдіңдер ме? Ұлы Абайдың, ағартушы Ыбырайдың бала күндерінен кітап оқуға құмар болғанын білесіңдер ме? Абай медреседе



CD 01

Әдебиет дегеніміз не?  
Әдебиеттің маңызы  
қандай?



«Тарих Анбия» (Пайғамбарлар тарихы) 1907 ж.  
Қазан қаласында түркі тілінде басылған.



Қожа Ахмет Иасауи хикметтері.  
Қолжазба. 1868 ж.

оқып жүріп, Семей қаласындағы кітапханадан шықпаған. Ауылына қайтқанда да ары-бері жүрген жолаушыға арнайы тапсырып, өзіне қажетті кітаптарды алдыртып отырған. Сол сияқты Ыбырай Алтынсарин да атасының досы Григорьевтің бай кітапханасын пайдаланған. Себебі ұлы адамдар кітапты өзінің достарымен қатар қойған. Дос дегеніміз кім? Дос – кез келген уақытта сенің қасыңнан табылатын, қиын кезде көмекке келіп, қуанышыңды бірге бөлісетін адам. Кітап та нағыз дос бола алады. Шығарма кейіпкерлерімен ой бөлісіп, өздеріңді толғандырып жүрген сұрақтарға жауап табасыңдар, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренесіңдер.

Достар, сендер мектептің бастауыш сыныбын аяқтап, білім жолындағы тағы бір кезең – 5-сыныптың табалдырығын аттап отырсыңдар. 5-сыныпта сендерді жаңа әлем қарсы алады, білім жолымен жаңа пәндер жетелейді. Сондай пәндердің бірі – **«Қазақ әдебиеті»**.

«Қазақ әдебиетінің» есігін халық ауыз әдебиеті ашып, сендерді ертегілер әлемімен, батырлар жырларымен, аңыз әңгіме кейіпкерлерімен таныстырып қана қоймай, сонымен қатар қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқуларыңа мүмкіндік береді.

### Оқулық құрылымы қандай?

«Қазақ әдебиеті» оқулығы **«Таза, мінсіз асыл сөз», «Тәрбиенің қайнар бұлағы», «Адамгершілік – асыл қасиет», «Отбасы құндылықтары»** атты бөлімдерден тұрады. Әр бөлім оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес тақырыптарды қамтиды. Қазақ әдебиетін игеру үшін оқулық тапсырмаларын мұқият орындаудың маңызы зор. Әр тақырып соңында берілген **«Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау», «Қолдану», «Баға беру»** деп аталатын тапсырмалардың мазмұны қарапайым білім мен түсінік деңгейіндегі, білімді қолдану және талдау деңгейіндегі, сонымен қатар шығармашылық және ізденушілік сипаттағы тапсырмаларды қамтиды. Тапсырмаларды орындау барысында хрестоматияны, сөздіктер мен анықтамалықтарды, электрондық ресурстарды, қосымша материалдарды пайдалана білу керек.

Қымбатты достар! Тақырыпты тереңірек, жан-жақты меңгерулерің үшін оқулық құрылымына бірнеше айдарлар енгізілді. **«Артық болмас білгенің»** айдарында ғылыми, тарихи, мәдени деректермен қоса,

#### Зергер сөз

Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы.

З.Қабдолов

ақын-жазушылар өміріне байланысты қызықты материалдар ұсынылды. «Сөзмаржан» айдары сөз құпиясын ашуға арналса, «Даналық ойдан дән ізде», «Сөздің көркі – мақал», «Зергер сөз» айдарларына әдебиет, қаламгер немесе оның шығармасы туралы айтылған қанатты сөздер мен ойтолғаулар, мақал-мәтелдер енген. «Түйін» айдарында тақырыптың негізгі ойы мен қорытындысы айтылған. Оқулыққа қосымша ретінде ұсынылған *CD дискіде* фильмдерден үзінділердің сілтемесі, шығармалардың аудионұсқалары берілді.

Қымбатты балалар! Қазақ әдебиетінің оқырман біліп алуға тиіс қыры мен сыры, құпиялары көп. Сендер өздеріңді қазақ әдебиеті әлемін танып-білуге кіріскен, жаңалыққа жаны құмар зерттеуші ретінде сезініп, үнемі ізденіп, білімге құштар болсаңдар ғана табысқа жетесіңдер.



### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өздеріңнің сүйікті кітаптарыңды, кейіпкерлеріңді атаңдар. Неліктен ол кітаптар ұнайды?
2. Қолдарыңдағы «Қазақ әдебиеті» оқулығын ашып көріңдер. Сыртқы мұқабасынан бастап, ішіндегі мәтіндерге назар аударыңдар. Оқулыққа қай ақын-жазушылардың шығармалары енгізілгеніне, ұсынылған тапсырмаларға, айдарларға, суреттерге көңіл бөліңдер.
3. Қандай шығармалардың авторлары сендерге таныс, кімдермен алғаш рет кездесіңдер?
4. «Оқи білу» дегенді қалай түсінесіңдер?
5. «Қазақ әдебиеті», «әдебиет» деген сөздерге байланысты түсініктеріңді сөздер, суреттер, сызбалар мен таңбалар арқылы бейнелеп көрсетіңдер.
6. Көне кітаптардың суреттерін ғаламтордан табыңдар. Ауызша сипаттап беріңдер. Олардың қазіргі кітаптардан ерекшеліктері неде?
7. Алматыдағы «Сирек кітаптар мұражайына» виртуалды саяхат жасаңдар. Қазақтың алғашқы баспа кітаптары, Қазақстандағы кітап басу ісінің тарихы туралы мәліметтер дайындаңдар. Wikipedia.org. сайтының, «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» материалдарын пайдалануға болады.

# I ТАРАУ

## ТАЗА, МІНСІЗ АСЫЛ СӨЗ



Таза, мінсіз асыл тас  
Су түбінде жатады.  
Таза, мінсіз асыл сөз  
Ой түбінде жатады.

*Асанқайғы*



«Қазақ әдебиеті» әлемінің есігін қазақ халқының ауыз әдебиеті ашады. Әдебиет әлеміне қош келдіңдер!

## ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

### Естеріңізге түсіріңдер:

Әдебиет дегеніміз не?

Ауыз әдебиетінің қандай түрлерін білесіңдер?

### Меңгерілетін білім:

Ауыз әдебиеті дегеніміз не?

Ауыз әдебиеті біздің заманымызға дейін қалай жеткен?

Ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?


Ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен қандай айырмашылықтары бар?

Ауыз әдебиетінің маңызы қандай?

Кез келген халықтың ауыз әдебиеті бар. Ауыз әдебиеті ғылымда **«фольклор»** деп аталады. Фольклор – ағылшын сөзі. Қазақ тіліне аударғанда **«халық шығармасы»**, **«халықтың ауызша шығарған көркем сөздері»** деген мағынаны білдіреді. Фольклор жазба әдебиетінен бұрын туған. Шығармалар ауыздан-ауызға тарап, біздің заманымызға дейін жеткен.

Халық баянды, бақытты өмірді армандап, болашаққа сеніммен қараған. Бұл арман халық шығарған көркем шығармалардан орын алған. Халық шығарма мазмұнын есінде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген. Ауыз әдебиетінде халықтың өмірі, тұрмысы жан-жақты қамтылған. Сондықтан әдебиетті **«халық өмірінің айнасы»** деп атаған.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті әр салада дамыған. Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлеріне: *ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, эпостық жырлар (батырлар жыры), лиро-эпостық жырлар (ғашықтық дастандар), айтыс өлеңдер, аңыз*





әңгімелер, тарихи жырлар, тұрмыс-салт жырлары жатады.

Ауыз әдебиеті жазба әдебиетінен бұрын туған. Ауыз әдебиеті де, жазба әдебиеті де көркем туынды болып табылады. Екеуінің де өзіне тән ерекшеліктері бар.

Ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен айырмашылықтары:

1. **Ауыз әдебиеті – ұжымдық шығарма.** Ауыз әдебиеті шығармаларының белгілі, нақты авторы жоқ. Жазу болмағандықтан, алғашқы шығарушылары ұмытылып қала берген. Бұған көшпелі өмір салты да ықпал еткен.
2. **Ауыз әдебиеті – көпнұсқалы шығарма.** Шығармалар ауыздан-ауызға тарау арқылы өзгерістерге ұшыраған. Айтушылар өздерінің өзгертулерін енгізіп отырған. Осыған байланысты олардың әртүрлі нұсқалары болған. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қобыланды батыр» және тағы басқа жырлардың бірнеше нұсқалары бар.
3. **Ауыз әдебиеті шығармаларында қайталаулар, тұрақты ұйқастар, қалыптасқан дағдылы сөздер жиі кездеседі.** Мысалы, қазақ ертегілерінің басым көпшілігі:

Ерте, ерте, ерте екен,  
Ешкі жүні бөрте екен,  
Қырғауылы қызыл екен,  
Құйрық жүні ұзын екен, –

деген жолдармен басталады да, «Барша мұрат басына жетіпті, сақалы сирағына жетіпті», «Мұратына жетіпті» деп аяқталады.

4. **Ауыз әдебиеті – синкретті өнер.** Яғни, ауыз әдебиетінде бірнеше өнер түрлері бірлесе көрінеді. Бір шығармада ән де, айтыс та, жұмбақ та, баяндау да кездесуі мүмкін.

Қазақ халқының халық ауыз әдебиеті – бай, асыл қазына. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен таныстырады, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.

### Зергер сөз

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бірі – халықтың ауыз әдебиеті.  
«Қазақ фольклоры»

### CD 02

Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?

### Түйін

Ауыз әдебиеті ауызша шығып, кейінгі ұрпаққа ауызша айту арқылы жеткен. Елдің тарихы, өмірі, тұрмысы, салты, өнері, арманы аңыз әңгімелерде, ертегілерде, жыр-дастандарда кеңінен бейнеленген. Ауыз әдебиетін шығарушылардың аты-жөндері бізге белгісіз, сондықтан оны «халық ауыз әдебиеті» деп атаймыз.



## Артық болмас білгенің

Халық ауыз әдебиеті ғылымда «фольклор» деп аталады. Ол «халық даналығы» деген ұғымды білдіреді. Фольклор дүниежүзі халықтарының бәрінде бар. Халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайды. «Фольклор» терминін қолданысқа алғаш рет 1846 жылы ағылшын ғалымы У.Томс енгізген.

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



## Кітапсүйерлер үшін

Қазақ ауыз әдебиеті туралы «Қазақ ұлттық энциклопедиясынан», «Қазақ әдебиетінің тарихы» топтамасынан, <https://kk.kz> сайтынан оқып алыңдар. Ауыз әдебиетінің ерекшеліктері туралы ой бөлісіңдер.

1

Білу

1. Ауыз әдебиеті ғылымда қалай деп аталады?
2. «Фольклор» қай елдің сөзі?
3. «Фольклор» сөзі қазақ тіліне аударғанда қандай мағынаны білдіреді?
4. Фольклор қашан туған?
5. Ауыз әдебиеті шығармалары біздің заманымызға дейін қалай жеткен?
6. Ауыз әдебиетінде халық өмірі қалай бейнеленген?
7. Әдебиетті халық қалай атаған?
8. Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлеріне не жатады?
9. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен қандай айырмашылықтары бар?
10. Халық ауыз әдебиетінің маңызы қандай?

2


Түсіну

1. Неліктен ауыз әдебиеті біздің дәуірімізге дейін жеткен?
2. Неге ауыз әдебиетін «халық өмірінің айнасы» дейді?
3. Неліктен ауыз әдебиетін бай, асыл қазына дейміз?
4. Ауыз әдебиетінің ұжымдық шығарма болып табылу себебі неде?
5. Неліктен ауыз әдебиеті көпнұсқалы шығарма?
6. Ауыз әдебиеті – синкретті өнер. Неліктен?
7. Не үшін ауыз әдебиетін қастерлеп, сақтауымыз керек?

3

## Талдау

Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін «Венн диаграммасы» арқылы салыстырыңдар.



4

## Жинақтау

«Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген тақырыпта әңгімелеудің тірек сызбасын құрыңдар.

5

## Қолдану

1. Халық ауыз әдебиеті туралы мәтінді бірнеше бөлікке бөліңдер. Әр бөліктен маңызды деген мәліметті, түсінікті жазып алыңдар.
2. «5 W» тәсілін қолданып, тақырып мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастырыңдар. «Кім?» («Who?»), «Не?» («What?»), «Қайда?» («Where?»), «Қашан?» («When?»), «Не үшін?» («Why?») деген сұрау есімдіктерін қолданыңдар.
3. Қазақ халық ауыз әдебиеті, оны жинау мен зерттеу жұмыстары, зерттеуші ғалымдар туралы қосымша мәліметтер қорын жинаңдар. [wikipedia.org](http://wikipedia.org), [el.kz](http://el.kz) және т.б. сайт материалдарын пайдаланыңдар.
4. PowerPoint программасын қолданып, халық ауыз әдебиетінің өздеріне ұнайтын түрі туралы тұсаукесер дайындаңдар.

6

## Баға беру

Халық ауыз әдебиетінің қандай түрлері қазіргі заманда қолданылады деп ойлайсыңдар? Ауыз әдебиетінің қазіргі өмірде маңызы қандай? Мысалдар келтіріңдер.

## Диалог құру



Халық ауыз әдебиеті туралы түсініктеріңді диалог арқылы көрсетіңдер.



Ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан саласының бірі – ертегілер. Өздерің сүйіп тыңдайтын, іздеп жүріп оқитын ертегілердің түрлері, олардың ерекшеліктері туралы біліп алайық!

## ЕРТЕГІЛЕР

### Естеріңе түсіріңдер:

Ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?

Ертегілер туралы не білесіңдер?

Қандай ертегілерді оқыдыңдар?

### Меңгерілетін білім:

Ертегілер дегеніміз не?

Ертегілердің қандай түрлері бар?

Ертегілер қандай тақырыптарға жазылған?

Ертегілер – өте ерте заманда пайда болған ауыз әдебиетінің ең көне жанры. Ертегі – қиялдан туған шытырман оқиғалы, қызықты әңгіме. Ертегілерден халқымыздың дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, нанымы мен сенімін танып-білеміз.

Қазақ ертегілері өзінің тақырыбы мен мазмұнына байланысты *қиял-ғажайып ертегілер*, *хайуанаттар туралы ертегілер*, *шыншыл ертегілер* болып бөлінеді.



*Қиял-ғажайып ертегілердің* оқиғасы қиялға, фантазияға құрылады, өмірде болмайтын нәрселер туралы баяндалады. Кейіпкерлері қиялдан туған жалмауыз, жезтырнақ, мыстан кемпір, алып дәу және олармен күресетін батырлар болып келеді.

Қиял-ғажайып ертегілер адамдардың арманы мен қиялын танытады, болашаққа деген сенімін білдіреді. Ертегі кейіпкері арманына жету жолында кездескен барлық кедергіні ақылымен, айласымен, достарының көмегімен жеңіп отырады. Қиял-ғажайып ертегілерге «Керқұла атты Кендебай», «Ер Төстік», «Алтын сақа», «Тас болған шаһар» және т.б. ертегілер жатады.



*Хайуанаттар туралы ертегілердің* кейіпкерлері – үй жануарлары, құстар мен аңдар. Хайуанаттар туралы ертегілерден халық солардың мінез-құлықтары арқылы адам бойындағы жақсы мен жаманды танып-білген. Мысалы, түлкі – қу, айлакер; қоян – қорқақ, әлсіз; арыстан – күшті. Хайуанаттар туралы ертегілерге «Арыстан, қасқыр, түлкі», «Аю, түлкі және арыстан», «Түлкі мен ешкі» және т.б. жатады.



*Шыншыл ертегілер* – қазақ ертегісінің ең көп тараған түрі. Шыншыл ертегілердің кейіпкерлері – қарапайым еңбек адамдары. Хан, бай, молда шыншыл ертегілерде жағымсыз кейіпкерлер болып келеді. Бұл ертегілерде қарапайым адам мәселесі сөз болады. Адамның ақылы мен айласы жауыздықты жеңеді. «Аяз би», «Айлалы тазша», «Дүмше молда» және т.б. шыншыл ертегілерге жатады.



Шыншыл ертегілердің бір саласы *тұрмыс-салт ертегілерінде* қойшы, малшы, бақташылардың тұрмысы суреттеледі. Бұл ертегілерде өмірде болатын немесе болмайтын жағдайлар араласып отырады. Тұрмыс-салт ертегілеріне «Бозінген», «Арыстан мен кісі», «Аю, түлкі және қойшы» сияқты шағын ертегілер жатады.

Ертегілер ауызша айтуға құрылғандықтан, тілі көркем, қарапайым, түсінікті, жеңіл келеді. Ертегілердің дәстүрлі бастамасы, дамуы, шешуі болады. Қазақ ертегілері көбінесе:

Ерте, ерте, ерте екен,  
Ешкі жүні бөрте екен... –  
деп басталады. Немесе:



**Түйін**

Ертегі – халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Ертегі – қиялдан туған шытырман оқиғалы, қызықты әңгіме. Ертегі түрлері: қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы, шыншыл. Ертегілердің дәстүрлі бастамасы, дамуы, шешуі болады. Ертегіні айтушы адамды ертекті деп атаған.

Баяғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Есте жоқ ескі заманда, –  
деген сөздермен басталады. Ертегінің аяғында:

Барша мұрат басына жетіп,  
Сақалы сирағына жетіп,  
Бір жан өтіпті, –  
немесе: «Сөйтіп, олар мақсатына жетіпті, ел-жұртын жинап, үлкен той жасапты» деп аяқталады.

Ертегіні айту да – өнер. Ертегіні мазмұндамайды, ертегі дәстүрімен айтады. Ертегіні айтушы адамды *ертекті* деп атаған. Олар ертегілерді ауыздан-ауызға таратушылар болған.

Жас достар, ертегі мазмұны арқылы халықтың өз өмірлерін жақсарту жолындағы арман-тілектерін, тамаша қиялдарын білумен қоса, өздерің де қиялдауға, армандауға үйренесіңдер. Ертегінің көркем де жеңіл тілі қиялдарыңа қанат бітіріп, армандарыңды асқақтатады, ізгі істерге құлшындырады. Шешен сөйлеуге, ойларыңды әдемі баяндауға үйретеді. Ертегі сендерді небір құпия сырлар әлеміне жетелеп, сан түрлі кереметтермен таныстырады. Халық ертегілерін сүйе біліңдер, сүйсіне оқыңдар. Одан тіл үйреніңдер, мәнін, мазмұнын аңғарыңдар, тағылым алып, жақсы қасиеттерін бойларыңа сіңіріңдер!

**Кітапсүйерлер үшін**

Ертегілер туралы «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан, «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығынан, «Бабалар сөзі» топтамасынан оқып алыңдар. Ертегілердің маңызы туралы баяндама жасаңдар.

**1****«Білу»**

1. Ертегілер қай кезде пайда болған?
2. Ертегі дегеніміз не? Ертегілердің қандай түрлері бар?
3. Ертегілер мазмұны мен тақырыбына байланысты қалай бөлінеді?
4. Ертегілерден нені танып-білеміз?
5. Қиял-ғажайып ертегілерінде не туралы баяндалады?

6. Хайуанаттар туралы ертегілердің кейіпкерлерін білесіңдер ме?
7. Шыншыл ертегілердің кейіпкерлері кім?
8. Шыншыл ертегілерде қандай мәселе сөз болады?
9. Тұрмыс-салт ертегілерінде не суреттеледі?
10. Ертегілердің құрылысы туралы не білдіңдер?
11. Ертегі айтушы адамды кім деп атаған?

2

«Түсіну»

1. Неліктен «Ертегі» ауыз әдебиетінің ең көне жанрына жатады?
2. Ертегінің қызығушылық тудыру себебі неде?

3

«Талдау»


1. Ертегі түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңдар.
2. «Венн диаграммасы» арқылы қазақ халық ертегілері мен өзге халық ертегілерін салыстырыңдар.



4

«Жинақтау»

Мәтіннің негізгі ойын білдіретін түсініктерді сызба арқылы топтастырыңдар.



5

«Қолдану»

1. Мәтінді мазмұндаудың жоспарын құрып, айтып беріңдер.
2. «Ертегі» сөзінің анықтамасын «Әдеби терминдер сөздігінен», «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен» тауып жазыңдар.

3. Ертегілер туралы қызық мәліметтер қорын жинаңдар. *Youtube.com, referat.kz, el.kz* сайт материалдарын пайдалануға болады.
4. Қалауларың бойынша өз ертегілеріңді құрастырып көріңдер.
5. «Синквейн» стратегиясын қолданып, «ертегі» сөзімен бесжолды өлең құрастырыңдар:
  - 1-жол: Тақырыптың атауы (зат есім).
  - 2-жол: Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).
  - 3-жол: Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).
  - 4-жол: Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.
  - 5-жол: Тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.
6. *kitar.kz, uvision.kz* сайттарындағы ертегілер мазмұнымен танысыңдар. Бір-біріңе ертегі айтып беріңдер.

## 6

## «Баға беру»

1. Ертегілердің қандай маңызы бар? Ой бөлісіңдер.
2. Қандай тақырыптарға ертегілер әлі құрастырылған жоқ деп ойлайсыңдар?
3. Ертегі құрастыру үшін қандай білім керек? Ертегінің адамдарға әсер ету күші қандай болған?
4. Орыс педагогі А.В.Сухомлинскийдің: *«Ертегі – халық мәдениетінің рухани байлығы, оны тану арқылы бала туған халқын жүрегімен танып-біледі»*, – деген даналық ойын қалай түсінесіңдер?
5. Ертегі туралы пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.
 

*Бірінші сөйлем:* «Менің ойымша, ...»

*Екінші сөйлем:* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

*Үшінші сөйлем:* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

*Соңғы сөйлем:* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»





Енді сендермен ертегілер әлеміне аяқ басамыз. Әрбір ертегінің өз құпиясы бар. Сол құпияны ашуға тырысайық! Ендеше, берілген ертегіні мұқият, зейін қойып оқыңдар.

## Керқұла атты Кендебай

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанғап деген бір кедей болыпты. Қазанғап құс атып, күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен, осылай өз күндерін өздері көріп жүре беріпті. Күндерде бір күн Қазанғаптың әйелі жүкті болып, ай-күні жақындапты. Күн өткен сайын әйелдің аяғы ауырлай беріпті. Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда, әйел толғатып, босаныпты. Торсық шеке, аппақ ұл туыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетіпті, баласына Кендебай деп ат қойыпты.

Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан атып, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарық болыпты да қалыпты.

Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстап алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті. Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып, өліпті де қалыпты. Кендебай қасқырдың терісін сойып алып, биенің қасына келсе, бие жанталасып өлгелі жатыр екен. Кендебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп, құлынын суырып алыпты. Арыстай еркек құлын екен. Кендебай құлынды үйіне алып келіп, оны құланның сүтімен асырапты. Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Кендебай Керқұланы үйретіп мініп,

### Естеріңізге түсіріңдер:

Ертегі дегеніміз не?  
Ертегілердің қандай түрлерін білесіңдер?

### Меңгерілетін білім:

«Керқұла атты Кендебай» ертегінің қай түріне жатады?

Керқұла атты Кендебай қандай ертегі кейіпкері?

CD 03



Кел, балалар, келіңдер,  
ертегіні тыңдаңдар!

### Сөзмаржан



**Кер** – үлкен, алып, ұлы деген ұғым.

**Құла** – сары мен жиреннің арасындағы жылқы түсі.

**Торсық шеке** – кең маңдайлы.

**Құлан** – есектен сәл үлкенірек, жылқы тектес тағы аң.

**Құралай** – киіктің төлі, лағы.

**Алты кез** – 71,12 см-ге тең ұзындық өлшемі.

түн қатып жүріп, аң аулапты. Құла құса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты. Кендебай Керқұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты. Кендебай осылай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты, жатсынуды сүйемпті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты.

Күндерде бір күн Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Жолда қозы бағып жүрген бір балаға кездесіпті. Бала еңіреп, жылап жүр екен. Кендебай жетіп келіп:

– Көзің жасты, көкірегің қайғылы неткен жансың? – деп сұрапты.

Баланың басы таз, киімі өрім-өрім екен.

– Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың? Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын! – деп жылап қоя беріпті бала.

– Не болды? Жөндеп айтшы, – деп сұрапты Кендебай. Бала көзінің жасын көл қылып, ауыр бір күрсініп алып, былай деп жауап беріпті:

– Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл, елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқанда әкемді жау әскері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып, жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдына өңгеріп, жөнөп берді. Мен жетім қалдым. Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым. Ернім жалақ, басым таз болды. Содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы. Мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды.

– Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп, тауып берейін, – дейді Кендебай. Бала қуанып кетеді.



## Сөздің көркі – мақал

Мейірімділік – жүректен,  
Мейірімсіздік – білектен.

## Зергер сөз

Ертегі алдымен бол-  
жаушылыққа үйретеді;  
деректерді күнібұрын  
сәуегейшілікпен айту –  
біздің ойымыздың мей-  
лінше шеберлігі.

*М.Горький*

– Онда біздің қойшылардың қасына екі-үш күн жатып, тынығыңыз, содан кейін жүрерсіз, – деп өтінеді. Кендебей мақұл деп, қойшылардың қасына барып түседі. Атып алған құландарын асып, тамақ пісіреді. Кешке басқа қойшылар келеді де, манағы қозышы бала келмейді, әрі күтеді, бері күтеді. Кендебайдың көзі ұйқыға бара бергенде аһілеп-уһілеп қозышы келеді.

– Неге кешіктің? – деп сұрайды Кендебай.

– Жай, ішім ауырып қалды, – дейді бала.

Бала таңертең қозысын өріске айдап кетеді. Кешке басқа қойшылар келгенде, манағы қозышы тағы да келмейді. Кендебай өзі іздеп барып, талып жатқан баланы тауып алады. Бала есін жинағаннан кейін Кендебай мән-жайды сұрайды. Бала жөнін айтпайды. Содан кейін Кендебай балаға ашуланады. Сонда қозышы бала айтады:

– Кешеден бері күн батқан кезде алты аққу төбемнен айналып ұшады да:

Кендебай сал мұнда ма?  
Керқұла аты қолда ма?  
Бауда нұры балқи ма?  
Балақ жүні шалқи ма? –  
деп сұрайды. Мен тұрып:

Кендебай сал мен едім,  
Керқұла атым қолда еді.  
Бауда нұрым балқиды,  
Балақ жүнім шалқиды, –  
деп жауап беремін. Олар мені қанаттарымен қағып, жығып кетеді. Мен талып түсем, – деп жауап береді. Үшінші күні қозышы баланың киімін киіп, қозыны бағуға Кендебай өзі шығады. Күн батып, қас қарайған кезде баяғы алты аққу Кендебайдың төбесінен айналып ұшып, жақындап келеді де:

Кендебай сал мұнда ма?  
Керқұла аты қолда ма?  
Бауда нұры балқи ма?  
Балақ жүні шалқи ма? –  
деп сұрайды. Керқұла атты Кендебай қозышы бала болып:

Бауда нұрым балқиды,  
Балақ жүнім шалқиды, –  
деп жауап береді.



 Сөздің көркі – мақал

Жүйрік ат – бірде ат,  
бірде қанат.



## Сөзмаржан

**Сал** – сәнді киініп,  
ерекше жүретін сері,  
мырза.

**Жортуыл** – тонау, ұрлау,  
шабуылдау мақсатымен  
жорыққа, жортуылға  
шығу.

**Жалақ** – желқақты болып  
жалана бергеннен пайда  
болған еріндегі жара.

**Пұл** – ақша, теңге.

**Дат** – көне. Тіленіш,  
өтініш айту мағынасын  
білдіретін қаратпа сөз.

 Сөздің көркі – мақал

Ер сүрінбей, ел танымас,  
Ат сүрінбей, жер танымас.

Сонда аққулар ашуланып, Кендебайды қанаттарымен қағып, сабай бастайды. Кендебай біреуінің аяғынан шап беріп ұстай алады. Аққулар ұша жөнеледі. Кендебайдың қолында біреуінің алтын кебісі қалып қояды. Байқап қараса, кебістің бетінде жазу бар екен. Кендебай басқа аққуларды бірнеше күн күтеді. Бірақ олар келмейді. Содан кейін Кендебай қойшылармен қоштасып, үйіне қайтады. Ата-анасына бір жылдық азық дайындап беріп, сауыт-сайманын киініп, жау-жарағын асынып, азығына алпыс құлынның қазысын алып, баяғы жетім баланың әке-шешесін іздеуге шығады.

Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады. Айлық жерді алты-ақ аттайды. Көз ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді көл, дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді.

Сонымен, Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тірескен бір биік тау көреді. Таудың етегіне келгенде Керқұла атқа тіл бітіп сөйлейді: «Достым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес. Біреуі емес, екеуі де осыннан табылады. Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Ол аралда адам перісінің ханы тұрады. Сенің қолтығыңдағы алтын кебіс – осы хан қызының кебісі. Баяғы қойшы баланың әке-шешесі де осы ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зынданның аузы құлыпты. Оның кілті қолға түспейді. Ол кілт алпыс өзен құйылған терең дарияның түбінде жатыр. Адам баласы оның түбіне жете алмайды. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол – жорықта қолға түскен адам, қазір ханның құлы. Сен сол адамға бар да, жолына жетерлік пұл бер. Оның киімін өзің ки де, өзіңнің киіміңді оған кигіз. Сөйтіп, әлгі адамды азат ет те, өзің сиырды бағып қал. Қазір құйрығымнан бір тал қыл ал да, мені қоя бер, сауыт-сайман, құрал-жабдықтарыңды менің үстіме сал. Әзірге саған менің де, құралдың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайын боламын. Ендігі әңгімені барған соң көрерсің», – дейді. Кендебай Керқұла аттың құйрығынан бір тал қыл жұлып алады да, қоя береді. Оның айтқанының барлығын істейді. Малшыны азат етеді. Жолына пұл береді. Оның киімін киіп, сиырды өзі бағып қалады. Кешке жақын өзеннен айдап өткізейін десе, сиырлар суға

түспейді. Кендебай ашуланып кетіп, сиырларды сирағынан ұстап алып, бір-бірлеп лақтыра бастайды. Лақтырған сиырлар өзеннің ортасындағы аралға топырлап түсіп жатады. Сол кезде ханның кіші қызы судың арғы жиегінде қарап тұр екен.

– Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды. Неге күндегідей: «Айырылғырдың суы айырыл!» деп айтпайсың? – деп айғай салады. Кендебай: «Айырылғырдың суы айырыл!» – деп еді, өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады. Сөйтіп, Кендебай мал бағып жүре береді.

Күндерде бір күн хан өзінің екі баласын шақырып алып:

– Бүгін қара бие құлындайды. Бұл – тоғызыншы құлындауы. Құлындаған күні түнде құлын жоқ боп кетеді. Бүгін осы биені өздерің күзетіңдер. Не болғанын көздеріңмен көріңдер, – дейді. Мұны Кендебай естіп тұрады. Кешке ханның екі баласы биені күзетуге барғанда, Кендебай да жасырынып барып

отырады. Біраздан кейін ханның екі баласы қорылдап ұйықтап қалады. Кендебай ұйықтамай отыра береді.

Таң біліне берген кезде, бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Сол кезде аспаннан бір бұлт түйіліп келеді де, құлынды көтеріп алып жөнеледі. Кендебай шап беріп, құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлынып қала береді. Кендебай алтын құйрықты қойнына тығып, ұйықтап қалады. Ертеңіне таңсәріден хан екі баласын шақырып алып, не көргендерін сұрайды. Балалары тұрып:

– Бие құлындаған да жоқ, еш нәрсе болған да жоқ, – деп жауап береді.

Хан тағы да таңғалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп:

– Дат, тақсыр! – дейді.

– Датың болса, айт! – дейді хан ақырып.

– Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны өтірік. Бұларға көрінбей мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз



### Сөздің көркі – мақал

Ерлік білекте емес,  
жүректе.



### Сөзмаржан

**Жәдігөй** – көзбояушы, сиқыршы, азғырушы, өзезіл.

**Самұрық** – мифологиялық ұғым бойынша бүркіт атаулының ең зоры.

**Батпан** – салмағы 4-тен 16, кейде 12 пұтқа дейінгі өлшем.

### Сөздің көркі – мақал

Нартәуекел – ердің ісі.

ұйықтап қалды. Таң алдында бие бір алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір бұлт түйіліп келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен құс құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді, – дегенде, сөздің аяғын күтпей:

– Құйрық қайда? – дейді хан.

– Тақсыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айтпаймын ғой, міне, құйрық, – деп Кендебай құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді. Ханның балалары ұялып, жерге қарайды.

– Қазір үшеуің іздеп шығып, құсты да, құлынды да тауып келіңдер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмендер! – дейді хан.

Кендебай өзеннен өтіп алып, құйрықтың қылын тұтатқан кезде Керқұла ат жетіп келеді. Құла атты мініп, қару-жарақты іліп, сауыт-саймандарды киіп алып, Кендебай жөнөп береді. Бір жерлерге келгенде ат тағы тоқтайды да, Кендебайға: «Анау – жалыны аспанға шығып жатқан от дариясы. Сенің баратын жерің сол дарияның ар жағында. Қазір көзіңді жұм. Мен аш дегенше ашпа. Көзіңді ашсаң, екеуміз де өлеміз», – дейді. Кендебай көзін жұмады. Сонымен ұша береді, ұша береді. Бір кезде ең әуелі ыстық лепті, одан кейін ысылдаған желді сезеді. Талай уақыт өткеннен кейін: «Аш көзіңді!» – дейді Керқұла ат. Кендебай көзін ашып жіберсе, үлкен дарияның ортасындағы аралға келіп түскен екен. Аралда алтын құйрықты сегіз құлын, құйрығы жоқ бір құлын алтын науадан су ішіп тұр екен. Керқұла атқа тағы да тіл бітіп: «Аспанмен тірескен анау бәйтеректің басында самұрық құстың ұясы бар. Ол алты айда бір рет азық іздеп кетеді де, он бес күнде кері айналады. Қазір ол азық іздеуге кетіпті, оның қайтып келуіне әлі алты күн бар. Біз оның қолына түспес үшін алты сағатта алты айлық жол алуымыз керек. Менің үстіме мін де, алтын науаны алдыға өңгер. Құлындар алтын науадан қалмай, біздің соңымызға ереді де отырады. Біз құлындарды соңымыздан ертіп отырып, манағы от дариясынан тікелей өте алмаймыз, айналып жүруіміз керек. Біздің келердегі қысқа жолымыздың кетерде алыс болып отырғаны да сол. Бұл жолымызда үш бөгет бар. Ең әуелі жеті басты дәу кездеседі, содан соң ақырған арыстанға жолығамыз, соңынан жәдігөй кемпір байланысады.

Ал, уақыт оздырмай жүрейік», – дейді. Кендебай алтын науаны Керқұла атқа өңгеріп алып, жөнөп береді. Барлық құлын оның соңынан ереді. Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып бұларға қарай жақындап келеді. Бұл жеті басты дәу еді. Кендебай алтын науаны жерге қояды. Құлындар науаға иіріліп тұра қалады. Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың бар шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып өтіп бара жатып, салып кетеді. Дәудің бір басы ұшып түседі. Кейін қарай шауып, тағы соғып өткенде, екінші басы ұшып кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп,

жеті рет соққанда жеті басы бірдей ұшып, дәу омақаса құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып, қоржынына салып алады. Кендебай қайтып келіп, алтын науаны өңгеріп, құлындарын ертіп, жүріп кетеді. Екпініне шаң ілеспей, әйт дегенде, алты қырдан бір-ақ асып, Керқұла ат зымырап келеді. Бір кезде алыстан арыстанның ақырған дауысы естіледі. Кендебай бұл жолы Керқұла атты құлындардың қасына қаңтарып тастап, дауыс шыққан жаққа жаяу жүре береді. Ілгері екі-үш аттағанда, бір леп Кендебайды тартып ала жөнеледі. Бір уақытта Кендебай арыстанның апандай аузын көреді. Тартып жатқан соның лебі екен. Кендебай алты құлаш





### Артық болмас білгенің

Самұрық – қазақ мифологиясындағы екі дүние арасындағы дәнекер болатын қыран тәрізді алып құс. Самұрық құсы әлемдік ағаштың (Бәйтерек) шыңында тұрады. Аңыз бойынша Самұрық өлгенімен, қайта тіріле алады. Өлгенде де, тірілгенде де от болып жанады.

*wikipedia.org*

### Сөздің көркі – мақал

Ер қанаты – ат.



### Сөзмаржан

**Алмас қылыш** – тиген жерін кесіп түсетін өткір қылыш.

**Жорықшы** – жорыққа аттанушы, сапарға шығушы.

алмас қылышын көлденең ұстай қояды. Алмас қылыш арыстанды екіге бөліп, Кендебайды ар жағына бір-ақ түсіреді. Кендебай арыстанның азуын қағып алып, тағы жүріп кетеді. Талай белестер, талай таулар бұлдырап артта қалып барады. Бір кезде жер-дүниені қапқара тұман басып кетеді. Тек алтын құйрықтың сәулесі ғана бұлардың жолын жарық қылып көрсетіп тұрады. Сол екі арада қараңғылық серпіліп жүре бергенде, сылаңдаған бір сұлу қыз шыға келеді. Кендебай атынан түсіп, қызға қарсы жүреді. Қыз мұның бетіне ұзақ қарайды да:

– Ұзақ жүріп шаршаған шығарсыз, ордама жүріп, тынығып кетіңіз, – дейді. Жәдігөй кемпірдің қыз болып қарсы алатынын, оның ордасына кірген кісі кері шықпайтынын Керқұла ат айтқан болатын.

– Шаршағаным рас. Демалуға қарсы емеспін, бастаңыз, – дейді Кендебай. Қыз алға түсіп аяндай бергенде, Кендебай алмас қылышын сермеп кеп қалады. Алмас қылыштан от жарқ ете түседі де, дүниені тағы да тұман басып кетеді. Тұман сейілгенде қыздың орнында екі бөлінген кемпір жатады. Кендебай кемпірдің басын кесіп, қоржынға салып алады. «Бұл кемпірдің қарамағындағы жерден ұшқан құс, жүгірген аң өте алмайтын. Кемпірдің өлгенін қазір ешкім білмейді. Сондықтан бұл жерге самұрық келмейді. Осы жерде үш-төрт күн демалайық», – дейді Керқұла ат. Кендебай сол арада үш-төрт күн тынығып, кемпірдің асыл қазынасын жинап алып, Керқұла аттың алдына алтын науаны өңгеріп, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне жетеді. Хан қуанып, үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай, сандалып, мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып, азып-тозып, ханның екі баласы келеді. Хан Кендебайды төрге отырғызып, оның аты-жөнін сұрайды.

– Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым – Кендебай, ел мені «Керқұла атты Кендебай» деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін... Намыс іздеп жүрмін, рұқсат болса айтайын, – дейді Кендебай.

– Айт, айт, балам! – дейді хан.

– Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып, малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Міне, сол батырды босатып әкетпек болып келдім. Бұл – бірінші. Екінші жоғым мынау: бір күні малда жүргенімде аспандап



ұшқан алты аққудың алтын кебісі менің қолымда қалды. Сол алтын кебіс сіздің елдікі дейді. Соны табыс еткелі келдім, – деп, Кендебай алтын кебісті ханға ұсынады. Хан:

– Дұрыс, балам! Сіздің елдің малын айдатып, батырын байлатып алдырғаным рас. Мергенбай батыр әйелімен екеуі біздің қолда. Зынданда жатқан Мергенбай батырға: «Маған қызмет етсең, босатам», – деп елші жіберіп едім, қарысқан батыр екен. «Жауыма қызмет істемеймін. Бірақ, қол-аяғымды босатсаң, содан кейін сөйлесем», – деп, қарысып жатып алды. Босатуға қорықтық. Ондағы мақсат: сені қолға түсіру еді. Сенің атағың бізге де мәлім. Сені алдыртып, құлынымды қоймайтын алып құсқа жұмсамақ едім. Өзім іздеп таба алмаған соң, намысы болса, іздеп келер деп, еліңді шаптырып, батырыңды байлатып алдыртқан едім. Одан кейін де екі жылдай келмедің, содан соң алты қызым сені іздеп барған болатын. Бұл – менің кіші қызымның кебісі. Енді сенің алдыңа қоятын тағы бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар, жалмауыз кемпір бар. Осы үшеуін өлтіріп, бастарын алып кел. Осыны орындасаң, батырыңды босатып беремін, малыңды өзіңе қайтарамын. Кіші қызымды беріп, күйеу етемін, – дейді. Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның азуын, кемпірдің басын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына төгіп тастайды. Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді. Шауып алған малын қайтарып береді.

Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады. Кендебай елдің малын айдап келіп, иелеріне табыс етеді. Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді. Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп, бұл ел «Керқұла атты Кендебай батырдың елі» болып атаныпты.



Кітапсүйерлер үшін



«Қазақ ертегілері» топтамасынан өздеріңе ұнаған ертегілерді оқыңдар, ертегі кейіпкерлерінің галереясын жасаңдар.

1

Білу

1. Қаратаудың етегінде, Қарасудың бойында кім өмір сүреді?
2. Қазанғап баласын қалай атады? Ол қалай өседі?
3. Кендебай еліне қандай пайда келтіреді?
4. Кендебай аң аулап жүріп, тау етегінде жолыққан буаз биені неден арашаламақ болады?
5. Құлынды немен асырайды, ол қалай өседі?
6. Ел Кендебайды қалай атайтын болды?
7. Кендебай аң аулап жүріп, кімге жолығады?
8. Қойшы бала неге сонша жүдеп, қайғыдан қан жұтып жүр?
9. Кендебай қандай шешім қабылдайды?
10. Керқұла атқа тіл бітіп, иесіне не айтты?
11. Кендебай аралдағы хан еліне кім болып барады?
12. Хан екі ұлына не айтты? Оны кім естіді?
13. Түнгі күзетке кімдер шықты? Түнде қандай оқиға болды?
14. Ертеңіне хан ұлдары әкесіне не деп жауап берді?
15. Кендебай ханға келіп қандай дат айтты?
16. Хан ұлдары мен Кендебайды қайда жұмсайды?
17. Кендебайға көмекке не келді?
18. Алдынан көрінген тау кім болып шығады? Оны қалай жеңеді?
19. Кендебай ақырған арыстанды қалай жеңеді?
20. Хан ордасына алтын құйрықты құлынды кім алып келеді?
21. Той үстінде Кендебай ханға қандай өтініш айтты?
22. Хан жауабы қандай болды?
23. Кендебай қойшы балаға берген уәдесін орындады ма?
24. Бұл ел енді қалай аталыпты?

2

Түсіну

1. Неліктен Кендебай буаз биенің қарнын жарып, құлынын алады?
2. Неге Кендебай қойшы баланың ата-анасын іздеп шығады?
3. Керқұла атқа тіл біткенін қалай түсінесіңдер?
4. Кендебайдың жеті басты дәу мен ақырған арыстанды жеңуі нені білдіреді?
5. Неліктен «Керқұла атты Кендебай» ертегісі қиял-ғажайып ертегілер түріне жатады? Қиял-ғажайып ертегілеріне тән ерекшеліктерді атаңдар.

3

Талдау

1. Кендебайды ертегі кейіпкерлерімен салыстырыңдар.
2. «Венн диаграмасы» арқылы Кендебай мен Ер Төстікті, Керқұла ат пен Ер Төстіктің аты Шалқұйрықты салыстырыңдар. («Ер Төстік» ертегісі хрестоматияда берілген.)

Кендебай

Ер Төстік

Керқұла ат

Шалқұйрық

CD 04

«Ер Төстік» ертегісінің  
сыры неде?

4

Жинақтау

Кендебайдың бойындағы асыл қасиеттерді жинақтап, «Кендебай кім? Қандай адам?» деген сұрақ төңірегінде кластер құрыңдар.

Кендебай кім?  
Қандай адам?

5

Қолдану

1. Ертегінің аудионұсқасын тыңдаңдар.
2. PowerPoint программасын қолданып, ертегінің қиял-ғажайыптық сипаттағы оқиғаларының суреттерін салыңдар.
3. Кендебайдың еліне жасаған қамқорлығын, өміріндегі маңызды оқиғаларының тізбегін құрыңдар.
4. Керқұла атты Кендебайды қалай елестетесіңдер? Сипаттап беріңдер. Оқулықтағы суреттер ертегінің қай эпизодтарын бейнелейді?
5. Ертегі мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беріңдер. Қандай мақал-мәтелдер ертегі мазмұнын ашады деп ойлайсыңдар? Мысалдар келтіріңдер.
6. Жылқының қасиеттері туралы не білесіңдер? Топтау сызбасы арқылы көрсетіңдер.
7. Өздеріңді режиссер ретінде сезініп, ертегі мазмұны бойынша кино-сценарий жасаңдар. Әр кадрға атау беріңдер. Ертегі-киноларыңды

қалай атар едіңдер? Ертегі-киноларыңа атау беріп, «Керқұла атты Кендебай» мультфильмімен салыстырыңдар.

8. Ертегі мазмұны бойынша «Қатені тап» ойынын ойнаңдар. Ойын шарты: Үш топқа өз қалауларың бойынша бөлініңдер. Әр топ өз тапсырмасын алады.

**1-топ:** Ертегінің кез келген үзіндісін сурет арқылы беру. Суретте міндетті түрде бір-екі қате болуы керек.

**2-топ:** Ертегіден бір үзіндіні шашыраңқы сөздер ретінде жазу. Сөздерде бір-екі қате болуы керек.

**3-топ:** Ертегі мазмұны бойынша бірнеше сұрақтар құрастыру. Сұрақтарда бір-екі қате болуы керек.

Тапсырмалар жазылып болған соң, топтар тапсырмаларымен алмасады. Олар бір-бірінің қателерін тауып, түзетулері керек. Түзетулерді арнайы параққа жазуға болады.

Топ №	Тапсырмасы	Қателері	Тексерген топ
1-топ			
2-топ			
3-топ			

9. Достар! Ғажайыпқа толы ертегілерді оқыдыңдар, ертегі кейіпкерлерімен таныстыңдар. «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбына өздеріңе ұнаған ертегі мазмұнын суреттер арқылы беріңдер. Суреттеріңді сөйлетіңдер.

10. «Диалог-ертегі» құрастыру ойынын өткізіңдер. Ойынның шарты: Ойынды бастаушы оқушы ойдан шығарып, кез келген бір ертегіні бастайды. Қалған оқушылар басталған ертегіні бір-бір сөйлемнен ары қарай жалғастырады. Ең соңғы оқушы ертегіні ұтқыр шешіммен аяқтауы тиіс. Ертегінің дәстүрлі бастамасы, дамуы, аяқталуы болуы керек.

11. Қандай ертегі кейіпкерімен саяхатқа шығар едіңдер? Неліктен? Өз ертегілеріңді құрастырыңдар, саяхаттың бағдар парағын құрыңдар.

6

Баға беру

1. Ертегіден қандай әсер алдыңдар? Қай жерде бас кейіпкермен бірге сүйіндіңдер? Ойларыңды ортаға салыңдар.
2. Кендебайға мінездеме беріңдер. Кендебайдың еліне деген қамқорлығы туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
3. Кендебайдың тұлпарындай аттар бүгінгі күні кездесе ме?
4. Кендебайдың орнында болсаңдар, сендер не істер едіңдер, қандай шешім қабылдар едіңдер? Қалай ойлайсыңдар, Кендебай дұрыс шешім қабылдады ма, әлде бұрыс па? Ертегінің қай үзіндісі сендерге ұнады?
5. Ертегі мазмұны бойынша қандай қорытынды жасауға болады?

## Диалог құру



Өздеріңе ұнаған ертегі кейіпкерлерімен диалог құрыңдар.

## Әдебиет теориясы



## Сюжет және композиция туралы түсінік

Көркем шығармадағы оқиғалардың рет-ретімен баяндалып, бір-бірімен байланысып, біртұтас желіс құруын **сюжет** дейміз. Кез келген шығармада суреттелетін оқиғаның **басталуы, дамуы, аяқталуы** бар. Оқиғаға қатысты адамдар да үйлесімді әрекеттерге түседі.

Сюжеттің басталуы оның кіріспесі тәрізді: мұнда әдеби қаһармандардың хал-жағдайы, тіршілігі, қоғамдық ортасы, болашақ оқиғалар орны суреттеледі. Бұл – **экспозиция** деп аталады.

**Сюжеттік байланыс** – адамдар арасындағы әрекеттің басы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның туындау себебі. Сюжеттік дамудың ең жоғары сатысы – **шығарманың шарықтау шегі**. Мұнда адамдар арасындағы қимыл-әрекет күшейіп, барлық оқиғалар мен құбылыстар шоғырланады. Шығарма сюжетінің шешуші кезеңі – **шешім**. Бұл – суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі», түрлі тартыстан туған нақты нәтижесі.

Көркем шығармадағы оқиғаның басталуы, олардың байланысы, шарықтау шегі, шешімі **шығарманың құрылысы немесе композициясы** болып табылады.

**Композиция** – (құрастыру) сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін бір жүйеге келтіріп, реттеп, қиыстырып тұратын нәрсе.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы

## Тапсырмалар



«Керкұла атты Кендебай» ертегісінің сюжеті мен композициялық құрылысын анықтаңдар.



Қазақ халқының ертеден келе жатқан әдеби мұрасының бірі – мазмұны бай, тілі шұрайлы, кең өрісті, терең ойлы – батырлар жыры.

## БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

### Естеріңізге түсіріңдер:

Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?

Ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен қандай айырмашылықтары бар?

### Меңгерілетін білім:

Батырлар жыры дегеніміз не?

Батырлар жырының тақырыбы қандай?

### Зергер сөз

Қазақтың батырлар жырының қайсысын алсақ та, бәрінде де ел бірлігі мен Отан қорғау мәселесі бірінші кезекте тұрады. Батырлардың ойы мен арманы, ел мұңы халық тағдырымен ұштасып жатыр.

*М.Ғабдуллин*

Ауыз әдебиетінің кең тараған түрінің бірі – батырлар жыры. Батырлар жыры ерлікті дәріптейді, халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғалары мен тарихта болған адамдардың ерліктерін баяндайды. Бұл жырларды да әуел баста белгілі ақындар шығарған, бірақ жазу болмағандықтан, авторлары ұмытылып, халық игілігіне айналған.

Халық әрқашан батырларын дәріптеген, олар туралы сан түрлі аңыздар туғызып, жырлар жазған, ерен ерлігін ұрпаққа үлгі еткен. Осы батырлар жырын жыршыларымыз ұрпақтан ұрпаққа таратып, біздің заманымызға дейін жеткізген.

Жыршы – жаттап жыр айтушы, ел ішіне таратушы. Жыршы жырау сияқты өз жанынан жыр шығармайды, бірақ эпикалық дастандар мен толғауларды белгілі бір әуенге салып, айлап жырлайтын халық поэзиясының ірі өкілі. Жыршы-жыраулар батырлар жырын ғасырлар бойы қобызға немесе домбыраға қосып, ауыздан-ауызға таратып келген.

*Батырлар жыры – әр батырдың ерекше ерлігін, елі үшін жасаған еңбегін жырлаған өлеңдер.*

Басты тақырыбы – Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елінің тәуелсіздігі үшін күресу. Қазақ батырлар жырында қыпшақ, ноғайлы қазақтары қызылбастарға, қалмақтарға қарсы күреседі. Батырлар жырында батырдың тек ерлігі ғана емес, сонымен қатар оның еліне, жеріне, ата-анасына, туған-туысқандарына, сүйген жарына деген сезімдері, толғаныстары да жырланады. Батыр да – адам. Ол да адамдарша қуанады, қайғырады, бірақ бұл жырдың негізгі тақырыбы емес. Жырдың негізгі өзегі – ел намысын қорғау, ерлік, батырлық.

Құрылысы жағынан батырлар жырының өзіне тән ерекшеліктері бар. Батыр «Құдайдан тілеп алған» біреудің жалғыз баласы болады. Төрт-бес жасында-ақ асқан күштің иесі екені танылады. Кейін өзіне серік

жары мен аты табылып, жасынан ел қамын, жұрт пайдасын ойлайды. Батырларды атса – оқ өтпейді, шапса – қылыш кеспейді, отқа салса – күймейді, суға салса – батпайды. Осындай әсірелеу батырлар жырына ертегілік сарын береді. Батырлар жыры да халық ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша тарағандықтан, көпнұсқалы болып келеді. Кеңінен тараған қазақ батырлар жырына «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Ер Қосай», «Арқалық батыр» және т.б. жатады



## Түйін



Ауыз әдебиетінің кең тараған түрінің бірі – батырлар жыры. Батырлар жырының басты тақырыбы – Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елінің тәуелсіздігі үшін күресу. Батырлар жырын айтушылар да, біздің заманымызға дейін жеткізушілер де – жыршылар.

## CD 05



Батырлар жырының ерекшелігі қандай?

## Артық болмас білгенің



Қазақ батырлар жыры жайында алғаш пікір айтып, зерттеу жүргізген ғалымдар – В.В.Радлов, И.Е.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, Н.И.Ильминский, А.Е.Алекторов, Ә.А.Диваев. Олардың әрқайсысы әр кезеңде болса да, қазақ ауыз әдебиетінің, соның ішінде батырлар жырының молдығын, өзіндік ерекшелігін атап көрсетті. Сонымен қатар олар ел аузынан эпос үлгілерін жинап, хатқа түсіруде, жыр нұсқаларын бір-бірімен салыстырып, баспаға даярлауда, орысшаға аудартып, түсініктер жазуда көп еңбек етті.

«Қазақ әдебиеті». «Батырлар жыры» топтамасынан

## 1

## Білу

1. Батырлар жыры дегеніміз не? Онда не туралы баяндалады?
2. Батырлар жырын айтушылар кімдер?
3. Жыршы кім? Жыршылар батырлар жырын қалай таратқан?
4. Батырлар жырының тақырыбы қандай?
5. Батырлар жырында батырдың ерлігінен басқа тағы не жырланады?
6. Жырдың негізгі өзегі не?
7. Батырлар жырының қандай ерекшеліктері бар?
8. Қазақ халқының қандай батырлар жырын білесіңдер?

2

Түсіну

1. Неліктен батырлар жыры халық игілігіне, әдеби мұраға айналған?
2. Не себепті халық батырлар туралы жырлар туғызған?
3. Неліктен батырлар жырында ертегілік сарын кездеседі?
4. Батырлар жырының көпнұсқалы болып келу себебі неде?

3

Талдау

Батырлар жырын ертегілермен салыстырыңдар. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?

4

Жинақтау

«Батырлар жыры» туралы баяндаудың тірек сызбасын құрып, оны жауаптарыңда пайдаланыңдар.



5

Қолдану

1. Мәтінді бірнеше мағыналық бөліктерге бөліңдер, әр бөліктен маңызды деген мәліметті, түсінікті жазып алыңдар.
2. «Батырлар жыры» туралы мәтін мазмұны бойынша оңай және қиын сұрақтар кестесін құрастырыңдар.

Оңай сұрақтар (жауабы мәтінде бар)	Қиын сұрақтар (нақты жауабы мәтінде жоқ, бірақ аталған тақырыпқа қатысы бар)

3. Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдерді естеріңе түсіріп, жатқа айтыңдар.



6

Баға беру

1. Қалай ойлайсыңдар, бүгінде батырлар жырын айтушылар бар ма?
2. Батырлар жырының маңызы қандай деп ойлайсыңдар? Неліктен?

Кітапсүйерлер үшін



«Батырлар жыры» туралы «Қазақ энциклопедиясынан», «Бабалар сөзі» топтамасынан, [wikipedia.org](http://wikipedia.org), [el.kz](http://el.kz) сайт материалдарынан оқыңдар. Түйген ойларыңмен бөлісіңдер.

Диалог құру



Парталастарыңмен мәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар.



Қазақ халқының мазмұны бай да салалы эпостық дастандарының бірі – «Қобыланды батыр» жыры.

### Естеріңе түсіріңдер:

Батырлар жыры туралы не білдіңдер?

Батырлар жырының негізгі тақырыбы қандай?

### Меңгерілетін білім:

«Қобыланды батыр» жырында қандай оқиғалар суреттеледі?

Қобыланды қандай ерлік істер жасайды?

«Қобыланды батыр» жыры қандай туынды?

### Зергер сөз

Ердің ерлігі – елімен,  
Елдің елдігі – ерімен.  
Ер – ел қорғаны. Сондықтан да халық өз батырларының ерлігін мадақтап, оны жырларына өзек еткен.

*М.Ғабдуллин*

## «Қобыланды батыр» жыры туралы

«Қобыланды батыр» жырының негізгі тақырыбы – ел тәуелсіздігін қорғау, ел қорғаны – батырлардың ерлік істерін мадақтау. Нағыз батыр – өз әкесінің ғана баласы емес, бүкіл елдің баласы. Сондықтан Қобыланды бүкіл қыпшақ елінің перзенті болып суреттеледі. Қобыланды бала күнінен ерекше болып өседі:

...Өзі алты жасында  
Кәмшат бөркі басында,  
Тобылғы торы ат астында,  
Қаршығасы қолында,  
Тазысын ерткен соңында...

Алты жасында атқа мініп, беліне садақ байлайды, күнде киік аулайды, «Ай астындағы теңгені екі бөліп ұшырып», Құртқаға үйленеді.

Қобыланды батыр үйде емес, түзде, далада шынығады. Оны әкесі Тоқтарбайдың Естеміс деген ері баулиды:

Тоқтарбайдың жылқыда  
Тоқсан құлы бар еді.  
Тоқсанының бастығы,  
Естеміс деген ер еді.  
Қобыландыны барғасын  
Естеміс ерің баулиды.

Жырда Қобыландының ерлік істері асқан сүйіспеншілікпен жырланады. Қобыландының Қазанға, Алшағырға жалғыз шабуыл жасауы, Көбіктіні жеңуі, ел тәуелсіздігі үшін басын өлімге тігуі оны шынайы батыр етіп көрсетеді. Батырдың батырлық бейнесін оның сүйген жары Құртқа, әжет қыз Қарлыға, батыр Қараман, жан серігі Тайбурыл толықтырады.




«Қобыланды батыр» жырынан Қобыландының дүниеге келуі, Ай астындағы теңгені қақ бөліп, Қызыл ерді жеңіп, сұлу Құртқаға үйленуі туралы үзінді ұсынылады. Жырдың толық нұсқасы хрестоматияда берілген.

## Қобыланды батыр (жырдан үзінді)

Кешегі өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Қарақыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Тоқтарбай,  
Халықтан асқан болды бай.  
Байлығында есеп жоқ,  
...Бай-кедейдің көңілі жай.  
Қыс қыстауы – Қараспан,  
Қараспан көкке таласқан...  
Сексенге жасы келгенше,  
Бір бала көрмей Тоқтарбай,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Ақылынан адасқан.  
Тоқтарбайдың зарына,  
Қалың Қыпшақ қайысқан.  
Әулие қоймай қыдырып,  
Етегін шеге сыдырып,  
Жеті пірге танысқан.  
Әулиеге ат айтып,  
Қорасанға қой айтып,  
Қабыл болған тілегі,  
Жарылғандай жүрегі.  
Аналықтай бәйбіше,  
Елуге жасы келгенде,  
«Көзімді ашпай дүниеден  
Өтемін бе?» дегенде,  
Сонда көрген арыстан –  
Бір ұл, бір қыз атадан:  
Қыздың аты Қарлығаш,  
Қобыландыға қарындас...  
Алты жасқа келгенде,  
Арыстан туған Қобылан,  
Қазынадан қамқа киеді.  
Өзімнің еншім болсын деп,  
Тобылғы меңді тор атты,

Енші қылып мінеді.  
Қобыландының тілегін,  
Бүкіл Қыпшақ тіледі.  
Өзі алты жасында,  
Кәмшат бөркі басында,  
Тобылғы торы ат астында,  
Қаршығасы қолында,  
Тазысын ерткен соңында,  
Жеті пірге сыйынып,  
Баратұғын жолында,  
Тоқтарбайдың жылқыда,  
Тоқсан құлы бар еді,  
Тоқсанының бастығы,  
Естеміс деген ер еді.  
Естемісті көруге,  
Жылқыға бала жөнелді.  
Жылқыға бала барғасын,  
Баурап малын алғасын,  
Тоқсан құл мен Естеміс,  
Риза тауып қалғасын,  
Қолғанат пен құйрыққа,  
Енді тоқсан кенелді.  
Қобыландыны барғасын,  
Естеміс ерің баулиды.  
Күнде киік аулайды,  
Кездесе жауын жаулайды,  
Жылқыда жатып Қобыланды,  
Екпіні оттай қаулайды.  
Қаршығасы қолында,  
Құмай тазы соңында,  
Естеміспен екеуі,  
Қонып жатса бір тауда,  
Намазшамнан өткенде,  
Құтпан мезгіл жеткенде,  
Құлағына батырдың,



CD 06

«Қобыланды батыр»  
жырының қысқаша  
мазмұны қандай?



CD 07–08

«Қобыланды батыр»  
жырының кейіпкерлері  
қандай?  
«Қобыланды батыр»  
жырының көркемдік  
ерекшелігі қандай?

Бір дауыс кеп шулайды,  
 Арғы астында сол таудың,  
 Бұрқыраған бу шықты,  
 Шуылдаған шу шықты.  
 «Бұл не қылған дауыс?» – деп,  
 Естемістен сұрайды,  
 Айтпасына қоймайды.  
 Сонда Естеміс сөйлейді,  
 Сөйлегенде бұй дейді:  
 «Арғы астында бұл таудың,  
 Қызылбастың елі бар,  
 Жасыл байтақ жері бар,  
 Айдынды шалқар көлі бар,  
 Көктім Аймақ ханы бар,  
 Неше мың сан жаны бар.  
 Қанша жиған халқына,  
 Көрсетіп тұрған сәні бар.  
 Құртқа деген қызы бар,  
 Жұртына жайған назы бар.  
 Ай астына аспанға,  
 Құрды бақан қақтырып,  
 Алтын теңге аттырып.  
 Теңгені атып түсірген –  
 Құртқаны сұлу сол алар.  
 Соның даусы бұл дауыс,  
 Көптен шыққан бұл хабар.  
 Көңілің ауып, шырағым,  
 Бұған болма ынтызар.  
 Шарға салып басыңды,  
 Бола көрме сен құмар».

Қанша айтса да Естеміс,  
 Барғысы келді баланың,  
 «Түсірем, – деп, – атып дәл,  
 Кәміл пірлер болса жар».

Естеміс тағы сөйлейді:  
 «Қой, шырағым, жассың ғой,  
 Қабырғаң сенің қатқан жоқ,  
 Омыртқаң өсіп жеткен жоқ,  
 Жіберуге қорқамын,  
 Тілімді алсаң, рұқсат жоқ.  
 Барғанмен кезек келмес-ті,  
 Бағып жатқан Құртқаны  
 Қырық бес кез Қызыл ер  
 Шырағым, теңдік бермес-ті».

Отырып бұлар кеңесті,

Мінген аты ала еді,  
 Қылшық жүнді қара еді.  
 Тоқтау салды Естеміс,  
 Жібергісі келмей баланы.  
 «Батаңды бер, көке», – деп  
 Алдын-артын орады.  
 Барғысы келіп батырдың,  
 Тоқтамайды табаны.  
 Естемістей еріңнің,  
 Таусылғасын амалы,  
 Батасын беріп, қол жайып,  
 Үстіне сауыт кигізді.  
 Жанына байлап болатты,  
 Беліне садақ ілгізді.  
 Тобылғы меңді торы атпен,  
 Дөңгелентіп жөнелді.  
 Атып жатқан жеріне,  
 Іркілместен келеді.  
 Келгендігін баланың,  
 Көктім Аймақ көреді.  
 Айбатынан сестеніп,  
 Баланы келген сынады.  
 Қобыландыдай төрені:  
 «Қазақтың ері келді», – деп,  
 Көктім Аймақ патшасы,  
 Кезекті бұған береді.  
 Кәміл пірлер жебеді,  
 Қолына алып толғанып,  
 Қозы жауырын жебені.  
 Ат үстінен шіреніп,  
 Сонда тұрып тартады,  
 Кәміл пірлер сенгені.  
 Құрулы бақан басында  
 Екі бөліп ұшырды.  
 Айтқан серттен қайта алмай,  
 Отыз күн ұдай тойын қып,  
 Көктім Аймақ атасы  
 Қыз Құртқаны бергені.  
 Жұртын жиып той қылып,  
 Құртқа сынды сұлуды  
 Қобыландыдай батырға,  
 Берейін деп жатқанын,  
 Қырық бес кез Қызыл ер,  
 Хабарын мұның есітті.  
 «Меніменен күресіп,

Жықса, алар», – десіпті.  
 «Аты-тонын олжалап,  
 Аман қайтса жарар», – деп,  
 Өзінше желдей есіпті.  
 Бетіне жан қаратпай,  
 Көңілі әбден өсіпті.  
 Бұл сөзді естіп Қобылан:  
 «Артыма жау қалдырман,  
 Берсе Құдай несіпті», –  
 Деп мініп ап атына,  
 Қызыл ерге келеді.  
 Келіп те сөйлей береді:  
 «Қобыланды келді, шықсын», – деп,  
 Дауыстап хабар береді,  
 Шықпағасын Қызыл ер,  
 Жүгіріп үйге енеді.  
 Төсекте жатып Қызыл ер,  
 Қобыландыны көреді.  
 «Аяғыммен күрес», – деп,  
 Бір аяғын береді.  
 Алпыс құлаш ала арқан,  
 Қызыл ердің ілулі  
 Босағада тұр еді.  
 Іліп алып аяққа,  
 Мініп алып торы атқа  
 Дүрілдетіп жөнелді.  
 Қызыл ерді сүйретті,  
 Сүйреткі қылып күйретті.  
 Ішінде шеңгел, тікенге  
 Өкпе, бауырын түйретті.  
 Тақымға салып сүйретіп,  
 Қабырғасын күйретті.

Менсінбеген дұшпанды  
 Ақылын тауып үйретті.  
 Көкбөрі қылып дұшпанын,  
 Тау мен тасты күңіретті.  
 Қорлықпенен өлсін деп,  
 Тасқа салып боршалап,  
 Қызыл ерді еңіретті.  
 Домаланды жерге бас,  
 Кеудесінен жан кетті.  
 Қобыланды сынды жас бала,  
 Істі орнына келтіріп,  
 Құртқаға келіп сөйледі,  
 Көңілі ердің желпініп.  
 «Сұлтаным не қылды екен», – деп,  
 Құртқа сұлу жүгіріп,  
 Алдынан шыққан еңтігіп,  
 Көктімге хабар береді.  
 Дұшпанынан құтылып,  
 Көңілдері жайланды.  
 Жөнелтуге Құртқаны,  
 Көктім Аймақ ойланды.  
 Алтынмен ішін безеген,  
 Сырты күміс ақ отау  
 Келістіріп түзеген,  
 Арттыруға сайланды.  
 Қырық түйе қазына,  
 Қырық құл мен қырық күң,  
 Қосып берді қызына.  
 Атасымен қоштасып,  
 Құртқаны алып ұзатып,  
 Елге қарай жөнелді...



### Сөзмаржан

**Қыстау** – малшылардың мал қыстайтын қысқы мекені.

**Әулие** – *діни*. 1) Құдай жолын уағыздаушы адам; 2) қасиетті аруақ; 3) көріпкел, сәуегей.

**Қамқа** – *көне*. Зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.

**Енші** – 1) бала жеке үй болып бөлек шыққанда ата-анасы беретін мал-мүлік; 2) иелігінде, меншігінде болу.

**Пір** – *діни*. Қолдап, қорғаушы рух, аруақ; 2) *ауысп.* Демеуші, қолдаушы.

**Баулу** – тәлім-тәрбие беру, үйрету, тәлімгер болу.

**Намазшам** – кешкі намаз уақыты, ақшам.

**Наз** – өкпе, базына, реніш.

**Ынтызар** – ыстық ықылас, көңіл құштарлық, әуесқойлық.



## Артық болмас білгенің

Ғалымдардың зерттеуінше, қазақ халқында мыңға тарта эпикалық туынды бар екен. Солардың ішінде бір ғана «Қобыланды батыр» жырының 29 нұсқасы анықталды. Қобыландының өмір сүрген дәуірі белгілі. Бұл – тарихи ақиқат. Қазақ энциклопедиясында: «Қара қыпшақ Қобыланды – шамамен XV ғасырда өмір сүрген батыр, тарихи қайраткер. Көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілхайыр ханның бас батыры. Ел аузындағы деректерге қарағанда, оның бейімі Қобда өзенінің бойында» делінеді.

«Қобыланды батыр» жөніндегі аңыз әңгімені алғаш рет баспа бетіне түсірген – академик В.В.Радлов. «Қобыланды батыр» жырынан бір үзіндіні (Тайбурылдың шабысы) Ы.Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясына» енгізген.

«Қазақ батырлар жыры» топтамасы

## Кітапсүйерлер үшін



«Қобыланды батыр» жырының толық нұсқасын <https://ushkin1.wordpress.com>, [www.kitar.kz](http://www.kitar.kz) сайт материалдарынан, «Батырлар жыры» топтамасынан оқып алыңдар. Батырлар жырына тән ерекшеліктер туралы сұхбат құрыңдар.

1

«Білу»

1. «Қобыланды батыр» қандай жыр?
2. «Қобыланды батыр» жырының тақырыбы қандай?
3. Жырдағы Тоқтарбай, Аналық, Қарлығаш кім?
4. Қобыланды бала күнінен қандай болып өседі?
5. Естеміс деген кім?
6. Қобыландыны Естеміс қалай баулиды?
7. Қобыланды Естемістен не туралы сұрайды? Естеміс қалай жауап береді?
8. Көктім Аймақ туралы не білдіңдер?
9. Қобыландыны Естеміс қалай аттандырады?
10. Қобыланды Көктім Аймақтың қандай шартын орындайды?
11. Қобыландыға Қызыл ер қандай шарт қояды?
12. Қызыл ердің сөзін Қобыланды қалай қабылдайды?
13. Қобыландыны көрген Қызыл ер оған не дейді?
14. Қобыланды Қызыл ерді қалай жеңеді?
15. Қобыландының алдынан кім жүгіріп шығады?
16. Көктім Аймақ Құртқа мен Қобыландыны қалай шығарып салады?

2


«Түсіну»

1. Тоқтарбай қайғысының себебі неде?
2. Не себепті Қобыланды Естемісті көруге жөнеледі?
3. Неліктен Қобыланды Көктім Аймақ еліне барғысы келді?
4. Неліктен Естеміс баланы жібергісі келмеді?
5. Көктім Аймақ Құртқаны неліктен Қобыландыға ұзатады?
6. Не себепті Қобыланды Қызыл ерге келеді?
7. Көктім Аймақтың көңілі неге жайланды?


3

«Талдау»

1. Қобыланды мен Қызыл ерге салыстырмалы мінездеме беріңдер.
2. «Венн диаграммасы» арқылы Қобыланды батырды Керқұла атты Кендебаймен салыстыра суреттеңдер. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар таптыңдар?



3. «Венн диаграммасы» арқылы Құртқа мен Қарлығаны салыстырыңдар. Кейіпкерлерге тән қасиеттерді көрсетіңдер.



4

«Жинақтау»

1. Оқулық, хрестоматия материалдарын пайдаланып, Қобыландының ерлік істерінің тізбегін құрыңдар, баяндаудың тірек сөздерін жазып шығыңдар.



2. «Қобыланды батыр» тақырыбы бойынша тірек сызба құрып, баяндап беріңдер.



5

«Қолдану»

1. Хрестоматиядан Тайбурылдың шабысы суреттелген үзіндіні мәнерлеп оқып, жаттап алыңдар.
2. «Қобыланды батыр» жырын сюжеттік-композициялық құрылысына талдаңдар.
3. Қобыланды батырға тән қасиеттерді жинақтап, топтау сызбасы арқылы көрсетіңдер. Қобыланды батыр образы туралы қандай қорытынды шығаруға болады? Жауаптарыңда [www.zharar.com](http://www.zharar.com), <http://adebikz.com> сайт материалдарын пайдалануға болады.
4. «Қобыланды батыр» жырының мазмұны бойынша оңай және қиын сұрақтар кестесін құрастырыңдар.

Оңай сұрақтар (жауабы мәтінде бар)	Қиын сұрақтар (нақты жауабы мәтінде жоқ, бірақ аталған тақырыпқа қатысы бар)

5. «Егер мен батыр болсам, ...». Сөйлемді аяқтаңдар.

6


«Баға беру»

1. «Қобыланды батыр» жырын жырлаған жыршы туралы не айтар едіңдер? Жыршы бейнесін қалай елестетесіңдер?
2. Қалай ойлайсыңдар, Қобыланды батыр қазіргі кезде өмір сүрсе, қандай ерлік істер жасар еді? Қобыландыға ұқсағыларың келе ме? Неліктен?
3. Қазіргі заманның батырлары деп кімдерді айтар едіңдер? Неліктен?
4. «Қобыланды батыр» жыры туралы ойларыңды «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.  
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»  
Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін: ...»

*Үшінші сөйлем:* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...»

*Соңғы сөйлем:* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...»

5. Қобыланды батырдың ескерткіштері қай жерлерде қойылған? Авторлары кімдер?
6. Ескерткіштерді салыстырыңдар, жырдағы сипатталған батыр бейнесіне лайық па? Пікірлеріңді білдіріңдер.



## Диалог құру



«Қобыланды батыр» жырының кейіпкерлерімен диалог құрыңдар.

## Әдебиет теориясы



## Гипербола туралы түсінік

Халық ауыз әдебиетінде, әсіресе, батырлар жырында суреттелетін затты немесе құбылысты шамадан тыс асырып айту тәсілі жиі қолданылады. Бұл тәсіл – **гипербола (әсірелеу)** деп аталады.

Әсірелеу немесе гипербола өздеріңе таныс «Қобыланды батыр» жырында өте көп кездеседі. Мысалы, Тайбурылдың шабысы:

Сонда Бурыл гүледі,  
Табаны жерге тимеді,  
Көлденең жатқан көк тасты,  
Тіктеп тиген тұяғы,  
Саз балшықтай иледі.  
Арандай аузын ашады,  
Аяғын топ-топ басады,  
Бір төбенің тозаңын,  
Бір төбеге қосады, –

деп суреттеледі.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы

## Тапсырма



Батырлар жырынан әсірелеуге мысалдар келтіріңдер.



Біздің тілімізде өздерің білетін ертегілерге ұқсас әңгімелер бар. Олар аңыз әңгімелер деп аталады. Аңыз әңгімелердің ерекшеліктері, кейіпкерлері туралы келесі мәтіннен оқып-білеміз.

## АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

### Естеріңе түсіріңдер:

Ауыз әдебиетінің өздерің білетін түрлерін атап беріңдер.

### Меңгерілетін білім:

Аңыз әңгімелер дегеніміз не?

Аңыз әңгімелердің тақырыбы қандай?

Аңыз әңгімелерді кімдер шығарған?

Аңыз әңгімелердің кейіпкерлері кімдер?

Халық ауыз әдебиетінің бір түріне аңыздар немесе аңыз әңгімелер жатады. **Аңыз – тарихта болған танымал адамдар туралы тарихи шындыққа негізделген көркем шығарма.** Аңыз әңгімелер де ертегі сияқты кейде өлең, кейде жыр түрінде ұрпақтан ұрпаққа бірнеше нұсқада жеткен. Аңыздарда елдің, рудың шыққан тегі немесе нақтылы бір жерде өткен оқиғалар туралы айтылады.

Аңыз белгілі бір адамның атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Кейде аңыз әңгімеде шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға араласып отырады. Бұл аңыз бен ертегіні жақындатады. Ертегіден аңыздың айырмашылығы – аңыз әңгіме тарихта болған адамға байланысты туады. Ол батыр, ел басшысы, шешен, би болуы мүмкін.

Аңыз әңгімелердің *тарихи аңыздар, топонимикалық аңыздар, батырлар туралы аңыздар, ғашықтар туралы аңыздар* деген түрлері бар.



### Зергер сөз

Заман толқыны тарих теңізінің жағалауында көркем өнердің, әдебиеттің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды.

М.Әуезов

Тарихи оқиғаларға, тарихта болған адамдардың іс-әрекетіне байланысты туған аңыздар *тарихи аңыздар* деп аталады. Мұндай аңыздарға Қорқыт, Иасауи, әл-Фараби, Шыңғыс хан, Асанқайғы, Жәнібек хан, Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу, т.б. туралы аңыздар жатады. Сонымен қатар Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Махамбет, Исатай және тағы да басқа қазақ батырларының ерлігіне байланысты туған аңыздар да тарихи аңыздар болып табылады.



Аңыз мазмұнындағы тарихи оқиға белгілі бір мекенмен, тау-таспен, өзен-көлмен байланыстырыла айтылса, мұндай аңыз әңгімелер *топонимикалық* деп аталады. Себебі олар белгілі бір географиялық нүктенің неліктен солай аталатынын түсіндіреді. Топонимикалық аңыздарға Бурабай, Баянауыл, Шайтанкөл, Марқакөл, Екібастұз және тағы да басқа көптеген жер-су аттарымен байланысты туған аңыздар жатады.

Ата-бабаларымыздың қаһармандығы туралы баяндалатын *батырлар туралы* аңыздар да ауыз әдебиетімізде айрықша орын алады. Бұлардың қатарына массагеттер патшайымы Томирис (Тұмар), Отанын құтқару жолында өз өмірін құрбан еткен бақташы Шырақ жайындағы аңыз әңгімелерді жатқызамыз.

Қазақ аңыздарының үлкен бір тобын *ғашықтардың махаббат хикаялары* құрайды. Бұларға Зарина ханшайымның, Айша бибі арудың, Балқаш қыздың бастарынан өткен оқиғалары жатады.

### Түйін



Халық ауыз әдебиетінің бір түрі – аңыздар немесе аңыз әңгімелер. Аңыз – тарихта болған атақты, танымал адамдар туралы тарихи шындыққа негізделген көркем шығарма. Аңыз әңгімелердің *тарихи аңыздар, топонимикалық аңыздар, батырлар туралы аңыздар, ғашықтар туралы аңыздар* деген түрлері бар.

### Артық болмас білгенің



Алғаш рет тарихқа қатысты әңгімелерді, яғни, тарихи оқиғалар мен тарихи қайраткерлер туралы аңызды жеке-дара бөліп алып, «тарихи аңыз» деп атаған – Шоқан Уәлиханов. Ғалым «XVIII ғасырдағы қазақ батырлары туралы тарихи аңыздар» деген мақаласында Абылай мен оның айналасындағы қазақ батырларының ерліктерін баяндайтын он төрт аңызға тоқталған. Олардың әрқайсысына анықтама беріп, өз пікірін білдірген.

А.Дүйсенбі



Кітапсүйерлер үшін

<http://kitap.kz> сайтынан, О.Жанайдаровтың «Ежелгі Қазақстан аңыздары» кітабынан ежелгі қазақ аңыздарының мазмұнымен танысыңдар. Аңыздарға тән ерекшеліктер туралы кластер құрыңдар.



1

Білу

1. Аңыз дегеніміз не?
2. Аңыз әңгімелер ұрпақтан ұрпаққа қалай жеткен?
3. Аңыздарда не туралы айтылады? Аңыздар қандай түрде кездеседі?
4. Аңыздардың туу себептері қандай?
5. Аңыз әңгімелердің қандай түрлері бар?
6. Аңыз кейіпкерлері кімдер?
7. Халық аузында кімдер туралы аңыз әңгімелер сақталған?

2

Түсіну

1. Неліктен аңыз әңгімелер халық ауыз әдебиетінің бір түріне жатады?
2. Аңыз әңгімелердің тарихи, топонимикалық, батырлар туралы немесе ғашықтық аңыздар деп аталу себебі неде?

3

Талдау

Аңыз әңгімелер мен ертегілерді салыстырыңдар, айырмашылығы мен ұқсастықтарын көрсетіңдер.

Аңыз әңгімелер	Ертегілер
<b>Ұқсастықтары</b>	
<b>Айырмашылықтары</b>	

4

Жинақтау

«Аңыз әңгімелер» тақырыбы бойынша тірек сызба құрып баяндаңдар.



5

Қолдану

1. Аңыз әңгімелер туралы білгендеріңді бір-біріңе айтып беріңдер. Екеуара диалог құрыңдар, өздерің білетін аңыз әңгімелер мазмұны туралы сұхбаттасыңдар.
2. Аңыз әңгімелер туралы қызықты мәліметтер табыңдар.
3. Хрестоматияда, <http://kitap.kz> сайтында берілген аңыздардың мазмұнымен танысып, аңыздың қай түріне жататынын дәлелдеп көріңдер.
4. Өздеріңнің тұрған жерлеріңе, сол жердің атақты адамдарына байланысты туған аңыздарды біліп келіңдер.
5. «Синквейн» әдісін қолданып, «Аңыз» сөзіне қатысты бесжолды өлең құрастырыңдар.  
**1-жол:** Тақырыптың атауы (зат есім).  
**2-жол:** Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).  
**3-жол:** Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).  
**4-жол:** Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.  
**5-жол:** Бір сөз – тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.
6. PowerPoint программасын қолданып, аңыз әңгімелердің өздеріңе ұнайтын түрі туралы тұсаукесер дайындаңдар.

6


«Баға беру»

1. Аңыз әңгімелердің қандай маңызы бар? Пікірлеріңді білдіріңдер.
2. Қазіргі заман аңыздарына қандай тақырыптар негіз болады деп ойлайсыңдар?



«Тарихта болған адамдардың ішінде өмір сорабы, іс еңбегі халықтың нағыз ертегі болып, тек сол қалыпта ғана ой жадында сақтаған адамның бірі – осы Асанқайғы», – деп М.Әуезов айтып кеткен Асанқайғы кім?

## АСАНҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ



АСАНҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ  
(XIV ғ. соңы – XV ғ. басы)

### Даналық ойдан дән ізде

Асанқайғы өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді.

М.Әуезов

### Естеріңізге түсіріңдер:

Аңыз дегеніміз не?

### Меңгерілетін білім:

Асанқайғының жерге берген бағасы қандай?

Асанқайғы Сәбитұлы – ақын, жырау, би, философ, мемлекет қайраткері. Асанқайғы жырау, ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен қатар күйші де болған. Оның «Ел айырылған», «Желмаяның жүрісі», «Зар» атты күйлері біздің дәуірімізге дейін жеткен. Асанқайғының жыр-толғаулары үлгі-өсиет, мақал-мәтел түрінде болып келеді.

Қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған «дала философы» ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкендігіне байланысты Асан атына кейін «қайғы» сөзі қосылып, аңызға айналып кеткен. Асанқайғы елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін» мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады. Әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді.



### Артық болмас білгенің

Шежіре-аңыздардың айтуынша, Асанның әкесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғаламның, құстың, жан-жануардың тілін білетін, өзі көріпкел, әулие, атақты саятшы болса керек. Ол баласы Асанды да ес білгеннен осындай қасиеттерге баулып өсіреді.

Ш.Уәлиханов



## Асанқайғының жерге айтқан сыны

Елі үшін қайғы-мұңсыз, жанға жайлы, малға құт, жауласу жоқ, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» қоныс болар Жерұйықты тапқысы келген Асанқайғы Желмаясына мініп, жиһан кезіп, ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жерді іздейді.

Маңғыстауға үш барып, үш қайтқан Асан: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», – депті.



Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс», – депті.



### Зергер сөз

Әділдіктің белгісі –  
Біле тұра бұрмаса.  
Ақылдының белгісі –  
Өткен істі кумаса.

*Асанқайғы*

### CD 09

Асанқайғы іздеген  
Жерұйық қандай?

### Зергер сөз

Асаната – XV ғасырда  
қазақ ұлысын біріктіру  
мәселесін қолына алған  
даланың ойшыл данасы.

*Ә.Марғұлан*



Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» – деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», – деп қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

Әулие атаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», – депті.



### Сөзмаржан

**Желмая** – шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе.

**Жиһан** – бүкіл дүниежүзі, әлем.

**Жерұйық** – миф. Жұмақ жер, бейіш, жайлы қоныс, құтты мекен.

**Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады** – тыныш заман орнады, тыныштық болды.

**Шұрайлы** – құнарлы, нәрлі.

**Шүйгін** – оты, суы мол, құнарлы жер.

**Жапан түз** – айдала, адам аяғы баспаған жер.



Қарсақбай аймағын көргенде (Жезқазған жері): «Айналаң жапан түз екен, тауыңның асты жез екен. Жұртың ашықпас!», – деп жүріп кетіпті.



Шыңғырлауды көргенде: «Ай, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірдің!», – деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып, «Шыңғырлау өкпелер» деп, сонда қонып кетіпті.



Аңыз Асанқайғы «шұрайлы қоныс, нұрлы өлке – Жерұйықты таба алмапты» дейді. Ол туған жерін аттап кетпейді. Жиделібайсынды бөтен елден емес, қазақ топырағынан іздейді.

Түйін



Асанқайғы туралы аңыздардың ішіндегі ең таңдаулысы – Жерұйықты іздеуі туралы аңыз. Асанқайғы елдің тұрмысына қанағаттанбай, халқының болашағын ойлап қатты қамығады. Оның ойынша, жер үстінде адамға ырыс, малға жайлы құтты мекен – «Жерұйық» бар. Осындай мекенді іздеп табу үшін Желмаяға мініп, дүниенің төртбұрышын кезеді. Жолында кездескен тау, өзен, шұрайлы жерлерге тиісті бағасын беріп отырады.



## Кітапсүйерлер үшін

«Асанқайғы туралы аңыздар», «Бабалар сөзі» топтамаларынан «дала философы» туралы аңыздар мазмұнымен танысып, Асанқайғы туралы пікірталас өткізіндер.

1

Білу

1. Асанқайғы кім?
2. Асанқайғы еліне қандай қоныс іздейді?
3. Жырау Маңғыстауға қандай баға берді?
4. Жетісуды көргенде не айтқан?
5. Аспараға не деді?
6. Әулие ата жақтағы Жуалы жеріне қандай баға берді?
7. Қарсақбай аймағына келгенде не айтты?
8. Шыңғырлау өзенін көргенде не деген екен?

2

Түсіну

1. Асанқайғы неге еліне шұрайлы қоныс іздеген?
2. Халық арманынан туған жер қалай аталады?
3. Асанқайғының мақсаты нені білдіреді?

3

Талдау

Асанқайғы баға берген жерлерді салыстырыңдар. Жауаптарыңда хрестоматия материалын да пайдаланыңдар.

4


Жинақтау

Аңыз мазмұны бойынша тірек сызба құрыңдар.

5

Қолдану

1. Аңыздың хрестоматияда берілген толық нұсқасымен танысыңдар.
2. Асанқайғы баға берген жерлер туралы танымдық мәліметтер дайындаңдар.
3. Қазақстанның картасын мұқият қарап, Асанқайғының жүрген жерлерінің атаулары мен бағытын контур картаға түсіріңдер.



4. Асанқайғы есіміне қатысты деректерге назар аударып, шағын зерттеу жұмыстарын жүргізіндер. Жұмыс нәтижесін топта талдаңдар.
5. Туған жер туралы эссе жазыңдар.

6

Баға беру

1. Аңыз туралы пікірлеріңді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіріңдер: *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен айтыңдар немесе жазыңдар.  
*Дәлел.* Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.  
*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер.  
*Қорытынды.* Аңыз мазмұны бойынша қорытынды шығарыңдар.
2. Туған жерлеріңе Асанқайғыдай баға беріп көріңдер.
3. Қалай ойлайсыңдар, Асанқайғы іздеген Жерұйық қайда болуы мүмкін? Жерұйық туралы жоба ұсыныңдар.



### Теңеу, эпитет туралы түсінік

Көркем шығармаларда ақын-жазушылар оқиғаның, көріністің дәл сипатын беру үшін әртүрлі сөз өрнектерін қолданған. Солардың қатарына **теңеу** мен **эпитет** деп аталатын ұғымдар жатады.

**Теңеу** дегеніміз – көркемдеп суреттеуде затты, құбылысты екінші бір затпен, құбылыспен салыстырып бейнелеу. Теңеу зат есімге, есімше етістікке жалғанған *-май (-мей), -дай (-дей), -ша (-ше)* және *-дайын (-дейін)* жұрнақтары арқылы жасалады. *-май (-мей), -дай (-дей)* сөзге жұрнақ ретінде жалғанса ғана теңеулік мағына береді, ал көсемше етістік боп келген жерлерде теңеулік мағына бермейді. Мысалы, өздеріңе таныс «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде хан балалары «...мойындары *ырғайдай*, сирақтары *шидей* болып» деп суреттеледі. Мұндағы *ырғайдай, шидей* – теңеу. Ал «Қобыланды батыр» жырында:

Жылқыда жатып Қобыланды,  
Екпіні *оттай* қаулайды...  
Қойға тиген *қасқырдай*,  
Сойып кетіп барады,  
Жолбарыс шапқан *құландай*,  
Жойып кетіп барады.

Мұндағы *оттай, қасқырдай, құландай* – теңеу.

**Эпитет** – заттың, құбылыстың сипатын, сапасын айқындайтын суретті сөз. Эпитет болатын сөз – сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер. Тұрақты эпитеттермен қатар қазақ поэзиясында күрделі эпитеттер де қолданылады.

«Қобыланды батыр» жырында:

*Жасыл байтақ* жері бар,  
*Айдынды шалқар* көлі бар...

Асанқайғы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер», – депті.

Ұлы ақын Абай күз мезгілін:

*Сұр бұлт* түсі *суық* қаптайды аспан,  
Күз болып, *дымқыл* тұман жерді басқан, –

деп суреттесе, белгілі жазушы Қ.Ысқақ күзді: «*Қоңыр* күз болатын. *Ақ жауын* себелеп тұр. Жол лайсаң. Алтай өңірінің ең бір *жүдең* шағы, *көңілсіз* шағы», – деп бейнелейді.

Мұндағы *жасыл байтақ жер, айдынды шалқар көл, семіз жер, шүйгін шөп, май топырақ, сұр бұлт, түсі суық, дымқыл тұман, қоңыр күз, ақ жауын, жүдең, көңілсіз шақ* – эпитеттер.

«Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық



### Тапсырма

Әдеби шығармалардан теңеу, эпитеттерге мысалдар жазыңдар.

## II ТАРАУ

# ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ



Адамға ең бірінші білім емес,  
тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз  
берілген білім – адамзаттың  
қас жауы.

*Әл-Фараби*



XIX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі болған Дулат Бабатайұлы шығармашылығы бізді сол заман тынысымен таныстырады.

## ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ



ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ  
(1802–1874)

### Естеріңе түсіріңдер:

Қазақ ертегілері мен батырлар жырының, аңыз әңгімелердің қандай маңызы бар?

### Меңгерілетін білім:

Дулат Бабатайұлы кім?

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Сандықтас деген жерде дүниеге келген.

Заманының білімді адамдарының бірі болған Дулат ақын өлеңдерін, жыр-толғауларын ауызша да айтып, жазбаша да қағаз бетіне түсірген.

Дулат Бабатайұлының «*О, Ақтан жас, Ақтан жас*» атты арнау өлеңі жетім бала Ақтанның тағдырына арналған.

### Зергер сөз

Сын сәттерде халқын адастырмай ақ жолға бастайтын, бағыт беріп, бағдар көрсететін Темірқазық сынды бітімі бөлек, тұғыры тиянақты алып тұлғалар болады. Қазақ үшін осындай ерелілік өлшемі, биіктік мұнарасы, XIX ғасырдың ғажайып өкілі, от тілді, орақ ауызды жыр тұлпары – Дулат Бабатайұлы.

Қ.Раев

О, Ақтан жас, Ақтан жас,  
Сен де жетер ме екенсің?  
Жетімдіктің белінен,  
Асып өтер ме екенсің? –

деп жетім баланың болашағына көз жібергісі келеді.

Жетімдіктің зардабын көрген Ақтанның болашағынан үміт күткен ақын «Сұлу сүйер ме екенсің? Сауыт киер ме екенсің?» деп, оның елін қорғайтын батыр болуын қалайды, жетімдіктен қол үзіп, жақсы өмірге жететініне сенім білдіреді.

Дулат Бабатайұлы – қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі, халық ақыны.



### Артық болмас білгенің



Дулат Бабатайұлы – қазақ әдебиеті тарихында алғаш мысал жазған ақын. Оның мысал ретінде жазған шығармалары («Бір патшаның бір кезде», «Шымшық пен бөдене», «Сары шымшық», «Қара қарға жем тілеп») өнеге беру, ақыл айту үлгісінде жазылған.

Д.Бабатайұлы мұраларын алғашқы жеткізушілердің бірі – Байділдә деген кісі. Ақынның шығармалар жинағы Қазанда «Өсиетнама» деген атпен 1880 жылы басылып шығады.

*«Танымал есімдер» жинағы*

### Түйін



Дулат Бабатайұлы – халық ақыны, өз заманының білімді адамы. Ақын өлеңдерін, жыр-толғауларын ауызша да айтып, жазбаша да қағаз бетіне түсірген. Д.Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі – жетім бала тағдырына арналған арнау өлең.

### Кітапсүйерлер үшін



Дулат Бабатайұлының «Өсиетнама» кітабына енген өлеңдерінің мазмұнымен танысыңдар.





Ақынның төменде ұсынылып отырған өлеңі жеке адамға арнау үлгісінде жазылған. Бірақ мұқият оқыған адамға оның өз құпиясы бар. Ол қандай құпия екен?

### Естеріңе түсіріңдер:

Дулат Бабатайұлы туралы не білдіңдер?

### Меңгерілетін білім:

Ақын Ақтан жасқа қандай үміт артады?

Өлеңнің түйіні қандай?



### Сөзмаржан

**Білтелі – білте** – 1) майшамның тұтатқанда жарық беретін ширатылған талшығы;

2) ертеректе зеңбіректі, мылтықты от алдыратын ширатылған жіп.

**Бадана көз** – бадырайған үлкен көз.

**Бадана** – батырлар соғыста киетін, оқ өтпейтін болат сауыт. Бадана шайқаста өте ыңғайлы.

**Сауыт** – оқ, найзадан сақтану үшін денеге киетін торкөзді кіреуке.

**Сұғыну** – бір нәрсеге жан салып кірісу, аянбау.

**Керсен** – ағаштан дөңгелектеп істеген үлкен шара, тегене.

## О, Ақтан жас, Ақтан жас

О, Ақтан жас, Ақтан жас,  
 Сен де жетер ме екенсің?  
 Жетімдіктің белінен,  
 Асып өтер ме екенсің?  
 Жарық сәуле көре алмай,  
 Ел шаңына ере алмай,  
 Сол бойы кетер ме екенсің?  
 Жапанға біткен жапырақ,  
 Жамылсаң тоңар ма екенсің?  
 Жазғы шыққан бүлдірген,  
 Сұғынсаң тояр ма екенсің?  
 Күрек тісін қасқайтып,  
 Сұлу сүйер ме екенсің?  
 Бадана көз, тоғыз тор,  
 Сауыт киер ме екенсің?  
 Білтеліні тұтатып,  
 Түтінін үзбей оқ атып,  
 Жау қашырар ма екенсің?..  
 Тең құрбыңмен теңеліп,  
 Шаруа жиып, кенеліп,  
 Бала сүйіп, мал жиып,  
 Керсеніңе бал құйып,  
 Өмір сүрер ме екенсің?  
 Жетімдіктен өтерсің,  
 Шаң бермей әлі кетерсің.  
 Қажыма, Ақтан, қажыма,  
 Жетерсің, әлі жетерсің!

1

Білу

1. Дулат Бабатайұлы кім?
2. «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңіндегі Ақтан кім?
3. Ақын Ақтан жасқа қандай үміт артады? Ақтанның бойынан қандай қасиеттерді көргісі келеді?

2

Түсіну

1. Неліктен ақын «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңінде:  
*Қажыма, Ақтан, қажыма,  
Жетерсің, әлі жетерсің!* – дейді?
2. Ақынның Ақтан жасқа үміт арту себебі неде?

3


Талдау

«О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңінің идеясы мен тақырыбын анықтаңдар.

4

Жинақтау

Ақынның Ақтан жастың бойынан көргісі келетін қасиеттерді топастырыңдар.



5

Қолдану

1. Өлеңді жаттап алыңдар.
2. «Маған сыры мәлім болған бір құпия» тақырыбында Ақтан жасқа хат жазыңдар.

3. Өлең құрылысынан қандай ерекшелікті байқадыңдар? Жауабын әдебиет теориясынан іздеңдер.
4. Өлеңдегі зат есімдерді бір бағанға, етістіктерді екінші бағанға теріп жазыңдар.

6

Баға беру

1. Ақтан жас ақын сенімін ақтады деп ойлайсыңдар ма? Сендер қандай жол ұсынар едіңдер?
2. Сендер Ақтан жастың орнында болсаңдар, ақын үмітін қалай ақтар едіңдер? Ой бөлісіңдер.
3. Ақын сұрақтарына жауап бар ма? Сендер қалай жауап берер едіңдер?
4. Суреттердегі Дулат Бабатайұлы сипаттаған бақытты өмір, жігіттің жастық шағын қазіргі кездегі өмірмен салыстырып, ақын аталарыңа хат жазыңдар.





### Риторикалық сұрау туралы түсінік

**Риторикалық сұрау (лепті сұрау)** – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлеңде қойылған сұрақтың жауабын оқырман өзі біліп отырады. Риторикалық сұраулы сөйлем жауапты қажет етпейді. Мысалы, Жамбыл Жабаев «Абайдың суретіне» деген өлеңінде:

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?  
Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне.  
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,  
Қарсы келер Абайдың кім бетіне?! –

деген сұрау тастаса, Қадыр Мырза Әлі:

Жақсылықтың алдында бас иетін,  
Бабалардың не істейміз әсиетін?  
Жер жоғалтса не болмақ перзенттерін?  
Ер жоғалтса не болмақ қасиетін?! –

деп толғанады.

### Тапсырма




[http://dulatbabataiuli.blogspot.com/2016\\_08\\_03\\_archive.html](http://dulatbabataiuli.blogspot.com/2016_08_03_archive.html) сілтемесі бойынша аудио-кітаптағы «О, Барақ жас, Барақ жас» өлеңіндегі риторикалық сұрауларды табыңдар. Барақ туралы өлеңді ақынның оқулықтағы өлеңімен салыстырыңдар.



Қазақ әдебиеті әлемі тамырын тереңге жіберген алып бәйтерек сияқты. Сендер сол алып бәйтеректің тамырын құрайтын ауыз әдебиеті үлгілерімен ғана таныстыңдар. Бәйтеректің ұшар басына шығу үшін оның діңімен жоғары өрлеуіміз керек. Сол жолда әр кезең әдебиетімен танысамыз. Халқын өнер-білім алуға шақырған, еңбек пен мәдениетті, ғылымды насихаттаған Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы туралы оқып-білеміз.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН  
(1841–1889)

### Естеріңе түсіңдер:

Халық ауыз әдебиеті үлгілерін тыңдап өсіп, өз шығармашылығында кеңінен пайдаланған ақын-жазушыларымыз көп болған. Сондай ұлы тұлғалардан кімдерді білесіңдер?

### Меңгерілетін білім:

Ыбырай Алтынсарин кім?

Ыбырай Алтынсарин қандай білім алған?

Қандай шығармалар жазған?

### Зергер сөз

Алтынсарин – қазақтың жарық шамы,  
Ойлағаны – аяулы халық қамы.  
Жап-жасыл жайқалатын жапырағы,  
Алтынсарин – елімнің алтын бағы.  
*А.Шаяхметов*

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-педагогі, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, балалар әдебиетінің атасы. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай облысы Затобол ауданында дүниеге келген.

1850 жылы тоғыз жасар Ыбырай Орынборда қазақ балалары үшін ашылған мектепке оқуға түседі. 1857 жылы мектепті үздік бітіріп, атасы Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болып жұмыс істейді. Көп оқыған талапты Ыбырай халқына пайдалы болуды ойлайды. Кейіннен тілмаштық қызметін тастап, өзі сұранып 1860 жылы Торғайда ашылған төрт сыныптық қазақ мектебінде орыс тілінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Ол қазақ балаларын орыс тіліне үйретіп, мәдениетті, білімді болуға үндейді.

Ыбырай «*Кел, балалар, оқылық!*» атты өлеңінде:

Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық!  
Оқысаңдар, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан,  
Іздемей-ақ табылар, –

деп балаларды білім алуға шақырады. Өзге елдердің мәдениетін үлгі ету ақынның «*Өнер-білім бар жұрттар*» өлеңінде айқын көрінеді.

Ыбырай әңгімелерінің басты тақырыбы – еңбек, еңбек адамы, адамгершілік асыл қасиеттер. «*Қыпшақ Сейітқұл*», «*Атымтай жомарт*» «*Әке мен бала*», «*Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш*», «*Дүние қалай етсең табылады*» әңгімелерінде еңбектің маңызын көрсетеді, еңбекпен тәрбиелеуді үйретеді.

Түйін



Ыбырай әңгімелерінің басты тақырыбы – еңбек, еңбек адамы, мейірімділік пен қайырымдылық, адамгершілік.

1

Білу

Ы.Алтынсарин туралы берілген мәтінмен «Түртіп алу» әдісін пайдалана отырып танысып шығыңдар.

«V» – «білемін»	«-» – «мен үшін түсініксіз»	«+» – «мен үшін жаңа ақпарат»	«?» – «мені таңғалдырады»

2

Түсіну

Неліктен Ыбырай көп ізденіп, өз білімін толықтырып отырған?

3

Талдау

Бала Ыбырай оқыған мектепті қалай елестетесіңдер? Қандай пәндерді оқыды деп ойлайсыңдар? Қазіргі мектеппен салыстырыңдар.

Ыбырай оқыған мектеп

Қазіргі мектеп

4

«Жинақтау»

Ыбырай Алтынсарин туралы білгендеріңді тірек сызба арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. Мәтіндегі мерзімдерді сөйлетіңдер. Ұлы ағартушы туралы білгендеріңді бір-біріңе айтып беріңдер.
2. Жазушы және оқушы рөлінде сұхбат құрыңдар.
3. Ы.Алтынсарин туралы қосымша дереккөздерінен өздеріңді қызықтырған мәліметтерді тауып келіңдер. Мәліметтермен өзара бөлісіңдер. Кімнің ақпараты қызықты екенін анықтаңдар.

6

Баға беру

Бала Ыбырай қандай болғандығы туралы ойларыңмен бөлісіңдер.



Артық болмас білгенің



балаларын алғаш рет барометр, микроскоп, электромагнит, телеграфтың жұмыс істейтін модельдерімен, ғажайып шам, әртүрлі коллекцияларымен таныстырған ағартушы ғалым.

*С.Ешімханов. «Ұстаздан ұлағат, ұлыдан өнеге»*





«Еңбекке бейім болсаң, қатарыңнан кейін болмайсың» деген халық даналығы нені білдіреді?

## Дүние қалай етсең табылады

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

1791 жылы, өзім университетте оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы, арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң, бірге келе жатқанымызда, әдетінше манағы Антон алдымыздан шығып, қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

– Сен қарауға әп-әдемі кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзіңді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ: елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі-құсқыны жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып, қағаз істейтін фабрикаларға сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң, бір есек, бір арба алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп, сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым – жас, ісім – нық, жинақтымын, еріншектікті білмейтінмін, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар, фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қоймас деген. Себебі: баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті.

### Сөздің көркі – мақал

Еңбегі аздың өнбегі аз.

Еңбегі көптің өнбегі көп.

### Зергер сөз

Басқа халықтан кем болмас үшін біз бай, күшті, білімді болуымыз керек. Бай болу үшін кәсіп керек, күшті болу үшін бірлік керек, білімді болу үшін оқу керек, осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

*А.Байтұрсынұлы*

### CD 10



Бай болудың жолы қандай?



### Сөзмаржан

**Версаль** – Франциядағы қала атауы.

**Тіленші** – қайыр сұрайтын адам.

**Франк** – Францияның ақша атауы.

**Брюссель** – Бельгия мемлекетінің астанасы.

**Приказчик** – қожайынның тапсырмалары мен бұйрықтарын орындаушы қызметкер.

**Реуішті** – әлпеті, зады, сиқы, бәлкі, зайыры, сиқы, әлбетте, бәлкім.

**Әйдік** – жерг. Үлкен, зор.

**Купец** – көне. Меншігінде сауда жасайтын кәсіпорыны бар бай саудагер, көпес.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып, тұрып қалды.

1815 жылы Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс, реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

– Айып етпеуіңізді сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқып жүріп, жұма сайын Версальдағы үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді? – деді.

Сонда ойыма түсіп, таңғалып:

– Сен Антонбысың? – дедім.

– Рас, – деді Антон, – мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім, ісіме нық, малыма күтімді болдым, ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінеки, осы зор дүкеннің иесі болдым, – деді.

1

## «Білу»

1. Әңгімеде қай елдің білімді адамы туралы баяндалады?
2. Антон деген кім?
3. Антон немен айналысушы еді?
4. Антон кіммен кездеседі?
5. Ол адам Антонға қандай әңгіме айтады?
6. Антон кездейсоқ адамның әңгімесін қалай қабылдайды?

2

## «Түсіну»

1. Антонның қайыр тілеу себебі неде?
2. Неліктен Антон еңбек етуге шешім қабылдайды?
3. Антонның бөтен адамның ақылын тыңдауы нені білдіреді?
4. Әңгіме неліктен «Дүние қалай етсең табылады» деп аталады?

3

## «Талдау»

Әңгімеде орын алған адами қасиеттерді салыстырыңдар.

4

## «Жинақтау»

Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

## «Қолдану»

1. Шығарма мазмұнын ашатын мақал-мәтелдерді жатқа айтыңдар.
2. Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.
3. Әңгімені мазмұндаудың жоспарын құрып, келесі тапсырмаларды орындаңдар:
  - үзіндіні бірнеше бөлікке бөліңдер;
  - әр бөлікке атау беріңдер;
  - әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңдар;
  - кейіпкерлерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді анықтаңдар;
  - мәтіндегі барлық кейіпкерлерді атап беріңдер;
  - мәтіндегі оқиға орын алған жерлерді атаңдар;
  - үзіндіні аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.

6

## «Баға беру»

1. Антон қандай адам деп ойлайсыңдар?
2. Қайыршы Антонға бейтаныс кісінің ақылы қалай әсер етті? Антон бұл сөзден қандай қорытынды шығарды?

3. Әңгіме мазмұнынан қандай түйін шығаруға болады? Қазіргі кезде дүниені қалай табуға болады деп ойлайсыңдар?
4. Сендердің арман-тілектерің қандай?
5. Антонға қандай кеңес берер едіңдер?
6. Әңгіме кейіпкерлері, идеясы туралы ойларыңды «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.  
*Бірінші сөйлем:* «Менің ойымша, ...»  
*Екінші сөйлем:* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»  
*Үшінші сөйлем:* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»  
*Соңғы сөйлем:* «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»
7. Сенің досың Антон сияқты тіленшілік қылып тұрса, не істер едің?
8. Болашақта кім болам деп армандайсың?



### Артық болмас білгенің

Әлемдегі алғашқы кітапхана осыдан 8 мың жыл бұрын пайда болған. Ежелгі Месопатамия тұрғындары тақтайшаларға балшықты жіңішке «сына» деп аталатын таяқшалармен жазған екен. Осы тәсілмен «сына жазуы» танымал бола бастады. Тақтайшаларды күйдіріп, олардың ішіндегі ең бағалыларын бұзылып кетпес үшін арнайы конверттерге салып қойған. Археологтар үлкен сарайларда тақырыптарына байланысты іріктеліп сақталған осындай конверттердің біразын тауып алған. Осы кезден бастап, кітапхана тарихының алғашқы беті ашылған.



Лондон. Ұлыбритания.  
Британ мұражайындағы сазбалшықтан жасалған тақтайшалар.

Ежелгі Египеттегі кітапханалар ғибадатханаларда сақталған. Оны шырақшылар қарауылдаған. Египеттіктер жазуды алғаш папирус ағаштарына жазып, ұштарына таяқшаларды тығып, орама үлгісінде орап қойған.

Ежелгі римдіктер өзгеше үлгіде кітапхана салуды ойластырады. Юлий Цезарь сол кітапхана ісіне бел шеше кірісіп, жобасын жасап, жоспарын да өзі құрады. Цезарь өмірден өткеннен кейін де оның бастама-сымен салынған кітапханалар ерекше танымалдылыққа ие болған. Римнің бақуатты тұрғындары кітапханаларды арнайы кедей отбасындағылардың пайдалануына жағдай жасады да, өздері үшін таптырмас кітап қорларын көбейтті. IV ғасырда Римде 28-ге жуық кітапхана бой көтерді.

<http://massaget.kz>



«Еңбек бейнет емес, зейнет» екеніне көз жеткізейік!

## Атымтай жомарт

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киімін киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйте тұра, өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Сонда Атымтай жомарт айтты дейді:

– Оның төрт түрлі себебі бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне-бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес

### Сөздің көркі – мақал

Еңбегімен ер сыйлы,  
Өнбегімен жер сыйлы.

Еңбегің егіз болса,  
байлығың сегіз болады.  
Еңбегің қатты болса,  
татқаның тәтті болады.

### Сөзмаржан



**Дәулет** – дүние мүлік,  
байлық.

**Көңілге жел кіру** – ауысп.  
Бір нәрсеге елігу, желігу,  
елігу.





### Сөзмаржан

**Кем-кетікке жәрдем беру** – жарлы, кедей адамдарға көмек беру.  
**Әбірет алу** – ғибрат, үлгі алу.

екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.



### Артық болмас білгенің

Атымтай жомарт – шығыс халықтары фольклорында кездесетін, жағымды образ ретінде сипатталатын кейіпкер. Түп-төркіні Тай тайпасының ақыны Хатим ибн Абдаллахқа (Хатим-Тай) саяды. Оның нақты қай жылдары өмір сүргені белгісіз, алайда ғалымдар арасында VI ғасырда өмір сүрген деген болжам бар. Атымтай жомарт туралы шығармалар ерте кезден белгілі. Олар сюжеттік, жанрлық сипатына қарай үш топқа бөлінеді:

1-топтағы шығармалар хикаяттық сипатта баяндалады. Онда Атымтай жомарттың өмірі әңгімеленеді, оның жомарт болу себептері баяндалады.

2-топтағы шығармалар – қиял-ғажайып ертегілері. Олардың сюжеті бір-бірімен үндес. Мұнда Атымтай жомарт – асқан бай, таусылмас қазынаның иесі. Жомарт болуы осыдан.

3-топтағы шығармалар – тұрмыс-салт ертегілері. Бұларда Атымтай жомарт – келген қонаққа берер асы жоқ, тақыр кедей. Сонда да жомарт болып бейнеленеді. Адамға деген қайырымдылық, сүйіспеншілік – оның ең басты қасиеті екені ашыла түседі.

Атымтай жомарт туралы аңыз-ертегілер, негізінен, «Мың бір түннен» бастау алады. Ыбырай Алтынсарин әңгімесі оның өмірі мен жомарт болу себебін нақты баяндайтындықтан, әңгіменің хикаяттық түріне жатады.

<http://massaget.kz>

1

Білу

Атымтай жомарт кім?

2

Түсіну

Бай бола тұра неліктен Атымтай жомарт күнде еңбектенеді?

3

Талдау

«Венн диаграммасы» арқылы Атымтай жомартты Антонмен салыстырыңдар.


Атымтай жомарт

Антон

4

Жинақтау

1. Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Атымтай жомартқа тән қасиеттерді тірек сызба арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. Әңгімені мазмұндап беріңдер.
2. Атымтай жомарттың еңбектенуінің төрт түрлі себебінің мәнін түсіндіріңдер.
3. Атымтай жомарт образы туралы пікірлеріңді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіріңдер:  
*Пікір.* Әңгіме кейіпкері туралы өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен айтыңдар немесе жазыңдар.  
*Дәлел.* Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.  
*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер.  
*Қорытынды.* Әңгіме кейіпкері туралы қорытынды шығарыңдар.
4. Еңбек туралы мақал-мәтелдерді жатқа айтыңдар.

6

Баға беру

1. Әңгіме мазмұнынан қандай қорытынды шығаруға болады?
2. Атымтай жомарттың берген жауабына сендер тағы қандай себептер қосар едіңдер?



«Еңбек деген байлық бар, ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін» деген мақалдың жазушы әңгімесіне қандай қатысы бар?

## Қыпшақ Сейітқұл

### Сөздің көркі – мақал

Еңбек ептілікті сүйеді.

Еңбек ер атандырады.

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, «бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын» деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыры бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп



*Қабырға өзені*



жүріп, ақырында, Торғай төріндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп, әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.

Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да адалдары көбейіп, бай болды, ел жиылып, Сейітқұл жұрт ағасы болды. Енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтау үшін, Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп, бақташы, қару-жарақты қарауыл, шыңдауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарап бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңілі тыныш болған соң, Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолды әртүрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты.

### Бағалы дерек

**Қабырға** – Торғай алабындағы өзен. Қостанай облысы Жангелді ауданы жерімен ағады. Ұзындығы 144 км, су жиналатын алабы 3870 км<sup>2</sup>.  
«Қазақ энциклопедиясы»

### Зергер сөз

Өмір бойы құмырсқадай қыбырлап еңбек еткен адам дүниеге түсіністікпен қарайды. Осы жолда өз ой-күшін, қуатын сарп етеді де, өмірді өз тағынан құлатпайды.  
F. Мүсірепов

### Сөзмаржан



**Тобыр** – шоғырланып жиналған халық, қалың нөпір топ.  
**Барымта** – тар. Жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін тартып алып, кек қайтаруы.  
**Жортуыл басы жолда қалу** – қақтығыста қаза табу.  
**Шығыр салу** – көне. Егістікке су шығару үшін жасалған, су жүретін науасы бар құрал.  
**Жамағат** – аздаған жақындық, алыс туыстық.  
**Шыңдауыл** – қарауыл, шолғыншы.

### Сөздің көркі – мақал

Еңбек – ердің көркі,  
Ер – елдің көркі.

Еріншектік – күллі дүниенің  
дұшпаны.

Еңбек етсең ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.

Ынтымақ қайда болса,  
Бақ сонда.

Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұртың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті. Қалған мал-жанын ұрының малы деп, Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінмен айналысады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.



### Артық болмас білгенің

Қыпшақ Сейітқұл Маманұлы – есімі аңызға айналған егінші. Сыр бойындағы иеліктері егін шаруашылығына тарлық ете бастаған соң, Торғай өңіріне келіп, Қабырға өзені бойындағы Қарақоға деген жерге тұрақтаған. Өзен жағалауына шығыр орнатып, аяқ егін, атпа егін әдістерін пайдаланып, өзеннен арықтар тартып, бөгендер салып, суармалы егіншілікті қолға алған. Диқанның бұл еңбегі жемісті болып, 5–6 жылдың ішінде алғаш келіп қоныстанған он екі үй төрт жүзге жеткен. Қыпшақ Сейітқұлдың аса шығымды ақ тарысының тұқымы кейін бүкіл Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Қарқаралы өңірлеріне тарайды. Диқанның барымташылардан сақтану үшін тұрғызған дуалы мен су тартқан арықтарының қалдықтары Көкалат, Қызылоба, Қарақоға деген алқаптарда әлі күнге дейін сақталған. Қыпшақ Сейітқұл асқан шебер, сөзге шешен адам болған. Ыбырай Алтынсарин егіншілік дәстүрді халық арасына кең таратып, насихаттау үшін «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін жазып, оқулығына енгізген.

«Қазақ энциклопедиясы»

2

Түсіну

1. Қыпшақ Сейітқұл кім?
2. Сейітқұл қандай әрекет жасайды?
3. Сыртқы жаулардан қорғану үшін қандай шаралар қолданады?
4. Сейітқұлдың ағасының тағдыры туралы не білдіңдер?

2

Түсіну

1. Қыпшақ Сейітқұл неліктен жұртына жайлы мекен іздейді?
2. Қандай себептермен Қабырға өзенінің бойын таңдайды?
3. Әңгімеде қандай өзекті мәселе көтерілген?
4. Сейітқұлдың елі жақсы өмірге қалай қол жеткізді?

3

Талдау

«Венн диаграммасы» арқылы Қыпшақ Сейітқұлды Атымтай жомартпен, Антонмен салыстырыңдар.



4

Жинақтау


1. Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Қыпшақ Сейітқұлға тән қасиеттерді кластер арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. Әңгімені мазмұндаудың жоспарын құрыңдар.
2. Берілген үзіндінің мазмұны бойынша «Алты неліктен» сұрағын құрастырып, талқылау жүргізіңдер.
3. Топтарға бөлініп, «Балық қаңқасы» тәсілімен әңгімені талдап, қорытынды жасаңдар.



6

Баға беру

1. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы алты топқа бөлініп, өз көзқарастарыңды білдіріңдер. «Ақ қалпақ» (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді), «сары қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады), «қара қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарын айтады), «көк қалпақ» (талдау жасайды, топтар «не үшін?», «неге?», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді), «жасыл қалпақ» (кейіпкерлер өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады), «қызыл қалпақ» (оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).
2. Қазіргі заманның өзекті мәселелері қандай деп ойлайсыңдар? Ойларыңды ортаға салыңдар.



## Диалог құру

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің кейіпкерлерімен диалог құрыңдар.



## Кітапсүйерлер үшін

Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енген әңгімелерін оқып, тәрбиелік мәні туралы пікірлеріңді білдіріңдер.



## Әдебиет теориясы

## Әңгіме туралы түсінік

**Әңгіме** – оқиғаны баяндап айтуға құрылған, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Әңгіме кейіпкерлері көп болмайды, аса маңызды деген қысқа оқиға суреттеледі.

*«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері»*



## Тапсырма

Әңгіме жанрына жататын шығармаларға мысалдар келтіріңдер. Жауаптарыңды дәлелдендер. Өздерің әңгіме жазып көріңдер.

## III ТАРАУ

# АДАМГЕРШІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ



Адамгершілікке арналған үш сауап бар:  
Шөлге құдық қазған бір сауап,  
Өзенге көпір салған бір сауап,  
Жолға ағаш еккен бір сауап.

*Нақыл сөз*



Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетінде мысал жанрының дамуына сіңірген еңбегі қандай?

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
(1873–1937)

### Зергер сөз

Ахмет Байтұрсынұлы – халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған тәжірибесі мол жан.

*Р.Сыздықова*

### Естеріңізге түсіңіздер:

Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білесіңдер?

Қандай шығармаларын оқыдыңдар?

### Меңгерілетін білім:

Ахмет Байтұрсынұлының аударма саласын дамытуға қосқан үлесі қандай?

Ақын мысалдарының ерекшелігі неде?

Ахмет Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның бір саласы – көркем аударма. Ол орыс мысалшысы И.А.Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударып, *«Қырық мысал»* деген атпен жеке жинақ етіп бастырып шығарған. Жинаққа тақырыбы әр алуан қырық мысалдың аудармасы енді. Мысалдарда қазақ тұрмысына таныс суреттер үлгілі ойларға ұласады. *«Ала қойлар»*, *«Қартайған Арыстан»*, *«Үлес»*, *«Өгіз бен Бақа»*, *«Қайыршы мен Қыдыр»*, *«Ат пен Есек»*, *«Егіннің бастары»* атты көптеген мысалдарда өнегелі тұжырымдар аса мол. Әрбір аудармасының соңына ақын өзінің айтайын деген түйінді ойын қазақ халқының сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінез-құлқына, психологиясына лайықтап жеткізе білген.

Ахмет Байтұрсынұлының қаламынан туған аударма мысалдардың тақырыбы мен кейіпкерлері сан алуан болғанымен, ақынның мақсаты біреу. Ол – адамдарды адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке, жаман әдеттерден арылуға шақыру.



Өздеріңе ұсынылып отырған ақын мысалын мұқият оқып шығындар. Мысал мазмұны сендерге қандай ой салар екен?

## Егіннің бастары

Бір адам жас баласын жанына алды,  
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.  
Қыдырып әрлі-берлі жүрді-дағы,  
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді,  
Кез еді пісіп болған егін түрлі.  
Бастарын дөңге толған төмен салып,  
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір Бидай тұр көкке қарап,  
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.  
Баланың сол Бидайға көзі түсіп,  
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап.

Құбылып бидайлар тұр басын салып,  
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.  
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,  
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.

Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,  
Қарайды шікірейіп өзге көпке.  
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,  
Соншама бұл Бидайдың дәні көп пе?»

«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,  
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.  
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,  
Ойлама кем екен деп бәрі сонан».

## Артық болмас білгенің



Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық аспаптардың бәрінде бірдей ойнайтын шебер орындаушы, өзі де жанынан ән шығарған айтулы композитор да болған. Ол – домбыраға арналған екі күйдің авторы, өз халқының этнографиясын, тұрмыс-салтын жете игерген әрі жан-жақты білім алған үлкен парасат иесі.

«Ұлттың ұлы  
ұстазы» кітабынан

## Түйін



Ахмет Байтұрсынұлы – ақын, мысалшы, аудармашы. «Қырық мысал» жинағының авторы. Шығармаларының тақырыбы – еңбекқорлық, адамгершілік, мейірімділік, қарапайымдылық.



### Сөзмаржан

**Сарша тамыз** – өте ыстық.

**Бек** – өте.

**Шырақ** – мұнда. Айналайын.

**Жырақ** – алыс.

**Көкке қарап** – аспанға қарап.

**Шікірейіп** – басқаларды менсінбей.

**Теңгермейтін** – тең көрмейтін.

**Сұқтанба** – мұнда. Таңданып қарама.

**Төкаппар** – ешкімді менсінбейтін.

Және де әкесі айтты баласына:  
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.  
Құдайым өзгесіне дән бергенде,  
Бұл Бидай дәнсіз қапты арасында.

Бидайлар басы толық иіліп тұр,  
Дән берген қожасына сыйынып тұр.  
Басында бұл Бидайдың дәні болмай,  
Кекірейіп, көкке қарап бүлініп тұр.

\*\*\*

Елде көп бұл Бидайдай адам, – дейді,  
Төкаппар, оны халық, жаман, – дейді.  
Қалпы емес төкаппарлық данышпанның,  
Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді.



### CD 11

Мысал түйіні қандай?







## Артық болмас білгенің

Бидай бүкіл әлемдегі негізгі азық-түлік көзі болып табылады. Азық-түлік өнімі ретінде бидайдың көптеген аса бағалы қасиеттері бар. Бидай дәні – аса құнарлы да қуатты азық, оны сақтау да қиын емес, бір жерден екінші жерге тасып жеткізу де оңай және оны өңдеп, алуан түрлі өнім алуға болады.

Бидай өнімдері өнеркәсіпте де кең көлемде пайдаланылады. Мысалы, бидай дәнінен крахмал, спирт, май, клейковина алынады. Бидай сабанынан қағаз, картон және басқа да өнер бұйымдары жасалады.

Жер шарында 220 мил/га көлемінде бидай егістігі өсіріледі. Мұны барынша кең көлемде АҚШ, Үндістан, Канада, Түркия, Аустралия, Аргентина, Франция, Италия, Ресей, Украина, Қазақстан елдері өсіреді.

Бидай өнімдері мал үшін де бағалы азық. Бидайдың өзінен және оның қалдықтарынан дайындалған жемнен үй жануарлары да, құстар да тез өсіп, жақсы семіреді.

Бидай ұнынан нан пісіреді. Нанның 200-ден астам түрі бар екен.

«Оқушыларға арналған энциклопедия»

1

Білу

1. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы не білдіңдер?
2. «Қырық мысал» қандай жинақ?
3. А.Байтұрсынұлы кімнің шығармаларын аударды?
4. «Егіннің бастары» мысалында әкесі мен жас бала қайда келеді? Олар нені көреді?
5. Жалғыз Бидай өзін қалай ұстады?
6. Баласы әкесіне қандай сұрақ қойды?
7. Әкесі қалай деп жауап берді?

2

Түсіну

1. Неліктен баланың көзі жалғыз Бидайға түсті?
2. Неліктен ақын:

*«Елде көп бұл Бидайдай адам, – дейді,  
Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді.  
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,  
Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді», –*

деген жауапты келтіреді? Тәкаппарлық дегенді қалай түсінесіңдер?

3

Талдау

1. Мысалда келтірілген жалғыз Бидай туралы өз ойларыңды білдіріңдер. Бидай қандай? Ақын бидайды сипаттауда қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданған?
2. «Сұқтанба құр сорайған қарасына» деген сөз қандай мағынаны білдіреді?
3. Ақын аудармасының ерекшелігі неде? И.А.Крыловтың мысалымен салыстырып, айырмашылығы мен ұқсастықтарын көрсетіңдер.

4

Жинақтау

1. Ақын туралы мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді жазып шығыңдар.



2. Мысалдың негізгі түйіні қай жолдарда берілгенін анықтаңдар.

5

Қолдану

1. А.Байтұрсынұлы туралы берілген мәтінді мұқият оқып шығып, ақынның мысал жанрына қосқан үлесі туралы айтып беріңдер.
2. Ақынмен сұхбаттасудың үлгісін ұсыныңдар.
3. Хрестоматияны пайдаланып, өздеріңе ұнаған мысалдарын мәнерлеп оқыңдар, сахналық көріністер дайындаңдар.
4. Мысалда кездесетін сөздермен лексикалық жұмыс орындаңдар:

Сөздер, сөз тіркестері	Синонимдер	Антонимдер	Менің мысалым
Жас бала			

6

Баға беру

1. Мысалда қандай теріс мінез, қасиет сынға алынған? Оған қарама-қарсы қандай оң мінездер бар?
2. Мысал мазмұны бізді қандай болуға үйретеді? Бидай сияқты адамдар өмірде кездесе ме? Мысал келтіріңдер.



Ақын өлеңіне арқау болған «Адамдық диқаншысы» деген кім?

## Адамдық диқаншысы

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көгертуге құл халықтың.

Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,  
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.  
Оттай бер, жануарым екі аяқты,  
Адамдық хайуанға қанша қажет?!

Жаратқан малды Құдай не керекке –  
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.  
Жорта бер қамыт киіп, қамшыңды жеп,  
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.

Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,  
Көк есек қозғала ма түрткенге айдап?  
Есептен алданғандай болғандар көп,  
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап.

### Сөзмаржан



**Диқаншы** – егінші, егін кәсіпкері.

**Зейнет** – еңбек рақаты, жемісі, игілік.

**Бейнет** – азап.

**Жасық** – 1) семіз емес, өте арық ет; 2) жігерсіз, ынжық, былжыр.

### Артық болмас білгенің



Мысал жанрының атасы – ежелгі грек әдебиетінің өкілі – Эзоп болып саналады. Ол туралы алғашқы деректі біздің заманымызға дейінгі V ғасырда өмір сүрген «тарихтың атасы» Геродот өз жазбаларына түсіріп кеткен. Орыс мысалшылары алғашында өз сюжеттерінде Эзоптың мысалдарын кеңінен пайдаланған. Кейін орыс халқының көрнекті мысалшысы И.Крылов мысал жанрын өз елінің оқиғаларына, салты мен дәстүріне бейімдеген. Қазақ әдебиетінде мысал жанры XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында дамыды.

«Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті»

1

Білу

1. Өлеңдегі адамдық диқаншысы, адалдық нұрын себуші кім?
2. Ақын кімге қызмет етуді қалайды?
3. Адамның қандай қасиеттерін көрсетпек болған?
4. «Жасық болмай, асыл бол» дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Мысал түйіні қай жолдарда берілген?

2

Түсіну

1. Ақын кім үшін адамдық тұқымын егеді?
2. Ақын адамдықтың тұқымын неге құл халыққа пашты?
3. Неліктен ақын жасық болмай, асыл болыңдар дейді?

3

Талдау


«Адамдық» сөзіне кластер құрастырыңдар.



4

Жинақтау

«Венн диаграммасы» арқылы Асыл мен Жасықты салыстырыңдар.



5

Қолдану

1. Мысалда келтірілген адамгершілік асыл қасиеттерді атаңдар.
2. Мысал мазмұнын қарасөзбен жазыңдар.

6

Баға беру

1. Адам өз бойына жаман, жақсы қасиеттерді қалай қалыптастырады деп ойлайсыңдар?
2. Адам өз бойындағы жаман қылықтардан арылу үшін не істеу керек? Пікір таластырыңдар.

Диалог құру

Адамгершілік қасиеттер туралы диалог құрастырыңдар.

Кітапсүйерлер үшін

Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағынан мысалдар мазмұнымен танысыңдар. Мысал кейіпкерлері туралы тұжырым жасаңдар.

Әдебиет теориясы

### Мысал туралы түсінік

**Мысал** – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, қысқа сюжетті, қызықты көркем шығарма. Мысал өлеңмен де, қарасөзбен де жазылады. Мысал кейіпкері болып тек адамдар ғана емес, сонымен қатар аңдар да, жәндіктер де, хайуанаттар да әрекет жасайды. Мысалда автор оларға адамға тән қасиеттерді дарытып, жаман қылықтарды, кемшіліктерді сынайды, асыл қасиеттер мен адамгершілікті, жақсылықты дәріптейді. Мысалда әрбір кейіпкер белгілі бір қасиеттің немесе бейненің иесі ретінде алынады. Мысалы: есек – топас, қасқыр – жауыз, қой – момын, түлкі – қу, айлакер бейнесінде суреттеледі. Осындай астарлы, тұспалдау арқылы суреттеуді әдебиетте **аллегория** деп атайды. Мысалдар осындай тәсіл арқылы жазылады. Әр мысалдың тәрбиелік мәні бар түйінді ойы болады, ол мысалдың басында немесе аяғында беріледі. Сонымен, мысал дегеніміз – тәрбиелік мәндегі шағын аллегориялық шығарма.

*А.Байтұрсынұлы «Ақ жол». З.Қабдолов «Сөз өнері»*

Тапсырма

Қазіргі заман кейіпкерлерін қатыстырып, өздерің мысал жазып көріңдер.



Қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуына үлкен үлес қосып, зор еңбек сіңірген жазушылардың бірі – Бердібек Соқпақбаев.

## БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ



БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ  
(1924–1991)

### Зергер сөз

...Бердібек не нәрсені жазуды, оны қалай жазуды еркін игеріп, меңгерген суреткер жазушы.  
Т.Ахтанов

### Естеріңізге түсіріңдер:

Қандай балалар жазушыларын білесіңдер?

Балалар әдебиеті дегеніміз не?

### Меңгерілетін білім:

Б.Соқпақбаев кім?

Балаларға арналған қандай шығармалар жазған?

Қазақ балалар әдебиетінің классигі, жазушысы Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданы Қостөбе ауылында туған.

Бердібек Соқпақбаев – балалық шаққа саяхат жасап, бал дәуреннің қызығына шомылдыратын *«Балалық шаққа саяхат»*, *«Қайдасың, Гауһар?»*, *«Бастан кешкен»*, *«Өлгендер қайтып келмейді»*, *«Он алты жасар чемпион»* атты повестер мен романдарды дүниеге әкелген балалар жазушысы. *«Он алты жасар чемпион»* повесі кейіннен өңделіп, *«Жекпе-жек»* деген атпен жаңа нұсқаға ие болды.

Ақын шығармаларының көпшілігінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы, одан кейінгі ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі суреттеледі.

Жазушының атын ерекше танытқан шығармасы – *«Менің атым Қожа»* повесі. Повесте Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әртүрлі қызықты оқиғалары туралы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да, жақсы адам болуға талпынысы бар. Өзінің жасаған бұзықтығын әкесіз өскендігінен деп ойлап, мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады. Шығармада Қожаның балалық махаббаты да үлкен рөл ойнайды. Ол сыныбындағы үлгілі, тәртіпті әрі сабағын үздік оқитын Жанар деген қызды жақсы көреді. Тіпті кей кездері Жанарға арнап өлең де шығарады. Қожа жазушы болуды армандайды. Оқырманның зор ықыласына бөленген бұл повесть әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының қатарынан орын алған.

Бердібек Соқпақбаев кітаптарының соңғы беттерін жапқанда көркем шығарма оқып шыққандай болмайсың, өзіңнің ең тату-тәтті дос, жолдастарыңды ұзақ сапарға шығарып салғандай боласың. Қимайсың. Жазушы үшін бұдан асқан бақыт болуы мүмкін емес.

Қадыр Мырза Әлі

### Артық болмас білгенің



Қаламгер атын басқа елдерге де танымал еткен шығармасы – «Менің атым Қожа» повесі. Повесть орыс, украин, литва, латыш, молдаван, француз тілдеріне аударылған. 1963 жылы «Қазақфильм» студиясында экрандалып, 1967 жылы Канндағы халықаралық кинофестивальде арнаулы жүлдеге ие болды. Бұл туралы жазушының өзі естелігінде былай дейді: «Мен жазған дүниелердің ішінде жұртқа көбірек танылғаны «Менің атым Қожа» повесі болса керек. Бұл шығарманың әуелгі аты «Өзім туралы повесть» Алматыда басылды. «Қожаның жағымды қылықтарынан жағымсыз қылықтары көп. Балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек», – деп алая қарағандар аз болған жоқ...

Орыс тіліндегі «Қожаның» тұсауын Москва кесті. ...Қазақтың сүйкімді де қара сотқар баласы осыдан соң бүкіл Совет Одағын аралап кете барды... Біраздан кейін кітап Парижде француз тілінде басылды. Қазақфильм «Менің атым Қожа» повесі бойынша көркемсуретті кинофильм түсіруге кірісті. Режиссері – Абдолла Қарсақбаев. 1967 жылы Францияның Канн қала-

сында өткен халықаралық кинофестивальде жүлдеге ие болды. Шығарманы жазардағы ең басты мақсатым: жақсылыққа тәрбиелеу. Қожа – есер емес, есті тентек. Бір көрген адамға «жаман бала», «қиын бала» болып, кейін мүлде өзгеріп, жақсылардың қатарына қосылып кететін балалар аз емес қой...».

Б.Соқпақбаев

1

Білу

1. Бердібек Соқпақбаев қашан, қай жерде туған?
2. Жазушы атын ерекше танытқан қандай туынды?
3. «Менің атым Қожа» қай жылы экранға шықты? Қандай жүлдені жеңіп алды?
4. Б.Соқпақбаев қандай повестер мен романдар жазған?
5. «Он алты жасар чемпион» қандай жаңа нұсқаға ие болды?
6. Жазушы шығармаларының тақырыбы қандай?

2

Түсіну

Неліктен жазушы аты тез танымал болды?

3

Талдау

Жазушы туралы мазмұндаудың жоспарын құрыңдар.

4

Жинақтау

Б.Соқпақбаев туралы сөйлесудің тірек сөздерін жазып, тірек сызбасын жасаңдар.

5

Қолдану

Қосымша дереккөздерінен қаламгер туралы қызықты материалдар тауып келіңдер.

6

Баға беру

Жазушыға оқырман ретінде хат жазыңдар.



### Кітапсүйерлер үшін

Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Жекпе-жек» атты шығармаларын оқып, кейіпкерлері туралы ой бөлісіңдер.





Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінің желісі бойынша түсірілген көркем фильмді көрген боларсыңдар. Қожа – қазақ балаларының сүйікті кейіпкері. Біз де Қожамен жақынырақ танысайық!

## Менің атым Қожа

Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қарандаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар – жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіңе де ұнамайды-ақ. Өттең, қолдан келсе, табанда өзгертіп, өдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызылшақа болып, жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әке-шешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу

### Естеріңе түсіріңдер:

Б.Соқпақбаев кім?

Қандай шығармалар жазған?

### Меңгерілетін білім:

Шығарма неге «Менің атым Қожа» деп аталады? Қожа қандай кейіпкер?

### Зергер сөз

Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өз айналамды дорбалап жинаймын. Бір сөзбен айтсам: өзін жазатын жазушымын.

*Б.Соқпақбаев*



## Бағалы дерек

Есім таңдауда халық түрлі сенімге сүйенген. Оны халық ауыз әдебиеті шығармаларынан кездестіруге болады. «Алдаркөсенің алғашқы қадамы» атты ертегіде Алдаркөсенің неге осылай аталғаны жөнінде былай деп айтылады: «Адам өзінің азан шақырып қойған атына сай өмір сүреді» дейді халық. Солай болса солай да шығар. Алдар көсенің әкесінің есімі Алдан екен. Шынында да, ол өмірбақи алданып өткенге ұқсайды. Содан да болуы керек, алданудан зәрзап болған аңқау азамат тұңғышының атын Алдар қойыпты.

«Ел аузында»

### CD 12

Қожаберген қалай Қожа атанды?

### CD 13

Қожаның арманы қандай?

## Сөздің көркі – мақал

Әкенің бала алдындағы міндеті – жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру.

солай атап жіберген. Өскембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді, өзге қызу жұрт сол арада ду қостап, осы болсын баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсақ та таппаймыз дескен. Міне, сол күннен, сол мезеттен бастап әлгі ат сенімен бірге туғандай маңдайыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да, мойныңа іліп жүре бересің.

Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр. Жұырда мен газеттен оқыдым, қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа толғанша, оның тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «кенжем», «сүйіктім», «жұпарым» деген секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай есім ұнаса, соны таңдап алады. Міне, әділдік деген. Осы дұрыс емес пе?

Менің атым Қожа. Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. «Туу куәлігінің» өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе Қожабергеннің құйрығы үзіліп түсіп қалыпты... Сонымен, мен өзім есілгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін, өңімізге қарап, мені «Қара Қожа», оны «Сары Қожа» деп атайды.

Фамилиям – Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан алабөтен жарылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайта келдім...

Сөйтіп, мен сендерге өзімнің аты-жөнімді айттым. Ал көркем шығармада кейіпкердің кім екені аталып қана қоймай, сырт бейнесі қоса сипатталатын дәстүр бар ғой. Енді соған көшейін... Мынау, міне, мұрным. Әжем кейде менің атымды атамай, «тәмшіш неме» дейді. Оның айтқаны ып-рас екен ғой. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындай үңірейіп тұр. Екі шекемнің шығыңқылығы болмаса, басым қарбыз тәрізді доп-домалақ, тап-тақыр. Шашымды Әубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыпырып алып тастаған.

Оһ, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес. Осы ауылда оны алуға жарайтын бір ғана ұстара бар – ол Әубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып, жүрмей

қалады. Шашымды әр алған сайын Әубәкір мені бірінші рет кездестірген адамдай таңғалып бітеді.

– Япырай, мұндай да шаш біте береді екен-ау! Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек. Мінезіңнің шатақтығы осыдан-ақ көрініп тұр.

Сол жақ құлағымның астына таман бір түйір қалым бар. Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұңғақ боласың дейді. Өткен күзде мектепте дәрігер қарап өлшегенде, бір жүз отыз тоғыз сантиметр шыққан едім. Жасым он екіде. Бесінші класты бітіріп отырмын...

Таңертеңгі шайымды ішіп алғаннан кейін, аяндап мектептің спорт алаңына қарай келе жаттым. Қолтығымда добым бар. Біздің «Спартак» кеше «Қайраттықтардан» жеті де бес болып ұтылған еді. Бүгін оларды қалай да жеңуіміз керек. Команданың капитаны ретінде соған қатты ширығып, іштей дайындықпен келе жатырмын.

Мектептің жанында Жантас ұшыраса кетті. Қолында мөр басылған бір

жапырақ жазулы қағазы бар. Соны шертіп-шертіп қойып:

– Қара көже, мынаның не екенін білесің бе? – дейді.

– Ол не?

– Лагерге жолдама. Біз лагерге баратын болдық. Ал сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қалатын болдың.

Тілінің қыршаңқылығы үшін Жантасты мытып алғым келіп тұрдым да, әуелі жолдама жайын тиянақтамақшы болдым:

– Оны саған кім берді?

– Кім беруші еді. Майқанова апай берді. Бірақ сен жоқсың тізімде.

«Неге жоқпын?» Жантастан Майқанованың қайда екенін сұрап едім, «мектепте» деді.

Бұдан былай біреуді келемеждеп сөйлеудің қандай екенін білу үшін, Жантасты мұрынға сырт еткізіп бір шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер бөлмесіне алқынып кіріп бардым. Майқанова бірдеңе жазып, жалғыз отыр



**Сөзмаржан****Шаптау** – жапсыру.**Тәмпіш** – кішкене келген, қысқа, келте (мұрын).**Танау** – мұрын.**Тұтқырлану** – жүзі қайырылу, өтпеу.**Сұңғақ** – ұзын, бойшаң.**Мыту** – қатты қысып жіберу, батыра ұстау.**CD 14–15**

Қожа қандай кейіпкер?  
 Қожаның кінәсін  
 мойындауы ерлік пе  
 әлде шарасыздық па?

екен, маған басын көтеріп алып, таңырқаған кейіппен қарады:

– Не болды? Не болды, Қадыров?

– Лагерьге жолдама беріңізші маған.

– Саған бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте барасың.

– Неге?

– Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал, екіншіден, ең әуелі, біз лагерьге үлгілі, тәртіпті оқушыларды жібереміз.

– Жантас немене... менен артық болғаны ма?.. – Бермесеніз, қойыңыз, – дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім.

Соңымнан ілесе шыққан Майқанова:

– Қадыров, бері кел!

Мен бұрылып та қарамадым.

– Қадыров!

Есіктен жүгіріп шығып кеттім.

**1****Білу**

1. Қожаның ойынша, қандай есімдер жоғары идеялы есімдерге жатады?
2. Тағы қандай есімдер бар?
3. Өмірде қандай әділетсіздіктер толып жатыр?
4. Кейіпкер газеттен қандай мәлімет оқыды?
5. Кейіпкердің портреттік сипаттамасы қандай?
6. Қожаның шашын кім алады?
7. Қожа туралы не білдіңдер?
9. Қожа таңертең қайда келе жатты? Оған кім ұшыраса кетті?
10. Жантас екеуі не туралы сөйлесті?
11. Қожа не істеді?
12. Қожа қайда келді?
13. Майқанова оны қалай қарсы алды?
14. Екеуі не туралы сөйлесті?
15. Майқанованың жауабын естіген Қожа не істеді?

**2****Түсіну**


1. Неліктен Қожа атын өзгерткісі келеді? Аты өзіне неге ұнамайды?
2. Не себепті Қожа «өмірде әділетсіздіктер толып жатыр» дейді?
3. Неліктен сыныпта оны «Қара Қожа» деп атайды?
4. Әжесі неге «тәмпіш қара» дейді?
5. Әубәкір шал неге Қожаның шашын алған сайын таңғалады?
6. Қожа қандай мақсатпен спорт алаңына келе жатты?
7. Қожа не себепті Жантасты мұрнынан шертті?

8. Майқанова неліктен Қожаға таңырқап қарады?
9. Неліктен Қожа есікті тарс жауып, жөнеле берді?
10. Қожаның тентек болу себебі неде деп ойлайсыңдар?

3

Талдау

1. «Венн диаграммасы» арқылы Қожа мен Жантасты салыстырыңдар.



2. Қожа оқыған мектеп пен қазіргі мектепті салыстырыңдар. Қандай қорытынды жасадыңдар?

4

Жинақтау

Сурет бойынша үзіндіні мазмұндаудың жоспарын құрыңдар.



5

Қолдану

1. Қожаның портреттік мінездемесіне сүйене отырып, өздеріңе, достарыңа сипаттама, мінездеме беріп көріңдер. Есімдерің туралы қандай мәлімет бере аласыңдар? Өз есімдеріңнің сырын біліп келіңдер.
2. Қожа туралы пікірлерің қандай? Қожа сияқты оқушылар сыныптарыңда бар ма? «Синквейн» әдісін қолданып, Қожаға бесжолды өлең арқылы мінездеме беріңдер (өлеңде бір зат есім, екі сын есім, үш етістік, сөйлем, түйін сөз болу керек).

3. Өздеріңді Қожаның сыныптасы ретінде сезініп, Қожаға мінездеме беріңдер. Қожамен дос болар ма едіңдер? Неге?
4. Әңгімені жалғастырып көріңдер, автор ойын аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
5. Жазушының хрестоматияда берілген басқа да әңгімелерінен үзінділерді оқып, кейіпкерлері туралы пікірлеріңді білдіріңдер. «Кейіпкерлер әлемі» ойынын ұйымдастырыңдар. Ол үшін топқа бөлініңдер. Өр топ бір-бірлеріне әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. Сұрақтардың мазмұны шығарма кейіпкерлерімен, орын алған оқиғалармен байланысты болуы керек. Ұтымды сұрақ пен мәнді жауап бағаланады. Іске сәт!
6. Рөлдік ойын. Мәтіндегі кейіпкерлер рөлін бөліп алыңдар. Хрестоматияда берілген үзіндіні де пайдаланыңдар. Әрқайсысың алған образдарыңды сомдап шығыңдар. Содан соң рөлдеріңмен алмасыңдар. Өздерің туралы не білдіңдер? Қандай сезімде болдыңдар?
7. Үзінді мазмұны бойынша «Мәтін құра» ойынын ойнаймыз. Ол үшін мәтінді оқып шыққаннан кейін қолдарыңа қалам мен қағаз алып, сұрақтар құрастырыңдар. Сұрақтарыңды өз іштеріңнен сайланған жүргізушіге өткізіңдер. Барлықтарың сұрақ құрастырып болған соң, жүргізушіден кез келген парақты алып, жауабын ойластырыңдар. Жауаптарыңды бір-біріңмен талдағаннан кейін, мәтін тәртібі бойынша орналастырыңдар. Содан кейін өздеріңнің жауаптарың бойынша құрастырылған мәтінді мазмұндап беріңдер. Ойын соңында сендердің мәтіндерің берілген үзіндімен салыстырылады. Ойын қорытындысы бойынша ең белсенді оқушы анықталады. Іске сәт!
8. Үзіндіні оқи отырып, әрқайсысың үш жақты күнделік толтырыңдар, оны жұпта, топта талдап, ой қорытынды жасаңдар.

Мәтіннен ерекше әсер еткен немесе ой салған дәйексөз келтіру	Жеке түсінік беру: осы дәйексөзді жазуға не мәжбүр етті? Қандай ой тудырды? Осыған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат»-сұрақтар

9. <https://www.youtube.com>. сайтынан «Менің атым Қожа» фильмін көріңдер.

6

Баға беру

1. Концептуалдық кесте толтырыңдар:

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға

2. Қожаның болашағы туралы қандай болжамдар жасауға болады?
3. Қожаға қандай мазмұнда хат жазар едіңдер? Сендердің қиялдарыңдағы Қожа қандай? Қазіргі заманда Қожа сияқты балалар бар ма? Бүгінгі күннің Қожасы туралы айтып беріңдер.

### Артық болмас білгенің



«Менің атым Қожа» фильміндегі Қожаның рөлін Нұрлан Санжар (Сегізбаев) ойнады. Ол Алматы қаласындағы №33 мектепте оқыған. Фильмге түсіп жүрген кезінде ұзақ уақыт сабақты жіберіп алған себепті, екінші жылға қалып қойған. Осы Қожа рөлінен кейін Нұрланды басқа фильмдерге де түсуге шақырғанмен, ол өзге фильмдерге түсуге өте сирек келіскен. Себебі ол бар болмысымен өзіне ұқсайтын кейіпкерлерді ғана сомдағысы келген.

Нұрлан Санжар – философия ғылымдарының кандидаты, бірнеше кітаптың авторы. «Қазақфильм» студиясында жұмыс істейді, бірнеше көркем фильм сценарийлерінің авторы. ВГИК-тің сценарий факультетін бітірген. Ол балаларға арнап «Періште» кітабын жазды.

<http://massaget.kz>

### Диалог құру



Қожамен диалог құрыңдар.

### Әдебиет теориясы



#### Повесть туралы түсінік

Баяндау түрінде қарасөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарманың түрін **повесть** деп атайды. Ол көлемі жағынан әңгімеден үлкен, романға жақындау. Повестегі оқиғалар жинақы, сюжеттік желіс, негізінен, бір арнада өрбиді, кейіпкерлер саны әңгімеден көбірек. Мұнда бірнеше оқиға, адам өмірінің кезеңдері кеңірек, дамытыла суреттеледі. Мысалы, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы повесть жанрына жатады.

*«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері»*

### Тапсырмалар



Повесті әңгіме жанрымен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын біліп алыңдар.



Қазақ көсемсөзін жаңа бір кезеңге көтерген дарынды қаламгер Марат Қабанбаевтың шығармашылық әлемі туралы біліп алу мүмкіндігін пайдаланайық!

## МАРАТ ҚАБАНБАЕВ



МАРАТ ҚАБАНБАЕВ  
(1948–2000)

### Зергер сөз

Өзгеге ұқсамауға тырысушылық, өмір шындығын өзінше бейнелеуге, соны соқпақ салуға құштарлық – Маратқа, оның творчествосына ғана тән қасиет.  
«Тұлғалар»

### Естеріңізге түсіңіздер:

Бердібек Соқпақбаев туралы не білдіңдер?

### Меңгерілетін білім:

Марат Қабанбаев кім?

Қандай шығармалар жазған?

Марат Қабанбаев 1948 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында дүниеге келген.

Жазушы *«Айшылық алыс жол»* атты романның, *«Пысық болдым, мінеки»*, *«Бақбақ басы толған күн»*, *«Арыстан, мен, виолончель және қасапхана»*, *«Қала және қыз бала»* повестерінің авторы.

*«Бақбақ басы толған күн»*, *«Арыстан, мен, виолончель және қасапхана»*, *«Пысық болдым, мінеки»* атты повестері Мәскеуде жарық көріп, неміс, украин, латын, орыс, өзбек, молдаван тілдеріне аударылды. *«Бақбақ басы толған күн»* шығармасы *«Мен он екіге толғанда»* атты телефильм болып шықты.

Марат Қабанбаев *«Пысық болдым, мінеки»* повесі үшін халықаралық Христиан Андерсен атындағы сыйлықты иемденіп, Құрмет дипломымен марапатталған.

### Бағалы дерек

Жазушы өзі туралы былай жазды: «Бала кезімде географ болуды армандайтынмын. Анам кітапханашы болатын, сондықтан «Робинзон Крузо» сияқты көптеген қызық оқиғалы кітаптарды тауып оқыдым. Ересектер үшін әңгіме, ал балаларға арнап повесть, роман жазғанды ұнатам, себебі кең көлемді шығармада кейіпкердің жан дүниесіндегі сезімдерін, әрекеттерін толыққанды беруге болады».





Соғыс зардабынан жапа шеккен жетімдер тағдыры туралы жазушы қандай ой тербейді?

## Бауыр (әңгіме)

Манап «Директор» деген алтын жазулы кабинетті тез тауып алды. Рұқсат сұрап, сыпайы кірген мұны басынан аяғына дейін шапшаң шолып шыққан жасамыс, ақ сары әйел орнынан тұрып, нақ алдындағы орындықты нұсқады.

Бұл кабинеттің табалдырығын аттаған жан ең әуелі ашық қабақ пен жылы сөзді аңсап келетінін жақсы біле ме, директор саулығын, жол машақатын тәптіштеп сұрады. Ақыры директорлық мінезге аумай көшті. «Бұйымтайыңыз?» деген сұрақты көлденең тартты. Манап шаруасын айтты. Дипломатының тістей қатқан кере қарыс аузын ашып, неше күн бұрын қаттап-бүктеп, шекесін темірмен қыстырып қойған қағаздарын шығарды. Директор құжаттарды алдына жайып салып, қадағалап оқыды. Сонан соң бірнеше сұрақ қойды. Университетте оқиды, неше жылдан бері іздеу үстіне іздеу салып, Қалидың бұл күндегі мекен-тұрағын, мына балалар үйін әрең тауыпты, анау жылдардан бері інісін көрген емес. Манаптың рет-ретімен қайтарған жауабы осы төңіректен шықты. Әр қайырма сайын басын бірде шайқап, кейде изеп, жігітті жылы шырайда тыңдаған директор саусақтарының буынын сыртылдатып үзіп отырды да, сөзге көшті...

Кібіртіктеп бастаған директордың тұяғы қыза келе жерге тимеді. Директор болғанына, міне, биыл табаны күректей он бес жыл. Одан бұрын оқу ісін басқарған. Былайша айтқанда, балалар үйі көз алдында қаз тұрды. Бірнеше жатақхана, спорт залы, әрқилы мамандыққа баулитын өндіріс шеберханалары, ну орманның ортасын ойған тынығу лагері – бәрі-бәрі балалар үйінің қазынасы. Ансамбль, драма, би, тағы басқа үйірмелер бар. Мереке сайын балалар өз күшімен концерт қойып, спектакль көрсетеді. Балалар үйінің тарихы да көл-көсір.

### Сөзмаржан



**Бауыр** – 1) ағзадағы зат алмасу үдерісіне қатысатын, қанды тазартатын ішкі мүше; 2) бірге туған қандас туыс.

**Жасамыс** – ересек, орта жастан асқан; *ауысп.* Көпті көрген, тәжірибелі кісі, маман.

**Бұйымтай** – 1) біреудің сұрамақшы нәрсесі, қалауы, қолқасы; 2) *ауысп.* Арнайы барған іс, шаруа.

**Дипломат** – *мұнда.* Портфель орнына қолға ұстауға ыңғайлы төртбұрышты қол сандықша.

### Бағалы дерек

Балалар үйі – ата-анасыз қалған балалар үшін құрылған тәрбие беру мекемесі. Балалар үйін ұйымдастырудың мақсаты – балаларға мемлекет тарапынан пана болу, материалдық, моральдық көмек беру, олардың білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау, мамандық таңдауына көмектесу, тәуелсіз өмір сүруге даярлау. Жалпы білім беретін оқу-тәрбиелік мекемелерде балалар 3 жастан 18 жасқа дейін толық мемлекет қамқорлығында болады. Қазақстанда алғашқы балалар үйі 1918 жылы ашылған.

*«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы*

Ертерек есейіп, қанат қағып ұшқан түлектердің арасынан бұл күнде Еңбек Ері, академик, бірнеше докторлар шығып отыр. Әйгілі жазушы да осы тізбекте. Және де олар өскен ортасын ешқашан ұмытқан емес. Жылына кем дегенде бір рет балалар үйіне соғып, әңгіме, кездесулер өткізіп тұрады. Балалар үйі кімді болсын, үлкен өмір жолына аттандырып салғасын естен екі елі шығармайды. Хат жазысып, хабарласып тұрады. Келімді-келімді хат-хабардың көптігі сонша – соларды сұрыптап, жауап жазатын арнаулы топ құруға тура келді.

Лекіп сөйлеген директор жол ортада бөгеліп, інісін іздеп келген жігітке қараса, стол бетіне үңіліп, жылтыр тақтайды жанарымен сүртіп отыр екен. «Орынсыз мылжыңдап, түн қатып, түсі қашып келген қонағымды шаршатып алдым ба?» деп ойлады ма, болмашы қызарып, күлімсіреді. Төмен қарап, көзімен жер сүзу Манаптың, қала берді Төрекелді тұқымының маңдайына жазылған қасиет екенін бір көрген директор қайдан білсін?!

– Жә, оның бәрін бүгін-ертең көзбен көріп, қолмен ұстай жатарсыз. Жатақхана есебінен бөлінген шағын, шағын да болса жайлы қонақжай бөлмелер бар. Ініңізді қасыңызға алып жатыңыз да, шер тарқатып, емін-еркін әңгімелесіңіз, ағалық ақылыңызды аямаңыз. Болашақ философпын дедіңіз, оны да бір сынап көріңіз. – Директор оң қолының астындағы қызыл түймені төбесінен басып қалды. – Эльжбета Сергеевнаны шақыра қойшы, Лидочка. Күн сәулелі бауырлас республикадан қонақ келгенін қадап айт, – деген шұғыл тапсырманы тәй-тәй басып кірген жас қыздың мойнына іліп жіберді...

– Виктория Ивановна, мені шақырдыңыз ба?

Есік көзінен отыздың жуан ортасындағы әдемі келіншек күлімсірейді. Қырым артық еті жоқ денесі ауада қалқып тұр. «Етек-жеңінде желбіршектері мол әрі ұзын етек жібек көйлек киіп, жел өтіне шыға қалса, Икар құсап дөңгеленіп айналып, аспанға ұшып кетер еді-ау» деп ойлады Манап.

– Құзырыңызға құлдықпын... – Манап басын әнтек изеді...

– Ініңіздің аты-жөні кім? Есіме түсіріп жіберсеңіз.

Ойға шомған Манап басын көтерді.

– Төрекелдиев... Төрекелдиев Қали!

– А, Төрекелдиев Гали! Айып етпессіз... Элочка, бір минут кідірме, бұл кісіні Галиға бастап апара ғой. Тек байқа, Манап... е-е...

– Манап Сымбатович...

– Рақмет. Иә, Манап Симбатович секілді ағам бар деген ой, әрине, Галидың үш ұйықтаса түсіне кірген емес. Өзіңіз де білесіз, балалар үйіне құртақандай кезінде, бар-жоғы төрт жасында қабылданыпты. Осыны ескерсеңіз, – деді де, жігітке «оқасы жоқ, абыр-жымаңыз, бәрі орын-орнына келеді» деген райда қарап қойды. Содан соң аға тәрбиешіге бұрылды. – Өсіп кеткен сойталдай бозбаланы Манап Симбатович та салған беттен тани қоймас. Осы екі арада қолайсыз жағдайлар туып кетіп жүрмесін. Манап Симбатович ренжімесе, сыртта қалдыра тұр да, Галиға өзің кіріп, бақайшағына дейін алдын ала жақсылап түсіндір. Адам жаны – мөлдір әйнек, шытынатып алсақ, қайта жамай алмаймыз.

Жалығыңқырап қалды ма, қабақ астына көлеңке үйірген Эльжбета Сергеевна директордың алдын кесіп, лыпылдай жөнелді.

– Еш қам жемеңіз, Виктория Ивановна. Күнде көріп жүрген үйреншікті жағдай. Алайда Турекелдиев Гали деген фамилия қанша ойлансам да есіме түспей тұр. Сегізінші сыныпта Турекелдиев Гали деген спортсмен бала бар. Оны өзіңізде білесіз. Ал Турекелдиев, Турекелдиев... білсем бұйырмасын.

– Балаларды сұрыптаған кезде ондай-ондай қателіктердің көкесі кетеді ғой, Эльжбета Сергеевна. Апаш-қапашта бір-екі әріп дұрыс-бұрыс жазылды ма деп кім шұқшиып жатсын. Қалай естісе, солай жаза салады. Турекелдиев осылай Турекелдиевке айналды. – Өзін сүріндірген Гани, Қали мәселесін орай шапты. – Мұндай қате, әсіресе Турекелдиев сияқты ұзын фамилияларда жиі кездеседі. Ал ініңізбен қуанышпен қауышыңыз! Бір бөлме кетер-кеткенше құзырыңызда. Қанша күн аунап-қунасаңыз да өз еркіңіз. Ашыла сырласып, бір-біріңізге ет үйретесіздер. Ертең қайтасыз ба? Қап, қап! Ендеше, сапар алдында ініңізді ертіп, маған кіріп шығыңыз. Көріскенше күн жақсы, Манап Симбатович!

Эльжбета Сергеевна баспалдақтарды шеки басып, төмен түсіп келе жатып:

– Өзі балалар үйі болса, шұрқыраған жеткіншектері қайда деп келесіз, ә? – деді бұрыла қарап. – Жазғы демалыс әлі аяқталған жоқ. Төменгі сыныптар лагерьде, жоғарғы сыныптың оқушылары қала іргесіндегі жеміс совхозында қияр, қызанақ теріп жүр. Қали секілді спортпен шұғылданатын балаларды алып қалғанбыз.

### Даналық ойдан дән ізде

Аға деген,  
Іні деген –  
Бір-біріне туысқан.  
Аға деген,  
Іні деген –  
Жаралғандай құрыштан.  
О.Әубәкіров

### Сөзмаржан



**Шер тарқату** – мұңын шағу, айту.

**Бақайшақ** – аяқтың башпай сүйектері; 2) мұнда. Бүге-шігесіне дейін.

**Икар** – Ежелгі грек аңыздарындағы кейіпкер.

**Кібіртіктеу** – баяу, сылбыр, ақырын.

**Сойталдай** – еңгезердей, ірі, сорайған, биік.

### Даналық ойдан дән ізде

Бірлік болса,  
Ерлік болса,  
Алынбайтын қамал жоқ.  
Қорқақ болса,  
Шорқақ болса,  
Одан өткен жаман жоқ.  
О.Әубәкіров



CD 16

Өңгіме кейіпкері  
Манаптың балалар  
үйіне келу себебі неде?



Сөзмаржан

**Бағзы** – баяғы.  
**Қанбазар** – жексенбі  
күнгі нағыз қызған базар.  
**Мысқал** – шамалы,  
болар-болмас.

Мереке қарсаңында қала мектептері спорттың әр түрінен дәстүрлі жарысқа шығады. Күні-түні ала-сұрып, соған ақ тер, қара тер дайындалып жатыр. Былтыр бірінші орын алғанбыз. Биыл да ешкімге бермейміз деген талабымыз таудай.

Екеуі ағаштардың ұзын көлеңкелері сұлап-сұлап жатқан аллеяны қуалай келіп, бір қабатты қыш үйге маңдай тіреді.

– Ойнайтын да, қайнайтын да спорт залымыз осы. Балалар қазір жаттығып жатыр. Орындыққа тізе бүгіп, тоса тұрыңыз. Мен Қалиды ертіп шығайын. Кешіксек, кешірерсіз. Спортшылардың жаттығудан соң жуынып, тер басатынын өзіңіз де білесіз.

\*\*\*

Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кең иықты болмаса да, ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала, дұрысы бозбала, сыртқа серпіндей басып шыға келгенде, Манап орнынан ұшып тұрды. Сол, соның нақ өзі. Төрелді тұяғының сынығы. Қол созып, мына баланың қай жерін ұстаңыз, әкесі Сымбаттың өзімен бірге жер астына ала кеткен нышан белгілері. Жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын жуас, момын, ал жиын-тойда шетінен түйе палуан атанған, додаға түссе, көкпардан көкпарды қақшып қоймайтын Төрелдіевтер тұқымы... Кешегі қанды соғыста Сымбаттан өзгесі баудай түсіп, Манап пен мына қара құлақ Қали баладан басқа тігерге тұяқ қалмаған Төрелдіевтер үйірінің кенже құлыншағы...

Бозбала Манапқа самарқау, бей-жай көз салды да, аға тәрбиешіге бұрылды.

– Түу, Эльжбета Сергеевна, терді жаңа ғана үгіп, тырыс-бырысты жаза бастағанымыз сол еді. Басқа қолайлы уақыт табылмады ма? – деді қалыптасып қалған қоңыр үнмен. Алақанына қыстыра шыққан тарағын дымқыл шашына көміп жіберіп, артқа қарай көтеріп-көтеріп тастады. «Маңдайына көлкітіп жіберсе ғой, тым жарасып кетер еді. Ересек адамша артқа қайырғанын қарашы. Тез ержете алмай, он бес жастың тар қауызына сыя алмай қыстығып жүрген қарағым-ай!» Манаптың ішінде оттай ыстық бірдеңе шыжылдамай да, көңірсімей де жайлап еріп барады.

– Сөзіңе болайын, Гали. Жаттығу ағаңнан қымбат болып па? Алыстағы ағаң жыл он екі айда бір рет

келеді. Жаттығу қайда қашады, ертең-ақ сүмек боп терлеп, кеткен ақынды артығымен қайтарып аласың, – деді жымыған қалпын мысқал бұзбаған Эльжбета Сергеевна.

«Алыстағы ағаң...» дегенде Қали бетін бермен бұрды. Бұл жолы зер салып қарады. Бағзы жылдарда біреуді біреу біліп болмайтын қанбазардың қақ ортасында кездейсоқ ұшырасып қалған көлденең көк аттыны қазір түстеп тани алмай тұрғандай жүзінде толқу бар. Баяғыда бүйірі түскен қара чемоданын арқалап, астанаға оқу іздеп аттанғанда Манапты ешкім шығарып салмаған, оқуына түсіп, қуанышы қойнына сыймай қайтқанда жан адам қарсы алмаған. Сол себепті ме, Манабың мұндай сын сәтте қайту керектігін білмейді екен, құшағын жайып жіберіп, «ой, бауырымдап!» ентелей жүгірудің орнына қаққан қазықтай қыдиып тұра берді. Жымыиыс табын ерін ұшынан тез-тез жиып алған Эльжбета Сергеевна Қалидың құлағына сыбырлап қалды: бойшаң бозбала сонда ғана теңселіп кетті, баспалдақтарды санап басып, төмен түсіп, бері беттеді.

### Сөздің көркі – мақал

Адам болатын бала  
алысқа қарайды.

Адамдықтың нұры бол,  
Адалдықтың құлы бол.



### Сөздің көркі – мақал

Жанашыры жоқ адам жал құйрықсыз атпен тең.

### Сөздің көркі – мақал

Әкесі бардың арысы бар,  
Ағасы бардың жағасы бар,  
Інісі бардың тынысы бар..

Бұл кезде өзін-өзі қамшылап үлгерген Манап та қорғасын аяғын әрең алып, қарсы жүрген. Бой жағынан қарайлас бозбала төніп қалғанда:

– Бар екенсің, бауырым! – деп, алға созған екі қолын айқара ашып, ыстық құшаққа айналдыра беріп еді, Қали:

– Здравствуйте, дяденька! Как живете? – демесі бар ма! Созған қолы сынғандай сылқ түсті...

Жер шетінде жатқан балалар үйіндегілердің орысша оқып, орысша сөйлейтінін неге білмесін. Білу бар да, көзбен көріп, қолмен ұстау бөлек екен. Соңғысы алдыңғыдан он есе ауыр ма деді. Сырт көзге Манап сабырлы, салмақты көрінгенмен жетім өскен адамның мінезі бұған да жұққан; ешкімге сыр бермесе де іштей қиналып, іштей желінетін. Аға тәрбиешіні дер кезінде есіне түсірді де, бойын жинады. Қалидың амандасу үшін солаңдатып ұсынған қолын ұстай алды да, сілкіп өзіне тартып, төсіне төс тигізді, маңдайынан иіскеді. Тіп-тік бозбала иілмеді, ағаштан шабылған жансыз мүсінді құшақтағандай болды. Шашынан шыққан арзанқол сабынның иісі кеңсірігін жарды. Эльжбета Сергеевнадан қысылды ма, Қали бетін алып қашып, құшағынан сытылып шыға берді.

– Да ну...

Абырой болғанда, аға тәрбиеші қызық шыжыққа айнала бастағанын аңғарып қалды.

– Мен кетейін... Іздей қалсаңыз, Виктория Ивановнаның қасынан табыламын.

Кібірттік басып, ұзай берді...

Қали аяғына сұққан ала таспалы кроссовканың тұмсығымен көлденең жатқан қиқым шөпті қуалай түрткілеп, бей-жай сылбыр тұр.

– Кел, отырайық! – деді Манап ағаш орындықтың шетіне құйрық басып.

Отырды.

– Халің қалай, Қали?

Төрекелдиевтерге заман шекесінен қараған жылы балалар үйіне өтіп кеткен төрт жасар баладан бұл күнде сойталдай бозбалаға айнала салған Қалиға: «Халің қалай, інім?» деуге аузы бармады. Десе, Қали мұның аға екеніне сенбей қоятындай, құлағына ілмейтіндей жүрексінді.

– Спасибо. Так себе... – Қалидың көзі батып бара жатқан күннің қалың жапырақ арасынан суырылып түскен алып қашты сәулесіне шарпысып отыр.

«Қайтсін, кіндігі бір болса да, өскен ортасы басқа. Адам жаңа қалпақ екеш қалпақты да байқап-байқап киеді. Жер астынан шыққан желім батырдай жабыса кеткен жаңа ағасын жатсынып отыр ғой. Өзіме де обал жоқ. Әуелі хат жазып, тіл алысып, ағайын, аға жайын құлағына жайлап сіңіріп алған жөн еді. Жиырманың төртеуіне келген мен бүйтіп берекем қашып, күлім шашылғанда, бесіктен белі шықпай жатып, туған жерден шағандап кеткен бұған не жорық?!» – деп ойлады. Қалидың дөңес мұрын, кесек пішінді бетіне іші езіле, елжірей қарап қалыпты.

– Оқуың қалай? Биылғы сыныбың сегізде ме?

– Сегіз... А... Иә... – Қали басын әнтек изеді.

– Жатар орын, киер киім, ішер ас... таршылық көріп жүрген жоқсың ба?

Қали: «Осы не деп отыр?» дегендей, бар денесімен бұрылып, жігітке тесіле қарады. Орынсыз сұрақ қойғанын кеш білген Манаптың бетінен оты шықты. Аға болу қиын шаруа екен. Қалиды қайдам, ініге аға болып, еміренуден Манап қалыпты. Ойлап отырса, он бір жыл бұрын Қалиды балалар үйіне тапсырып тұрып, сорасы ағып, үнсіз жылағанда ғана аға болыпты. Қазір ол ағалық сезім ұмыт. Сүт пісірім бұрын Қалиды көргенде ғана кеудесіне нұр құйылды. Осы минутта оның орнына у құйылғандай. Әр нәрсенің басын бір шолып, уақыт молшылықта не жұмысы бар? Қали алда-жалда шамданып қалып: «Таршылық көретінімді білсеңдер, он жыл бұрын балалар үйіне қолдарыңнан берер ме едіңдер?» десе, не бетін айтады? Әйтпесе: «Бөліп беретініңіз бар ма?» деп төтеден салса ше... Қали айтса орынды, көтеріп аласың. Сымдай тартылып, серіппедей атылғалы отырған Қалидың, мемлекет қамқорлығындағы Қалидың халі өз халінен, жалаңаяқ студент жағдайынан көш ілгері. Оң-солын танып қалған бала оны білмейді дейсің бе? Жалпы іштей қорқып отыр. Алматыдан аттанғалы іштей дайындап, неше қайтара пысықтап келген басты сауалын қабырғадан қойып, сөзді ашыққа шығарудан тайқақсиды. Әйтпесе: «Халің қалай, жатар орын, киер киім, ішер ас...» деп күмілжу он бір жыл көрмеген ініге қояр сұрақ па? Кеше келіп, бүгін кетіп, күнде төс тигізіп жүрген жанның сөзі ғой бұл, әншейін. Өз-өзін әуелі осылайша іштей сөгіп, сонсоң қайрап алды да, бір деммен:

– Ауыл есінде ме? Көкем, мен... Қалғұты... тау, қалың орман есінде шығар? – деп салды.

### Бағалы дерек

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жетім және ата-ананың қарауынсыз қалған балалардың саны екі есеге қысқарған. Сондай-ақ, балалар үйінің саны екі есеге азайды.

BAQ.kz

### Сөзмаржан



**Кеңсірік** – мұрынның жоғарғы жағындағы шеміршек сүйегі.

**Кеңсірігін жару** – исі аңқып, танауын қытықтау.

**Шығандау** – ұзап шығу, алысқа көшу, жырақтау.

**Кібіртік басу** – баяу, сылбыр жүру.

**Жатсыну** – бөтенсу, жатырқау, тосырқау.

### Сөздің көркі – мақал

Ағайын – ағайынның  
айнасы.

Мал қонысын іздейді,  
Ер туысын іздейді.

Ағайын жақсы болса –  
қанатың,  
Ағайын жақсы болса –  
санатың.

Кроссовканың тұмсығымен тротуарды оңды-солды сызбалаған Қали басын немкетті изеді. Сасып қалған Манап жөткірінді. Ұмыт, тас ұмыт, ұмытып қалыпты... Әйтпесе екі қолын орындық арқалығына созып жіберіп, шалқалаған мына қалпын титтей болсын өзгертер еді. «Япыр-ау, мынау сол Манап па? Бауыры жабысып, бірге туған ағам ба?» – деп, басын көтеріп, бетіне көз салмас па?..

Шай қайнатымдай толғанып, ойын әбден пісіріп алды да, оқыс кимелеп, үсті-үстіне төкпектете жөнелді.

– Өскемендегі балалар үйіне сені бұлыңғыр күзде апарып тапсырдық. Өзге амал да қалмаған. Шешені қылтамақ алып кетті. Жерге қарап, әкеміз күрт шөккен. Соғыстан контузия алған адамнан не сұрайсың? Төсек жаңғыртып, бізге өгей де болса ана тауып бере ме десек, қаны қайта-қайта көтеріліп, ауруханадан шықпауға айналды. Мен мектеп-интернатта оқимын. Сонда деймін де: «Қалмаймын десе, қалмаймын!» – деп зар илеп жылағаның күні бүгін көз алдымда. Ұстап, жібермеген тәрбиешінің білегін қыршып алдың. Біз де көз жасымызды сығымдап тұрып: «Дорба-дорба кәмпит теңдеп, екі-үш күннен кейін келеміз, қорықпа, алып кетеміз қайтадан», – деп алдарқаттық. Теріс бұрылып, тұғжындай берген көкеме көп қарайламай, маған қол созып, пора-пора жылай бердің: «Мака – Манапқа тілің келмей, Мака дейтінсің – кәмпитті сен әкел, сен алып кет!» деп... Содан итіндеп ауылға жеткенше... біреуді жерлеп келе жатқандай... тіс жарғамыз жоқ. Бір апта бойы басыма жастанған күпәйкем таңертең дымқыл тартып жүрді... Төтемнен айырылғасын, сені көкем бақты. Жазғы демалысқа келгенде жаялығыңды өзім жуып жүрдім. Мені өлердей жақсы көретінсің. Бір бидайды бөліп жедік. Қайда барсам сонда, томпаңдап, ізімнен екі елі қалмаушы ең.

Манап көзімен тротуар сүзіп, отырып қалды. Қара жер қойнына өзіммен бірге ала кетермін-ау деп талай жыл тұмшалап сақтаған сырының тиегін ағытса да, аяғына шыққанша асық болды. Туған інімен құрғақ құрайды қырт-қырт жегендей сөйлесермін деп ойламап еді.

Қали ше? Төмен салған кірпігі көзін көлегейлепті. Не ойлап отырғаны белгісіз. Қолдарын айқастырып салған күйі бауырына тығып, іші ауырғандай еңкейіп отыр.



Манап демін жұтып, ақырын күрсінді. Еңкейіп, жерде тігінен тұрған дипломатын іліп алды да, алдына өңгеріп салып, аузын сырт ашты. Жаздық жеңіл костюмнің қаттауын жазып, бірер сілкіді де, орындық үстіне жалпағынан салды, саусағының ұшымен Қалиға сырғытты.

– Биыл құрылыс отрядына барып ем... Табыс тәуір болды. Қырық алтыншы... Дәл шығар. – «Киіп, өлшеп көрсенші» деуге таңдайына жабысқан тұтқыр тілі күрмеуге келмеді.

Қали костюмге көз қиығын немқұрайды тастады да, миығынан күлімсіреді. Сол мезет үстіңгі ернінің сол жақ құйрығы дір етіп шапши қалды. Манаптың қолқасы суырылып кеткендей болды. Жан дүниесі әлем-тапырық. Жасаурай қалған жанарын Қалидан аударып, күн сәулесіне шағылысқан терезелері жапырақтардың арасынан жылт-жылт сығалап тұрған оқу корпусына бағыттады. Аумай тартпағыр, тура көкесі! Әкесі күлмей ғұмыр кешті, қиратқанда күлімсірейтін, сонда ернінің сол жақ құйрығы өстіп жоғары шапшып қалушы еді.

– Киім жағы бар... Жыл сайын жаңалап тұрады. Қырық сегіз болмаса, қырық алты маған тар.

Жайбарақат үн құлағына жеткенде желіп келе жатып, жарқабақ шетіне ойқастап шыға келген аттай желкесі тартып, иегі көтеріле беріп, кегжиді де қалды. «Айдан-айға хабар-ошарсыз, ізсіз кеткен, жылдан-жылға құйрығын ұстатпаған, әрең табылған інісі – осы Қали ма?» дегенді сағызша созып, бөліп-бөліп ойлады.

Сыдыртып самал соғып еді, жасыл жапырақтардан екі-үш сары ала теңге саудырап түсті де, біреуі қалбалақтап кеп, Қалиға, тар костюмінің өңіріне сырғи қонды.

**Жалқы жапырақтан көзін алмай:**

– Бұрнағы жылы көкемнің басына тас жинап, қорған көтердім. Саман кірпішін өз қолыммен құйдым. Көрші ауданнан екі атадан қосылатын туыстар табылған, олар да аянбады. – Сәл бөгеліп, сөзін жалғады. – Бүгінде елдің жағдайы жақсы. Тамақ тоқ, көйлек көк...

Манап ішін тартты. Қали көкесі қашан, қалай қайтыс болды, қаузап сұрамақ түгіл, тіс жармады. Ағасы Манап қалай күнелтті, қай институтқа түсті, оқуы, болашағы не, ләм-мим жоқ. Жарайды, Манапты қойшы, фамилиясына жазылған әке хақында тырнақтай бір ой, тебіреніс қайда? Көзден кеткесін, көңілден бұл-бұл ұшқаны да.

### Сөзмаржан



**Немкетті** – қалай болса солай, немқұрайлы, селқос.

**Қылтамақ** – тамақтан ас өтпей қалатын ауру.

**Итіңдеу** – әрең, зорға, өнбейтін қозғалыс.

**Контузия** – жүйке жүйесі зақымдануына байланысты организмнің жалпы жағдайындағы өзгеріс.

**Саман** – сабан араластырған балшықтан құйылатын шикі кірпіш.

**Тұтқыр** – ауысп. Сөйлегенде кібіртіктеп, бірден көсіліп сөйлеп кете алмайтын.

### Даналық ойдан дән ізде

Аманыңда елжіреп,  
мақтайтын да ағайын,  
Алыстамай айналып,  
жақтайтын да ағайын.  
Ауырыңды жеңіл ғып,  
жоқтайтын да ағайын,  
Еркелетіп бетіңнен,  
қақпайтын да ағайын.  
*М.Ж.Кәпеев*

Аш ішектей шұбатылған ұзын аллеяға көзі түскесін саябырлап, сабасына түсті. «Қарағым!» деп қанатының астына алмағасын, маңдайынан иіскеп, тер иісі аңқыған қойнына алып жатпағасын, әке бейнесі көмескі тартып, жыл артынан жыл өткен сайын өшіп кете барғаны да. Кімге кінә қоярсың? Ошақтың күлін аспанға шығарған соғысқа ма? Ол айып-айбының кімге дәрі? Кілең қамкөңіл. Сөз тізбегі көмейіне лықып келіп еді, Қалиға кенеттен тіл бітті. Аша берген аузын жаба қойды. «Сөйлесінші, іштегі шерін сыртқа шығарып, емін-еркін есіліп ағылсын бір, туған жердің алақандай қолатын алыстан арқалап жеткен аға алдынан бауыры жазыла өтсінші» деген ой ауыздан қақты.

– Мереке қарсаңында жасөспірім боксшылардың қалалық біріншілігі өтеді. Соған жатпай-тұрмай дайындалып жатырмыз. Былтыр финалда ұтылып қалғанмын. Биыл қайтсе де есе қайтару керек. Жасөспірімдер тобы бойынша бірінші разрядым бар.

Бөсіңкіреп кеткенін кеш аңғарған бала бетін бұрып ала қойды.



Манап сергіді. Аз-мұз мақтаныш аралас лебізді естігенде барып жанында кәдімгі алаңғасар бала отырғанына сенді. Жора-жолдастарының үйіне барғанда ойыншықтарын жинап, қайта шашып, ойынға алданып жүретін көп қара домалаққа қара да, мына Қалиға қара, бәрібір. Дегенше және сезікті ой сумаң қағып, маңдайы суып берді. Бауыры жабысып бірге туған дос-жарандарының інісіне теңеп, өзінен алыстата түсіп, құйрығын сыртқа салып отыр екен. Өз інім, қандас Қали інім дегенді санасына қалай сіңіргісі келсе де болатын емес. Жанбай жатып өшкен бұл неткен көңіл?!

Қалған көңіл де...

Қалың ой Манапты әбден меңдетіп, тұралатып тастады. «Боксынан бөтен ермегі бар ма өзі!» деген ойына ілесе:

– Басқа немен айналысасың, Қали? – деді. «Інім» деген жалғыз да жылы сөз аузына тағы түспеді.

Қалидың қабағы жазылып, жадырап жүре берді. Орындықтың көлденең ағашына алақан тіреп, көтеріліп-көтеріліп қойды. Әр сөзі қуаңқы, жігерлі.

– О-о, табиғатты жақсы көремін! Әсіресе жан-жануар, жәндіктерді! Біздегі тірі табиғат мүйісі менің қарауымда. Жылан, бақа, шаян, қоңыз, құс – бәрі табылады. Түгел өзіміз бағып-қағамыз. Үйірмеге отызға жуық оқушылар мүше. Кеше қала іргесіндегі орманға серуен құра шығып ек, сапарымыз сәтті болды. Аузының салымы бар екен, Коля Жеребцов Патрикеевнаның кішкене үйшігінің үстінен шықпасы бар ма...

– Патрикеевна?

– Түлкі дегенім де. Күшік алпыс айлалы мыстан екен. Қашқанынан қашып, жуан еменнің қуысына кіріп кетті. Жеңімді түріп, қолымды сұғып жіберіп ем, бармағымды тістеп алды. Міне, ізі! – деп, ұшы сызылған сұқ саусағын шошайтты. – Жеребцовтың құрметіне «Коля» деп ат қойғанбыз. Коля үйренбей ме, жатырқай ма деп қорқып ек. Бүгін таңертең алдына қақпанға түскен тышқан тастап ек, қайда жатырқаған, екі қылғып, бір жұта салды. «Тағы нелерің бар, әкеле беріңдер» дегендей, «Коля» шіркін жалақ-жұлақ етеді. Күліп қойды. Патрикеевна десе Патрикеевна! – «Бұл тамашаға енді нені қосып айтсам» дегендей, аз-кем ойланды. – Өткен жылы қала мектептері бойынша мүйісіміз бірінші орын алды. Аң-құс, жәндіктің түр-түріне бай екен деп аяғымызды жерге тигізбей мақтады. Жуырда Эльжбета Сергеевнаның ағылшын иттері күшіктепті. Біреуін

### Сөзмаржан



**Тұралату** – шаршату, діңкелету.

**Қыдию** – қаздию, қақию.

**Қуаңқы** – қуанышты, ойнақы, шаттыққа толы.

**Финал** – шешуші сәт.

**Туған жердің қолаты** – туған жердің жылылығы, топырағы деген мағынада.

**Көмескі тарту** – бұлыңғыр, күңгірт.

**Қамкөңіл** – қайғылы, жабырқаулы.

### Даналық ойдан дән ізде

Жазғырма мені, жан-аға,  
Жаманға мені балама.  
Бұлаққа барсаң, жалғыз түп,  
Талшыбық тұрар жағада.  
Шыбық деп мені бағала.  
Кеткенше қиып әлдекім.  
Емен де, мейлің, тал дегін.  
Өзірге менің бар демім,  
Осындай, аға, халдемін...  
*М.Мақатаев*

### Даналық ойдан дән ізде

Аға алдында пейіліңді  
көрсет,  
Іні алдында мейіріңді  
көрсет.  
  
Жақсы ағаң – орман,  
Жақсы інің – қорған.

тегін берем деп отыр. Сондай жақсы адам өзі! – дегенде өңі құбылып кетті. – Қазақстанда ақбөкен жыртылып айырылады деп оқыдық. Соның сүп-сүйкімді бір лағын қолға түсіріп алсақ, облыстан да алдымызға жан салмас едік...

...Іздегенге сұраған дегендей, мына бір қитығы жоқ бейбіт әңгіме басталып кеткені жақсы болды. Он бес жастағы баладан не сұрайсың?! Көрген-білген бар қызығы табиғат мүйісі, ойлағаны бірінші орын, бокс болса, байғұс бала, расында да, басқа несін айтсын.

Түсінген адам кешіре де біледі.

Басын салбыратып отырып-отырып:

– Болашақта кім боласың? – дей салды ерін ұшымен. Қали іркілмеді:

– Ұшқыш... Әскери ұшқыш боламын. Балалар үйінен түлеген ұшқыш ағалар баршылық.

Манап мырс етті. «Аға» деген сөз көп күттіріп барып, аузынан ақыр соңында шықты-ау. Өз ойымен өзі әуре Қали оны елемеді.

– Өнеугүні соның бірі келіп кетті. Клубта кездесу өткіздік, Сидоров Александр Павлович. Ордені бар. Полковник. Соғыста қаза тапқан әкесі де ұшқыш болыпты. Екінші күні жатпай-тұрмай аңдып жүріп, жатақхананың шыға берісінен ұстай алдым да, жеке сөйлестім. «Әскери ұшқыш боламын десең, денсаулығыңды осы бастан мықта. Спортыңды тастама!» – деді. Қазір Саша ағаймен хат жазысып тұрамыз. Сондай бір жаны жайсаң жақсы аға!

Қали қысыңқырап алған көзін қарсы алдындағы биік теректің ұшар басына тігіп отыр. Көк зеңгірдің төсін тіліп, аспанда ұшып жүрген өзін ойша елестеткендей ме, қалай? Пысық бала ғой, бойын тез жинап алды. Манаптың жиырылған жеңінен сойдыып шығып тұрған білегіне қадалды.

– Уақытыңыз қанша?

– Бес минутсыз бес.

– О! – Қали атып тұрды. – Отырып қалыпшын. Уақыттан ұтылсам, жарыстан ұтылғаным. Бес жарымда жаттығу бітеді. Тым болмаса, қалғанына қатысайын. Жаз бойы салмақ қосып, бұлшық етім босап кетіпті. Қош бол... – дей берді де, тілін тістеді. – Сіз... қонасыз ба?

Манап төмен қараған күйі:

– Жоқ, кетемін. Кешкі алтыда поезд бар, – деді.

– А-а... Сапарыңыз сәтті болсын! – Серпіндей басып, спорт залына қарай жөнеле берді.

Орындық үстінде қырық алтыншы костюм көлбеп жатыр.

– Бері кел, Қали! – Бұрылды. Жақындады.

– Кешіріңіз... маған сыймайды. Артық та емес. Қатар жатқан Эльдар Ғизатулинге құйып қойғандай екен. Бірге оқимыз. Бойы тәштік. Соған сіздің атыңыздан сыйлайын. Ренжімейсіз бе?

– Түк ренжімеймін.

– Рақмет! – Костюмді қолтығына қысып, жаңағы жолына түсті.

– Хат жазамын. Келер жылы жазда келемін... Келетін шығармын, – деді Манап ізінше.

Естіді ме, Қали кете барды. Баспалдаққа екі-ақ ырғып шығып, кілт бұрылды да, қолын бұлғады. Күлімсіреп еді, үстіңгі ернінің сол жақ құйрығы шапши қалды. Орындық қасында тұрған Манаптың тұла бойы дір етті. Көзін мұнар алды. Алға қарай емпендеп жөней бергені есінде. «Қалқам-ай! Қанатым-ай!» деген сыбыр құлағында көшіп жүр. Есік сарт жабылғанда барып есін жиды. Биік баспалдақ бос екен.

\* \* \*

Қалың будың арасынан қалқып шыққан «Волгаға» қол көтергенін, шофердің кідіріссіз есік ашқанын, жұмсақ орындыққа аузы буылған қапшықтай сылқ етіп отыра кеткенін, «вокзал» деген сөзді әрең айтқанын біледі. Орындық арқалығын желкесіне жастап, басын артқа тастап жіберді де, көзін жұмды.

### Сөзмаржан



**Патрикеевна** – орыс ертегілеріндегі түлкінің атауы.

**Тәштік** – бойы аласа.

**Мүйіс** – мектеп жанындағы тірі хайуанаттар орналастырылған бұрыш.

**Мұнар** – күңгірттену, бұлдырлау.



## Кітапсүйерлер үшін

Жазушының «Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» шығармаларының мазмұнымен танысыңдар. Қаламгер кейіпкерлері мен қазіргі балалар өмірі туралы ой бөлісіңдер.

1

Білу

1. Әңгіме оқиғасы қай кезеңді қамтиды?
2. Манап кім? Ол қайда келді? Қандай мақсатпен?
3. Директор Манапты қалай қарсы алды?
4. Балалар үйі, оның болашағы туралы директор қандай әңгіме айтты?
5. Қали кім? Оның портреттік сипаттамасы қандай?
6. Қали мен Манаптың кездесуі қандай жағдайда өтті?
7. Манап Қалиға қандай сыйлық әкелді? Қали сыйлықты қалай қабылдады?
8. Қалидың арманы қандай?

2


Түсіну

1. Манаптың алып ұшқан көңілі не себепті су сепкендей басылды?
2. Қали неліктен балалар үйіне берілген?
3. Қалидың күлімсірегенінен Манаптың тұла бойы неге дір ете қалды?
4. Қали неліктен Манаптан әкесі туралы еш нәрсе сұрамады?
5. Қали неге жазғы лагерьге бармай қалған?
6. Не себепті Қали ағасымен орыс тілінде сөйлесті?
7. Әңгіменің «Бауыр» деп аталу себепін түсіндіріңдер.
8. Мәтіннің өздеріңе қатты әсер еткен жерін тауып оқып, себепін түсіндіріңдер.

3

Талдау

1. «Венн диаграммасы» арқылы Манап пен Қали образдарын салыстырыңдар.



2. Аға мен іні арасындағы қарым-қатынас туралы қандай шығармалар оқып едіңдер? Салыстыру жұмысын жүргізіңдер. «Ініні зордан,

ағаны бордан», «Іні – тас, аға – бос болады» даналық сөздерінің мәнін ашыңдар?

4

## Жинақтау

1. Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер. Қалидың бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар?
2. Шығармада қандай өзекті мәселе көтерілген?
3. Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

## Қолдану

1. Туындыны сюжеттік-композициялық құрылысына қарай талдаңдар.
2. Әңгімені мазмұндаудың жоспарын құрыңдар.
3. Мәтіннен көркемдеу құралдарын теріп жазыңдар:

теңеу	гипербола	метонимия	фразеологизм	мақал-мәтел

4. «Ағайындылар» тақырыбына іскерлік ойын ұйымдастырыңдар. Ағасы мен бауыры рөлін сомдап, мәселелік жағдаят тудырыңдар, мәселені шешудің әртүрлі жолдарын ұсыныңдар.

6

## Баға беру

1. Қалай ойлайсыңдар, ағайынды Манап пен Қали түбінде табыса ма? Әңгімені аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
2. «Уақыттан ұтылсам, жарыстан ұтылғаным» деген Қали сөзімен келісесіңдер ме?
3. Біреуі бауырын, екіншісі ағасын тапқан сәттегі Қали мен Манап қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар?
4. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы алты топқа бөлініп, өз көзқарастарыңды білдіріңдер. «Ақ қалпақ» (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді), «сары қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады), «қара қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарын айтады), «көк қалпақ» (талдау жасайды, топтар Не үшін? Неге? Неге байланысты? деген сұрақтарға жауап іздейді), «жасыл қалпақ» (кейіпкерлер өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар айтады), «қызыл қалпақ» (оқиганы оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).



### Диалог құру

Қалимен сұхбаттасудың үлгісін көрсетіңдер.



### Әдебиет теориясы

#### Образ туралы түсінік

**Кейіпкер – персонаж** – көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем образын жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін, сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын сипаттарымен қатар, өзіне ғана тән ерекшеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттейді.

Кейіпкер бейнесін суреттеу үшін қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп білу шарт. Әр кейіпкердің көркем бейнесі оның өз сөзі арқылы ашылады. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін негізгі тұлға – басты кейіпкер.

Көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты (көбінесе әдеби қаһарман бейнесін) образ деп атайды. Образ тек шындықты бейнелеп қана қоймай, оны жинақтайды. Образ – сөзбен салынған сурет. Образ әдеби тек тұрғысынан үш түрге: эпикалық, лирикалық, драмалық болып бөлінсе, жасалу тәсіліне қарай юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, батырлық, т.б. болып бөлінеді.

*«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығы*



### Тапсырмалар

Әдеби образға мысалдар келтіріңдер.



## IV ТАРАУ

# ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт-берекең – атаң қымбат,  
Аймалайтын анаң қымбат,  
Мейірімді апаң қымбат,  
Кіндік кескен жерің қымбат,  
Ұят пенен арың қымбат.

*Қазыбек би*



Өз заманының көкейкесті мәселесін, рухани құндылықтарын шығармада терең суреттей білген қаламгер туралы біліп алайық!

## ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ



ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ  
(1945 жылы туған)

### Естеріңе түсіріңдер:

Отбасы, отбасы құндылықтары туралы не білесіңдер?

### Меңгерілетін білім:

Т.Нұрмағамбетов шығармасында қандай мәселелер көтерілген?

Танымал қазақ жазушысы Тынымбай Нұрмағамбетов 1945 жылы қазіргі Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қосүйеңкі ауылында туған.

Алғашқы әңгімелер жинағы 1971 жылы «*Қауын иісі*» деген атпен шықты. Жазушы 1997 жылы орыс тіліндегі нұсқасы үшін («Запах дыни») М.Горький атындағы Бүкілодақтық жастар сыйлығын алды. Одан кейінгі жылдары жазушының «*Қош бол, ата*», «*Қарлығаштың ұясы*», «*Ата қоныс*», «*Запах дыни*», «*Тұнық су*», «*Там, где горел очаг*», «*Талисман*», «*Бәйтеректер*», «*Туған ауыл түтіні*», «*Балалық шақтың әуендері*», «*Таңдамалы*», «*Айқай*», т.б. кітаптары жарияланған. Т.Нұрмағамбетов – «*Табалдырығыңа табын*», «*Жоғалған көл*», «*Кемпірлер үкімі*» пьесаларының, «*Тырналар ұшып барады*» телефильмі сценарийінің авторы.

«*Анасын сағынған бала*» әңгімесінде анасын сағынған кішкентай сәбидің қасіреті суреттелген.

Мама-а-а...мама-а-а...

Сенсің ғой ең дана-а-а

Мама-а-а...мама-аа... – деп анасына деген сағынышын жеткізеді. Сәби анасын бір көру үшін өмір сүретіндей. Осылайша жазушы қоғамда орын алған әлеуметтік мәні үлкен өткір мәселеге назар аударады.

### Зергер сөз

Тынымбай Нұрмағамбетовтің шығармашылығы өзіндік даралығымен ерекшеленеді. Ол – тек қана әңгіме жанрында ғана емес, иісі қазақ прозасына жаңалық әкелген және өзіндік көркем ойымен, көркем жүйесімен байытқан жазушы.

Т.Жұртбай



Халқымызға тән ұлттық болмыс пен мінез жазушы шығармасында қалай көрініс тапқан?

## Анасын сағынған бала

Есмағамбеттің бұл сапары ауылына төрт жылдан кейінгі оралуы еді. Содан болар таңертеңгі пойыздан түскен бойдағы қарсы алушы туыстары, достарымен болған ұшырасудың өзі кәдімгідей у-дулы болды. Біреулері құшақтап, біреулері сүйіп, тағы біреулері осы бір қапаста-ақ мұңын, шаруасын айтып қалып жатты. Күтіп тұрған жеңіл машиналарға мінулері, сосын аудан орталығында тұратын немере ағасы Балмағамбеттің үйінің ауласына келіп, түсіп жатуларының өзі абыр-дабырға, күлкіге толы қуаныш болып жатты...

Ауыл-үйдің, ағайын арасының өсегі, жаңалықтары көп айтылғандықтан да астан кейінгі шай ұзақ ішіліп, дастархан жиналған кезде, қошеметші ағайын-достар түгел орындарынан тұрып, қайтуға беттегенде, таңертеңнен бері тақымы жазылмастан отырған Есмағамбет те бұл тұста өзгелермен ілесе шыққан. Ұзаққа созылған абыр-дабырдан кейін жалғыз қалып, әртүрлі жеміс ағаштары мен көкөністер өскен аулада әрлі-берлі жүру де ол үшін айтарлықтай бір демалыс еді. Күн талтүс болып қалған екен. Ағаштардың әрқайсысына тоқтап қарап, сосын жоңышқалықты аралап келіп, күннің қызуы қуырып бара жатқандықтан, жүзімнің көлеңкесіне кіре бергені сол еді:

Мама-аа... мама-аа,  
Сенсің ғой ең дана-а.

Мәңгі дос сен ғана..., –

деп әндеткен сүйкімді бала даусын естіді. Бірақ Есмағамбет олай бір, былай бір бұрылып, маңайынан бала көрмеді. Сөйтсе, үстіне су жаңа ақ футболка киген төрт жастар шамасындағы ер бала арнайы тіреу ағаштарымен керілген жүзім сабақтарының ұзына бойғы көлеңкесінің бір шетінде құммен ойнап отыр екен. Қолында ойыншық күрек, ойыншық шелек...

### Бағалы дерек

2012 жылы Қазақстанда қыркүйек айының әрбір үшінші жексенбісі Аналар күні болып белгіленді. Мұндай мереке әлемнің елуден астам елінде атап өтіледі.

BAQ.kz

### Сөздің көркі – мақал

Ана алақанының аясы –  
Ақ шынардың саясы.



### Сөздің көркі – мақал

Анасыз өмір –  
сөнген көмір.

Балмағамбет ағасының ұзатылған қыздары болатын. Солардың бірінің баласы болар деп топшылаған Есмағамбет жүзім көлеңкесінде аяқтарын еңкейе басып, балаға жақындады. Жақындап келгенше, бала мұны байқаған жоқ.

Мама-аа... мама-аа,  
Сенсің ғой ең дана-а.  
Мәңгі дос сен ғана...  
Мама-аа... мама-аа...

Жанына келіп:

– Әй, балақай, сенің атың кім? – дегенде барып, бала Есмағамбетке бұрылды. Бірақ ойыншық шелекке ойыншық күрекпен құм салу ісін доғарған жоқ.

– Атың кім дедім ғой? – деп қайта сұрағанда барып, бала ұяң күлімсіреп:

- Сержан, – деді ақырын ғана.
- Кімнің баласысың?
- Күміскүлдің.
- Күміскүл кімнің қызы?
- Балмағамбеттің...

Есмағамбет енді еңкедеп барып, анадай жерден қолдан жасалған ағаш орындықты алып, баланың дәл жанына жайғасты.

Балмағамбет ағасының бір қызының кезінде оқуға түсе алмай, Алматыдағы базар маңында жұмыс істеп, тұрмыс құрып, одан тұрмыс құрған жігітімен қайта ажырасып жүргенін білетін... Ал олардан осындай бала қалғанын есіткен де емес-ті. Тіпті осы бала болмағанда қарындасының атының Күміскүл екенін де енді болмаса ұмытып қалғандай екен...

Баланың бет әлпеті өте сүйкімді еді. Оның үстіне мұның сұрақтарына жауап беруі де сүйсіндірді. Тілі тәтті екен.

- Футболқаң қандай аппақ?
- Мамам әкеліп берген, – деді Сержан өз-өзіне қайта келгендей көңілденіп...

Түс кезінде болған әңгімеден кейін баланың бойы үйренгендігі болар, еркін. Әңгімені де өзі бастады:

- Сен Алматыдан келдің бе?
- Иә, Алматыдан келдім.

– Менің мамам да Алматыда, – деді бала еркінсіп, еркелегендей, денесін Есмағамбеттің денесіне тигізіп тұрып.

### Даналық ойдан дән ізде

Ананың сүйген жері –  
Отқа күймейді,  
Оқ та тимейді.



– Білемін ғой...  
 – Менің мамамды танысың ба?  
 – Неге танымаймын, танимын... Мамаң біздің үйде әлденеше рет болды ғой.

«Е, сен менің мамамды білетін болдың ғой» дегендей, баланың көздері күлімдеп тұрып, кішкентай саусақтарымен Есмағамбеттің білегінен ұстады. Шашынан сипады... Есмағамбет баланың басынан сипады.

– Тағы да иіскеші, – деді бала осы сәтте сықылықтап күліп тұрып.

Есмағамбет баланың басынан құшырланып иіскеді. Оның осы ықыласы да сезімін қозғағандай, бала жайнап, қуанып кетті... Есмағамбет мейірленіп кетіп, баланың бетінен сүйіп, қатты қысып құшақтады. Сосын шын ықыласымен:

– Алматыға барасың ба? – деді.

Есмағамбет осылай деген кезде, бала «рас айтып тұрсың ба, әлде өтірік пе» дегендей, жалт бұрылып, оның көздеріне ұзақ қарады. Сосын сенгендей болып, ақырын ғана:

– Барамын-н, – деді де, күрсінді. Баланың күрсінгені соншалық ауыр болды ма, әлде өзі солай қабылдады ма, Есмағамбет те қатты толқып кетіп, баланы қайта құшақтады.

Бұл жолы оның бетінен әлденеше рет сүйді. Сүйіп болып, Сержанның бетіне қараса, баланың екі көзінен жас сорғалап тұр екен. Өзінің де көмекейіне өксік тығылып, толқып, тебіреніп, ол жалпақ алақанымен баланың арқасынан қағып отырды да:

– Мен сені Алматыға алып кетемін, – деді сеніммен.

Сержан бұл жолы атасының өзін алып кететіндігіне шүбәланған жоқ. Сондықтан ашық-жарқын күйде:

– Қашан кетеміз? – деді бірден.

– Ертең ауылға барып қайтамын. Арғы күні пойызға мінеміз.

Бала жіп-жіңішке саусақтарын кезек бүгіп тұрып:

– Бүгін-н.. Сосын ертең-ң... Сосын арғы-ы күн-н... Сонда кетеміз ғой?

– Кетеміз.

Баланың қуаныштан есі шығып, екі беті ерте піскен алмадай алабұртып тұрды.

– Мен мамам әкеп берген шалбар мен топлиімді киемін, – деді кенет қиял қанатына мініп алғандай биікке қарап, елеуреп тұрып. Есмағамбет те оны қостай түсіп:

### Сөзмаржан



**Жоңышқалық** – жоңышқа көп өскен жер.  
**Топшылау** – ойша жорамал жасау, болжау.

### Зергер сөз

Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді.

*В.Г.Белинский*

Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя.

*В.Гюго*

– Осы футболқаң жарар, – дей беріп еді, бала оған екі беті алаурап, көздері оттай жанған күйі жалт бұрылып:

– Мамам әкелген қып-қызыл гүлдері бар көйлегім ше? – дегені. – Соны кимеймін бе? Мамам әкеліп берген ақ сызықтары бар қара кастөмім ше? Оны да кию. Мамам айтқан... Алматыда жаз кезінде де түнде суық болады деп.

Баланың осынша зеректігіне тәнті болып, Есмағамбет Сержанды қайта құшақтады.

Ол ол ма, сәлден соң Сержанның көздерінде үлкендігі бұршақтай жас тамшыларының пайда болғанын қайтерсің...

Бала енді арман-мақсатына жеткендей елеуреп тұрып:

– Сосын екеуміз базарға барамыз ғой? – деді тағы да.

– Базарға неге барамыз?

– Онда мамам бар емес пе?

– Иә, мамаңа барады екенбіз ғой.

– Мамамды тауып алсақ... әр жағында папамды да іздейміз бе? Олар базарда бірінен-бірі адасып қалған ғой. Өйткені базар үлкен. Мамам айтқан Алматының базарының ана шеті мен мына шетіне көз жетпейді деп... Құжынаған халық деп...

Мамасы мен папасы жайлы баланың шыбыттанып айтқаны сондай, осы қалпында пойызға қазір мініп кетердей, тіпті пойызды күтпестен құс болып ұшып кетердей алып-ұшқан екпін бар.

Енді Есмағамбеттің өзі қатты састы. Сасқан себебі баланың сезіміне осыншалық әсер етіп, ендігі жерде оны Алматыға алып кете алмаса, ұмытылмас күнә болардай еді. Бірақ: «Алып кетсем несі бар... алып-ақ кетемін. Мамасына табыстаймын. Тіпті, біздің үйде жүре береді. Онда қандай қиындық бар?» – деп өзін-өзі жұбатып барып, көңілі тынғандай болды...



### Кітапсүйерлер үшін

Т.Нұрмағамбетовтің «Қош бол, ата», «Тұнық су» повестерін, «Қауын иісі» әңгімелер жинағын тауып оқындар. Жазушы философиясы қандай?

1

Білу

1. Әңгіме кейіпкерлері туралы не білдіңдер?
2. Жазушы ауыл тіршілігін қалай суреттеген?
3. Сержан қандай бала?

2

Түсіну

1. Әңгіме неліктен «Анасын сағынған бала» деп аталады?
2. Есмағамбет қалаға аттанғанда неліктен баланың «өңіне бір кірбің, көздеріне де мұң ұялағандай еді...».

3

Талдау

Ауыл өмірі мен қала өмірін салыстырындар.

4

Жинақтау

1. Әңгіме кейіпкерлеріне тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіндер.
2. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Әңгімені рөлдерге бөліп оқындар.
2. Хрестоматиядан әңгіменің толық нұсқасымен танысып, автордың қандай мәселелерді көтеріп отырғаны туралы ойларыңды топта талдаңдар.

6

Баға беру

Әңгіме кейіпкерлері, идеясы туралы ойларыңды «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.

*Бірінші сөйлем:* «Менің ойымша, ...»

*Екінші сөйлем:* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

*Үшінші сөйлем:* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

*Соңғы сөйлем:* «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»

Диалог құру



Қазіргі заманның өзекті мәселелері туралы диалог құрындар.



Уақыт талабы, сол уақыт талабынан туындаған мәселелерді шығармаларының арқауы еткен жазушы әлеміне үңілейік!

## НҰРДӘУЛЕТ АҚЫШ



НҰРДӘУЛЕТ АҚЫШ  
(1950 жылы туған)

### Зергер сөз

Айналайын Нұрдәулет!  
Ұрпаққа ұлағаты мол  
тәлімгерлік көркем шы-  
ғармалар тудырып, өрке-  
ниетті елдерге тән жасөс-  
пірімдерге арналған ақ жү-  
ріп, адал сөйлер ақылман  
әдебиетімізді қалыптасты-  
руға айта қаларлық үлес  
қостың. Өмір танытқыштық  
парасаты, кісі танытқыштық  
пәтуасы, жігер қайрайтын  
рухани уыты мол кітаптар  
жаздың. Әдебиет базары-  
ның зәрулігі мол қазынасын  
көбейтістің. Алға баса бер!

Ә.Кекілбаев

### Естеріңізге түсіңіздер:

Шығармаларында қазіргі заман мәселелеріне көңіл бөліп жүрген қандай қазақ жазушыларын білесіңдер?

### Меңгерілетін білім:

Жазушы шығармасындағы нағыз әже қандай?

Танымал қазақ жазушысы, журналист Нұрдәулет Ақыш қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Маңырақ ауылында 1950 жылы дүниеге келген.

Алғашқы әңгімелер жинағы «*Қияда*» деп аталады. 1980 жылы «*Жұмбақ іздер*» кітабы жарыққа шықты. 1982–1990 жылдары «*Үндемейтін ұл*», «*Қияннан келген көгершін*», «*Сынық домбыраның сазы*», «*Күрмеуі қатты түйіндер*», «*Таң алдындағы дабыл*», «*Жатақхана қыздары*» кітаптары жарық көрді. Жазушы шығармаларының тақырыбы – адалдық, адамгершілік, махаббат, азаматтық борыш.

Н.Ақыш «*Нағыз әже қайда?*» әңгімесінде отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, мейірімділіктің мекені екені, отбасындағы әке-шеше, ата-әженің орны туралы ой толғайды. «Әже» атауының мәніне терең үңіліп, әженің қасиетті жан екенін сезіндіруге, ардақтауға бағыттайды.

Нұрдәулет Ақыш – қазақ әдебиетінің проза саласын зерттеп, ғылыми еңбектер жазған қаламгер.





Әлемнің жарығын сыйлаған нағыз ана, әже қандай?

## Нағыз әже қайда?

Айналдырған екі бөлмені астан-кестен етіп, мазаны ала бастаған кезде: «Келіңдер, ертегі айтып берейін» деп жалынып-жалбарынып жүріп, үй ішінен безіп кеткен тыныштықты әрең қайырып алушы едім. Құрғақ ақылды құлақтарына қыстырмай, ойнақ салатын қос тентек «ертегі» деген кезде еріксіз жуасып, айтқанға оңай көнеді. Осылай алдап-сулаймын деп жүріп, бұл екеуін ертегі тыңдауға дәндетіп алған – менің өзім. Енді, міне, қымс етсе болғаны: «Папа, бізге ертегі айтып берші. Біз бұрын естімеген қызық ертегі...» – деп ай-шайға қарамастан, тақымдап келіп отырғаны. Тіпті кейде мезгілсіз уақытта құмарта қалатыны бар.

Менің оларға айтатыным, көбінесе, «Ер Төстік», «Құйыршық», «Түлкі мен тазы» сияқты киіз туырлықты көшпенді елдің баласы тыңдап өскен халық ертегілері. Перзентханада өмірге келіп, балабақшада өсіп-өніп жатқан бүгінгі заманның сәбиі үшін қызық та тосын дүниелер.

– Папа, тағы да. Садикте бізге мұндай ертегілер айтпайды, – дейді Ая.

– Біздің төтей бұл ертегілерді білмейтін шығар, – дейді кішісі Райхан, табан астында өзінше жорамал жасап.

– Тәтелерің сендерге қайсысын айтады сонда?

– «Айболит», «Қызыл телпек», сонан кейін әлгі не? Кірқожалақ бала туралы бар ғой.

– «Кірқоймас» деген ертегі ме?

– Иә! Папа, сіздерге де ертегі үйретті ме садикте?

– Жоқ, Аятай... Мен сендер секілді балалар бақшасында өскен жоқпын, мені тәрбиелеп, бағып-қаққан ауылдағы кәрі әжем болатын. Жаңағы қызық ертегілерді де мен сол кісіден естігенмін.

### Даналық ойдан дән ізде

Ұл-қызыңа ерген  
Немерең – біз, әже.  
Немереңнен өрген  
Шөберең – біз, әже.  
Үйреткен сөз мәнін  
Тілімізсің, әже.  
Жарқыраған дәйім  
Күнімізсің, әже!

С.Қалиев

### Сөздің көркі – мақал

Қартың болса, жазып  
қойған хатпен тең.

Ағадан – ақыл, атадан –  
өнеге.

– Әже деген кім?

Бұл – ойына келгенді төтесінен қойып қалып, қарап отыратын Райханның сұрағы. Үстірттеу ұққан кісіге ештеп сорақылау көрінгенімен, кішкентайдың бұлайша сауал беруінің өз мәнісі бар.

Бұл екеуі – тек әженің ғана емес, жалпы қарт адамның мейірім-шапағатын сезінбей, балабақшаның бағымында, папасы мен мамасының қасында өсіп келе жатқан балалар. Әкем соғыста, шешем бертiнiрек қайтыс болды. Жалғыз әжем де уақыттың басқа салғанынан аса алған жоқ. Балқыздың алыста жатқан әке-шешесі – ауру-сырқаулы адамдар. Ұғымына жат нәрсе болғандықтан,

«әже» дегеннің кім екенін төрт жасар сәби, шынында да, қайдан білсін.

Сол түні өз әжем түсіме кіріпті. Осыдан отыз жыл бұрынғы қалпы, басында аппақ кимешегі бар екен деймін. Ескі мақаммен ыңылдап ән айтып, ұршық иіріп отыр. Мен болсам әжемнің бүйіріне басымды тығып, еш алаңсыз ірімшік жеп жатыр екенмін. Таңертең Балқызға (әжемнің аруағына арнап) шелпек пісірткіздім.

Осы күннен бастап, кішкентайлар «бізге енді әже деген кісіні көрсет» деп қыңқылдауды шығарды. Жан-жағымызды байқап көрсек, біз араласып жүрген таныстардың арасында кемпірі бар ешкім жоқ екен.



Мақсатым – қыздарыма өз әжем сияқты нағыз қазақи кейіптегі кейуананы көрсету еді.

Бір-екі рет басына жаулық салған, мәсілі қариялар көшеде де ұшырасты. «Әже деген, міне, осындай болады» деп, жол-жөнекей асығыс көрсеткеніммен, екі қыздың көңілі көнши қойған жоқ. Олардың ұғымындағы әже бейнесі, менің сипаттауым бойынша, әлдеқайда биігірек болатын. «Әже – сендер сияқты балалардың папалары мен мамаларын тәрбиелеп өсірген кісі, – дейтінмін өзімнің олақтау тіліммен. – Өзі мейірімді де, ақылды адам. Ешкімге ешқашан ұрыспайды, ұрса қалса, орнымен, теріс қылығыңа өзің ұялатындай етіп ұрсады. Өзінің үні де, қолы да, көзқарасы да жұмсақ; жұрттың бәрімен «қарағым, айналайын» деп жылы сөйлесетін иманжүзді қария. Өзі ылғи шаруа істеп, күйбеңдейді де жүреді. Тіпті ештеме істемеген күннің өзінде ұршық иіріп отырады...».

Бала ойын дағдартқан кезекті сұрақ тағы туады. Қысқасы, не керек, менің суреттеуімдегі әже деген – жер-көкте жоқ керемет адам. Аузын ашып тыңдаған екі кішкентай әже туралы бар білгенімді сұрақпен суыртпақтай отырып, сарқа тыңдайды. «Шіркін, бізде де бір әже болса ғой!» деген құрғақ қиялға да тізгін беретін кездер жоқ емес.

Бір күні зайыбым: «Азат, әлгі Жолдастың Ажарасы оқуға түсіпті. Конкурстан алдыңғылардың бірі болып өткен көрінеді. Соның қуанышына осы сенбіге бәрімізді шақырып отыр», – деді желпілдей сөйлеп. Бұндай жиындарға барып, төбе көрсетуге үнемі құлқымның бола бермейтіні рас...

– Мен бармай-ақ қойсам қайтеді? Балаларға ие болып, қағазымды жазып үйде отырмаймын ба онан да, – дедім келіншегіме ақыл салған кісі құсап.

– Кейін құтты болсын айтып кіріп шықсақ та ештеңе ете қоймас еді, – деді ол жаңағы мен ойлаған қауіптерді қаперіне алмаған кісінің кейпімен. – Бірақ осы жолы бармасақ, болмайын деп тұр.

– Е, неге?

– Елден Жолдастың шешесі келіпті.

– Келсе қайтеді екен? Баласының танымайтын жолдасы келіп, сәлем бермеді деп ренжімейтін шығар ол кісі.

– Азеке, жұмыс-жұмыс деп жүріп кішкентайларыңды да ұмыта бастағаның ба? «Нағыз әжені» көрсетем, – дегенің қайда?

### Сөзмаржан



**Ұршық** – жүннен жіп иіруге арналған жеңіл аспап.

**Шылауыш** – кимешек үстінен байланатын үлкен ақ шаршы орамал; жаулық.

**Дәндету** – құнықтыру, әдетке айналдыру.

**Тосын** – бөтен, жат.

**Қамзол** – әйелдер көйлек сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл сырт киім.

**Кейуана** – жасы ұлғайған кәрі адам, кемпір.

**Мәсілі** – лайықты.

**Сорақылау** – ерсілеу, ерескелдеу.

Сонда ғана барып, есіме сарт ете түскені.

Бұл жолы шақырылған жерге желп етіп жетіп бара салмай, кәдімгідей мән беріп дайындалдық. Тіпті өз үйіміздегі қуанышты қарсы алатындай-ақ, қарадай қарбалас жасап, әбігерге түсіп кеттік. Жайшылықта өзіме салақтау қарайтын басым енді мұртымды басып, шашымды тарап дегендей, сипанып-ақ жатырмын. Әсіресе қыздарымыз ала бөтен қуанышты. «Әжеге барамыз, әжені көреміз», – деп өздерінше мәз-мейрам.

Жүздері балбұл жайнаған кішкентайлардың қуанышы менің де көңілімдегі түйткілді жазып, жадыратып жіберген. Барын киіп, бақанын іліп дегендей, ерекше бір ажармен тізбектеліп көшеге шықтық.

Таранып-жуынып, баптанамыз деп жүріп уақыт өткізіп алдық па, мезгілінде жеттік десек те, қонақтардың бас-аяғы бүтінделіп қалыпты...

Есіктен кірісімен, кідірмей іздегенім – елден келген шешей. «Жаңылыспай, дәл танитын шығармын», – деп ойласам да, көзімді тиянақтата алмай, сәл-пәл іркіліп қалғаным. Дастарқан басына келіп жайғасқаннан кейін ғана байқадым ол кісіні. Өзінің сырт нұсқасы мен білетін ауыл кемпірлеріне онша келіп тұрған жоқ. Иығына көгілдір жемпір іліп, басына жаздық гүлді орамал салған егде кісіні ала шұбар топтың ішінен бірден ажырата алмауым онша әбестік бола қоймаса керек. Ауылдан келген шешей зиялы қауымның ортасына сіңісіп, еркін отырсын деп, келін-баласы әдейі осылай киіндірген болар. Іздеп келген адамымыз табылғанымен, қалың кісінің арасында тіл табысуға әуелгі кезде қайдан мұршамыз келсін...

Өз ұлының төрі болғандықтан ба, шешей қала адамдарының ортасында, салтанатты дастарқанның басында еш қысылып-қымтырылатын емес. Екі жағына кезек сөз тастап, баласы қатарлы зиялылармен оңай тіл табысуда. Пысық келіні әбден оқытып, үйретіп қойған ба, қайдам, ауыл дастарқанының салтында бола бермейтін пышақ, шанышқы тәрізді құралдарды жаттыққан қимылмен оңды-солды тебен инедей жұмсайды. Жалпы, өзін ұстай білуінен-ақ шешейдің көрегенді, мәдениетті жан екені аңғарылып тұр. «Міне, қызық... – деймін одан көз алмаған бойы іштей таңырқай түсіп. – Жарықтық, біздің әжелеріміз бұл кісінің қасында дүниеден түк қызық көрмей, бос өткен екен ғой әншейін».

Отырыстың ыңғайына қарай қалалық кісілермен тез араласып, іркілмей жұғысып кеткен шешей әзірше

### Даналық ойдан дән ізде

Сақалыңнан айналдым,  
қарт бабалар,  
Ұрпағыңа не айтасың  
артта қалар?  
О, тірі шежірелер,  
қалдырыңдар,  
Қанеки, нелерің бар  
салтқа жарар.  
*М.Мақатаев*

қыр адамына тән қазақи мінез таныта қойған жоқ. Менің іштей аңсап келгендегі шаруам да ауыл исі бұрқырап тұрған өзімнің әжемдей кісіні жолықтыру емес пе еді.

Бір тұрып кеткеннен кейін көпшілік дастарқанға қайта айналып отырған жоқ. Ішкен-жегендерін басып, ауа жұту үшін әркім ретіне қарай бөлме-бөлмені жағалап, ыңғайларын тауып жатыр.

Жұртты бұзып-жарып, аңдыған адамымды көздей мен де ұмтылдым... Жанаса отырып, тіл қатысқан кезде барып, өз өмірімде ерекше орын алатын әже сынды аяулы жанды шынымен-ақ сағынып қалғанымды, әжеге жарасымды мінез-құлықтың барлығын жайшылықта аңғара бермейтін балалық уыз тілекпен үздіге аңсайтынымды сезіндім.

– Ал, апа, ат-көлігіңіз аман, есен-сау жеттіңіз бе? Жаңа топты кісінің ішінде амандық та сұраса алмай жатырмыз. Күйлі-қуатты, барсыз ба? – деп, ауылды жердің сөйлеу мәнерімен бастырмалата жөнелдім. Ондағы ойым: мүдіріп тұрмастан, ашық-жарқын аңқылдақ адамша бірден-ақ жұғысып, әңгімелесіп кету. Денесімен бұрыла қараған шешейдің жүзінде: «Бұл кім өзі?» – дегендей таңдану нышанын таныдым.

– Е, шүкіршілік, жеттік қой. Самолетке жер алыстық етуші ме еді. Самолетке әлгі кіші ұлым өзі әкеліп, отырғызып жіберген. Бұл жерде тік тұрып Жолдасжан қарсы алды. Бәрі осы жаман қараның арқасы емес пе, шайқақтап жүргеніміз. Ауылдың қай кемпірі Алматыға келіп, машиналатып қыдырып жүр, – деп, шешей осы қалпына разы кейіппен сөзуарлық сездірді. Жастайымнан қарттармен араласып өскендіктен: «Мына кісімен де оңай тіл табысып кетермін», – деген жаман ойым теріс болмаған секілді. Екеуара әңгімеміз жарасып, ежелден таныс адамдардай тез-ақ шүйіркелесіп кеттік. Көптен бері ауыл қарияларын көрмегендіктен бе, шешеймен ақтарыла отырып, шер тарқата әңгімелесуге ықыласым ауды.

– Қазір енді ауылда немерелеріңізді бағып қана отырған шығарсыз? – дедім арынды ойдың жетегімен әңгімелесе бергім келіп...

– Менің «Бағып көрейін», – дегеніме көнбей, әлгі келін тілі шығысымен-ақ детсадқа берген. Қазір сонда жүр. «Өкімет өзі бағады, керек өнерін үйретеді. Тамағы тоқ. Сізді әуре қылып қайтеміз», – деп балам да көнбеді. Онысы бір жағы дұрыс та сияқты. Баладан

### Сөзмаржан



**Қарбалас** – асығыс-үсігіс қимыл, қарбалас әрекет.

**Түйткіл** – күдік, сезім.

**Қыр адамы** – кең далада, шалғай өлкеде тұратын адам.

**Сөзуарлау** – шешен, тілмар, сөзшең.

**Шүйіркелесу** – тіл табысу.

**Шер тарқату** – мұңын шағу.

шыққанымыз қашан. Қолымыз да қатып кетті ғой. Бір күні ауыртып алсам, жаласына қалмаймын ба? Біреудің баласы...

Өлденеден бойым тітіркенген адамдай ішіме салқындық үйірілді. Не үшін келгендерін ұмытып, ойынға айналып кеткен Ая мен Райханның қолдары босап, қасымызға жеткені осы кез.

– Міне, әже деген осындай болады, – деп, оларға шешейді дереу таныстырып та үлгердім. Онсыз да іштері пысып отырған қыздар маған жымындай қарасты. Райхан тіпті жатырқауды білмейтін сәби еркелікпен үлкен кісінің тізесіне жайғасып та алған. Дастарқанды жаңартып жатқан Жолдастың жұбайы:

– Әй, Азаттың қыздары. Өздерің Аликтің бабушкасын мүлде иемденіп алыпсыңдар ғой. Түсіңдер алдынан. Алик бұларыңды көрсе, сендермен төбелеседі, – деді өктемсіген дауыспен...

Шешеймен бір-екі ауыз сөз алмасып, бойы үйрене бастаған Райханның:

– Әже, осы сіз шын әжесіз бе? – дегені қарап отырмай.

– Өзі не деген сүйкімді бала, бәрін біліп, тақылдап отыр. («Тіфа, жерге түкіріңіз», – дей жаздап, ернімді қымқыра қойдым) «Әже» дейді мені. Жас келіп, балалар өсіп жатқан соң, қайтіп әже болмассың. Уақыт өзі соған әкеледі екен ғой.

– Әже, әже болсаңыз, онда бізге ертегі айтып берші, – деді сөздің ретін бағып үндемей отырған Ая сабырлы қалпын сақтаған күйі. Жолдастың жұбайының саңқылдаған өктем үні тағы естілді:

– Әй, мына Азаттың қыздары мүлдем басынайын деді ғой, ей! Біздің бабушка сендерге немене, ойыншық па еді сонша. Жоқ, бұрынғының ертегіші кемпірі ғой деп пе едіңдер, өтірік-шынды қиыстырып соға беретін. Кісінің мазасын алмай, ойнаңдар ана балалармен...

Қайтар жолда көлікті ұзақ тостық. Өншейінде сартылдап жүріп тұратын трамвай сенбінің кешіне қарай сирексіп қалыпты. Райхан мен шешесі тым көңілді, қонақтан алған әсерлерін жарыса бөлісіп, сөзден дес берер емес...

Біреуден ұрыс естіген адамдай болып, тымырайып үнсіз тұрған – Ая екеуміз. Бір-екі рет өзара жасқана қарағанымыз болмаса, бір-бірімізбен жарытып

### Сөздің көркі – мақал

Әже – ақылдың көні,  
Өткеннің шежіресі.

Қариясы бар үй – қазынасы бар үй.

сөйлескеніміз де жоқ... «Сәбидің алдында өтірікші болдым-ау», – деген өкініш те бір сәт өзегімді жалап өтеді. Қызымның тұнжырау себебін сезіп тұрсам да, ой түкпірін анық тани алмай, дағдардым...

– Папа, Аликтің әйбат кітабы көп екен. Бірақ бізге көрсеткен жоқ. «Жыртып тастайсыңдар, сосын мұғалім ұрсады», – деп бермей қойды.

Мамасы сөзін жүре тыңдап, өзінше сөйлеп кеткен соң, Райхан енді маған бұрылған. Сол-ақ екен, Балқыз да баласының сөзін өз ойымен ұштастырып ала қойды.

– Оқушы баланың кітабын қайтесің? Онан да іздеп келген әжеңді көргеніңді айтсаңшы. Жақсы әже емес пе, ә? Әне, жақсы кісіні бала да біледі. Неғып үндемей тұрсың, Азат? Мода мен эстрада туралы айтқанын естідің бе өзі? Соның кейбірін қалада тұрған мен білмеймін. Өзі сендерге қандай ертегі айтты, ә, Аятай?

Әпкесі үшін жауап берген тағы да Райхан:

– Жоқ, айтпады. Ол кісі ертегі білмейді екен.

– Білмейді дейді? Қой, білмегені қалай? – деді Балқыз сұраулы көзін маған қадай берген еді, қарап тұрмай Райхан тағы киіп кетті:

– Папа, айтшы. Ол өзі әже емес қой деймін, ә?

– Әже емесің не қызым-ау. Енді кім екен, ә? Қой, олай деп айтпа, ұят болады.

– Жоқ, папа. Ол – әже емес. Ол – жай ғана бабушка. Өйткені бәрі «бабушка» деді ғой. Мен білем, әже деген ондай болмайды. Өзің айтқансың.

Трамвайдан түсіп, үйге келе жатқанда кенеттен Аяның:

– Папа, шынында да ол әже емес шығар? – дегені, әлденеден көңілі қалған адамдай, басыңқы, жуас дауыспен. – Айтшы, папа. Ол шын әже емес қой, ә?

Мен «әже» деген жанның жасы келген үлкен кісі екенін айтып, бірдемені әлсіздеу түсіндірген болып едім, онша нанымды шыққан жоқ. Жауабыма Аяның қанағаттанбай қалғаны анық еді.

– Папа, сен бізге бәрібір нағыз әжені көрсетесің ғой. Айтшы, көрсетесің бе? – деді сосын ол жаңағыдан гөрі жадыраңқырап. Аялы жанарларында тұтанған үміт ұшқынын жасырмай, сәбилік сеніммен бетіме тура қарайды.

Мен уәде еттім. Бірақ оны қалай орындайтыным туралы сол сәтте ойланған жоқ едім.



### Сөзмаржан



**Өктемсу** – менменсіну, әлдеқандай болу.

**Сөзден дес бермеу** – сөзге орын бермеу, бой бермеу, күш бермеу.

**Басыңқы** – бәсең, төмен.



Кітапсүйерлер үшін

Н.Ақыштың «Компьютер жанындағы жанжал» әңгімесін, «Жұмбақ іздер», «Киелі көлдің қарақшылары» повестерін оқып, кейіпкерлері туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

1

Білу

1. Әңгіме кейіпкерлері туралы не білдіңдер?
2. Балалары әкесін қандай сұрақтармен мазалайды?
3. Әже дастархан басында өзін қалай ұстайды?
4. Ая мен Райхан әжеге қандай өтініш айтты?

2

Түсіну

1. Автор неліктен қыздарына әже іздейді? Жазушы ойы қандай?
2. Үй иелері мен олардың қыздары неліктен қонаққа баруға ерекше дайындалады?
3. Автордың дастархан басындағы әжені бірден ажырата алмауының себебі неде?
4. Неліктен автор: «Сәбидің алдында өтірікші болдым-ау» деген өкініш те бір сәт өзегімді жалап өтеді», – дейді?
5. Әңгіме неліктен «Нағыз әже қайда?» деп аталады?

3


Талдау

Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

4

Жинақтау

Әжеге тән қасиеттерді тірек сызба арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. Әже образын қалай елестетесіңдер?
2. «Менің әжем» тақырыбына эссе жазыңдар.



3. «Синквейн» стратегиясын қолданып, «Әже» сөзімен бесжолды өлең құрастырыңдар.

**1-жол:** Тақырыптың атауы (зат есім).

**2-жол:** Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).

**3-жол:** Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).

**4-жол:** Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.

**5-жол:** Тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

6

Баға беру

1. «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы әңгіме туралы пікірлеріңді білдіріңдер:  
*Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен айтыңдар немесе жазыңдар.  
*Дәлел.* Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.  
*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңдер.  
*Қорытынды.* Шығарма мазмұны бойынша қорытынды шығарыңдар.
2. Нағыз әже қайда деп ойлайсыңдар? Ол қандай адам?

Диалог құру

Әжемен қандай тақырыпқа сұхбат құрар едіңдер? Үлгісін көрсетіңдер.

Әдебиет теориясы

### Тақырып пен идея туралы түсінік

**Тақырып** – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, **идея** – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Туындыда көтерілген тақырыпты танытудағы қаламгердің ойы мен көзқарасы шығарманың идеясы болып табылады. (З.Қабдолов. «Сөз өнері»)

Әдеби шығарманың атауы да тақырып деп аталады. Әдебиет теориясында шығармадағы автор көтерген басты мәселе де – тақырып. Мысалы, «Менің атым Қожа» шығармасының автор көтерген тақырыбы – соғыстан кейінгі кезеңдегі балалар өмірі. Идеясы – Қожа бейнесі арқылы оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдебиетті сүйуге, үлгі-өнеге алуға шақыру.

Тапсырма

Өз таңдауларың бойынша кез келген көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтап, жауаптарыңды әдебиет теориясына сүйене отырып дәлелдендер.



Әлемдік құндылықтарды да танып-біліп, ана тілімізден әдеби шығармаларды әлем әдебиетінің озық үлгілерімен қатар оқу – халықтар арасындағы достықты нығайтуға, ынтымақ пен бірлікті, әдеби байланыстарды күшейтуге ықпал етеді.

## ДЖЕК ЛОНДОН



ДЖЕК ЛОНДОН  
(1876–1916)

### Зергер сөз

Бәрінен де бізге қымбаты – Джек Лондон еңбектеріндегі биік рух. Демек Джек Лондонды әлем әдебиетінде асқақ рух пен рухы мықты адамдардың жыршысы деп бағалау тегін болмаса керек.

*Д. Әшімханұлы*

### Естеріңізге түсіріңдер:

Қандай шетелдік ақын-жазушыларды білесіңдер?

### Меңгерілетін білім:

Джек Лондон кім?

«Мексика ұлы» шығармасының тақырыбы мен идеясы қандай?

Джек Лондон (Джон Гриффит) АҚШ-та, Сан-Франциско қаласының маңындағы Глен-Эллен мекенінде дүниеге келген.

Джек Лондон – шытырман оқиғалы кітаптарымен әлем оқырмандарына кеңінен таныс американ жазушысы. Оның қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді, өмірге құштарлықты, ерлік пен адамгершілікті, жануарлар әлемін жыр ететін «*Ақ азу*», «*Өмірге құштарлық*», «*Солтүстік жорығы*», «*Мексика ұлы*», «*Әйел ерлігі*», «*Киш туралы аңыз*», «*Мартин Иден*» атты шығармалары қазақ тіліне аударылған.

Жазушы «*Мексика ұлы*» әңгімесінде қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті мексикалық Ривера мен ақ нәсілді боксер Дэнни Уорд арасындағы жекпе-жек арқылы көрсеткен. Әңгімеде бойындағы намысшылдық, жігерлілік, сабырлылық, төзімділік, өз ұлтына деген сүйіспеншілік күш-қуат берген Ривера өзінен әлдеқайда айлакер, тәжірибелі Дэнниден басым түседі. Шығарма идеясы әділеттілік әрқашан әділетсіздікті жеңеді деген ойға жетелейді.

Қаламгер туындыларының басым бөлігіне тән жағдай – оқиғаларының адам ортасынан алыс жерлерде өтуі. Оның кейіпкерлері осындай өркениеттен алыс, қиындығы мол жайттардан жол тауып шыға біледі. Сондықтан Джек Лондон әлем әдебиетінде «рухы мықты адамдардың жыршысы» деп бағаланады.

1960 жылы Глен-Эллендегі жазушы қожалығында Джек Лондонның Мемлекеттік тарихи саябағы ашылды.



Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, өмірге деген құштарлық, адамгершілік қасиеттер жазушы шығармасында қалай бейнеленген?

## Мексика ұлы

Ривера рингке елеусіз көтерілді. Әр тұстан шашыраңқы сараң ғана созылған алақандар көрермен қауымның оған деген сенімсіздігін айқын сездіргендей. Шындығында, бұл қауым үшін Ривера бөрі аузына тасталған жетім лақпен пара-пар еді. Өйткені оның қазіргі қарсыласы аты шулы азулы боксер – ұлы Дэнни болатын.

Жас мексикандық өз бұрышына жайғасып, қарсыласын күтті. Әр минут жылдай созылып, баяу жылжиды. Дэнни өзін ұзақ күтуге мәжбүр етті. Тіс қаққан жырындының бұл қағидасы темірқанат боксшының талайының-ақ сабырын сарқып, қорқынышын ұялататын, жүйкесіне тиетін.

Ривера өзінің бұл айқаста қалай да жеңуі керек екенін бір сәт естен шығарған жоқ. Оны осы айқасқа итермелеген ұлы күштің сыры зал толы көрермендердің бірінің ойына да кіріп шықпайды. Дэнни Уорд ақша үшін, сол ақшаға негізделген жеңіл өмір үшін айқасып келеді. Ал Ривера өзінің не үшін, кімдер үшін төбелесетінін терең түсінеді. Оның көз алдына бір сәт елінің аянышты тұрмысы, жанары ыза-кекке толы бейнесі ап-айқын елестеп өтті.

Қым-қиғаш көріністер. Компания ләпкесі алдындағы алаң, сол алаңда иін тірескен мыңдаған аш жұмысшылар, солардың төбесінде қамшы ысқыртып, қылыш ойнатқан генерал Росалью Мартинес пен Порфирно Диастың солдаттары, қанды қырғын... Осы бір көріністер өмір бойы таусылмастай, жазықсыз төгілген адам қаны мәңгі тыйылмастай көрінеді... Қаралы түн, қапас түн! Сол түн құшағында тағдыры үшін тартысқан жандар мүрдесі Вера-Круске жөнелтіліп, акулаларға жем болып жатыр. Өліктер арасымен ілгері еңбектеген ол жендеттер айуандықпен азаптап өлтірген ата-анасының парша-парша мәйіттерін ғана тапты. Әсіресе кеудесін баса тау болып үйілген өліктер астынан басы

CD 17



Шығарманың тақырыбы мен идеясы қандай?

Сөзмаржан



**Бокс** (ағылш. box – қорап) – арнайы жұмсақ қолғаппен белгілі бір ереже бойынша жекпе-жек күш сынасатын спорт түрі. Жекпе-жекке шыққан екі ойыншы қарсыласының денесінің белгілі бір жеріне дәл соққы беруді көздейді. Жекпе-жек аумағы 4,9x4,9 м немесе 6,1x6,1 м, жан-жағы 1,3 м биіктікте арқанмен керілген рингте өтеді. Бокс ойынының әуесқойлық (3 раунд) және кәсіпқойлық (6 – 12 – 15 раунд) ережелері бар.

**Жырынды** – көпті көрген қу, айлакер.

**Ләпке** – дүкен, дүңгіршек.

ғана көрініп жатқан ана бейнесі санасын семсердей тілгілейді. Тағы... тағы да солдаттар винтовкасы ажал оғын қардай боратты. Сол оқ астымен аш күзендей бүгіле еңбектеп қашқан жетім ұлан жүрегі уланған қасқырдай алас ұрады.

Дауыл толқытқан теңіз шуындай ду соғылған шапа-лақтар үнінен селт етіп басын көтерген Ривера айналасында құрдай жорғалаған жаттықтырушылар мен секунданттарын ертіп, орталық алаңмен келе жатқан Дэнни Уордты көрді. Оны қолпаштап соғылған алақандар дауылы бес минут бойы дүрілдеп тұрды.

Ал Ривераға ешкім назар да салмады. Тіпті оның ешкім осы жерде бары-жоғын білмейтін, білгісі де келмейтін төрізді.

Зал тағы да қол соқты. Дэнни қарсыласына беттеген еді. Ол еңкейіп, Ривераның оң қолын екі қолымен алып, зілдене, жай сілкіді. Содан соң бетін Ривераның бетіне қарап күлімсіреді. Оның осы бір қалпы көрермендерді таңғалдырып, таңдайларын қақтырды. Ол дәл қазір қарсыласымен емес, туған інісімен кездесіп тұрғандай еді. Көпшілік солай ұғынды. Дэннидің қимылдаған еріндерінен оның сөйлеп тұрғанын байқап, не деп тұрғанын есітпесе де, әйтеуір бір ыстық лебіз білдіріп жатқан шығар деп жорыған көрермендер тағы да дабырласып, өздерінше дән риза болып жатыр. Дэннидің сыбырын тек Ривера ғана айқын есітті:

– Әй, Мексика жігіті, – деді ол езуіне мысқыл күлкі үйірген қалпы, ысылдай сыбырлап, – қазір сенің кеудеңнен жаныңды суырып аламын!

Ал Дэнни шешінген кезде әлгілер «паһ» деп, таңдана таңдай қақты да қалды. Шынында, оның серіппедей бұлтылдаған шақпақ еттерінен дүлей күштің лебі есіп тұр еді. Аппақ терісі жып-жылтыр, ширақтық пен серпінділік, күш-қайрат тұла бойына сыймай тұрғандай. Иә, ол мұны талай айқаста айқын көрсетті де. Оның суретімен бетін шұбарламаған бірде-бір спорт журналы жоқ.

Спайдер Хонерти Ривераның тоқыма көйлегін басынан сыпырған кезде, зал іші күңіреніп кеткендей болды. Қара торы өңі оны барынша арық та әлжуаз етіп көрсетті. Рас, бұлшық еттері бар болатын, бірақ қарсыласымен салыстыруға келмейтін. Алайда алабұртқан көпшілік оның апайтөс кең кеудесін байқай алмай қалды. Сол сияқты олар Ривераның бұлшық еттерінің әрбір клеткасының кез келген соққыға дайын тұратынын,

### Зергер сөз

Мен ақылға жүгініп бокстаса аламын, бірақ бұл көрермендер үшін жеткіліксіз, оларға шоу (Big Drama Show) керек. Кейбір қарсыластарым менен именеді, өйткені Мен чемпионмын!

*GGG – Г.Головкин,  
кәсіби былғары қолғап шебері*

шаршап-шалдығуды білмейтін төзімділігін де, берік жүйкесі оның денесін қуатты механизмге айналдырып жібергенін де аңғара алмаған. Көпшілік тек қара торы өнді, он сегіз жастағы талдырмаш баланы ғана көрді. Дэннидің жөні бір басқа! Дэнни – жиырма төрт жастағы нағыз ер мүсінді жігіт. Бұл айырмашылық, әсіресе, екеуі төрешінің соңғы кеңесін тындап, қатар тұрған кезде алабөтен көзге түсті. Ривера осы жерде тілшілердің ту сыртында отырған Робертті көрді.

– Жасқанба, Ривера, – деді ол міңгірлеп, – есінде болсын, ол сені өлтірмейді.

Ривера оның сөзін есіткен сыңай байқатпады.

– Қарашы, мына томаға-тұйық сайтанды! – деді Роберт көршісіне бұрыла міңгірлеп.

Гонг қағылды да, айқас басталып кетті. Көрермендер бір серпіліп, алға ентелей қалысты. Шыдамсыздана шиыршық атып тұрған Дэнни екі аралықты бір-ақ аттап, Мексика баласын екі шайнап, бір жұту мақсатымен дүрсе қоя берді. Ол «ә» дегеннен-ақ Ривераға жұдырықты жаңбырдай жаудырып кеп жіберді. Тәжірибелі де шебер боксшының тұс-тұсынан төпелеген соққылары Ривераны жел айдаған қаңбақтай дөңгелетіп әкеп, керме арқанға жапсырды. Төреші боксшыларды ажыратып жіберді. Сөйткенше болмай, мексикалық тағы арқанға соғылды.

Мұны боксшылар айқасына ұқсату да қиын еді. Күшті басым ағаның әлжуаз ініні бөріктіріп сабағанымен пара-пар болды. Дэннидің құтырына, екілене жаудырған жұдырығының астынан Ривера көпшілікке өрең-өрең қылаң береді. Бір минут, екі минут өтті. Боксшылар бір сәт ажырасқаннан кейін ғана көрермендер көзі мексикалыққа түсті. Оның ернін былғары қолғап жырып кетіпті. Мұрнынан қан дірдектеп тұр. Алайда оның салқынқандылығын, суық көзқарасының баяғы бөз қалпында қалғанын ешкім байқай алмады. Ол чемпиондыққа таласқан талай мықтының жұдырығына жанды нысана болғанды. Сондағы табатын табысы жарты доллар еді. Дегенмен, сол жұдырықтар мұны асқан төзімділікке баулып, құрыштай шыңдапты да.

Осыдан кейін ешкім күтпеген керемет оқиға болды. Жұдырықтар дауылы күрт тынды да, Ривера рингте жалғыз қалды. Дэнни, қаһарлы да даңқты Дэнни шалқасынан түсіпті. Ол теңселіп барып немесе тізерлей барып, жайлап жантая құламады, мұрттай ұшты. Оны Ривераның серпе ұрған сол қолы баудай түсірген екен.

### Сөзмаржан



**Апай төс** – кең кеуделі, омыраулы адам.

**Секундант** – жекпе-жекке қатысушылардың жанында болатын төреші, куә.

**Ринг** – боксшілердің жекпе-жекке шығуына арнайы жасалған 5–6 метрлік төрт бұрышты алаң.

**Гонг** – үлкен табақ тәрізді жасалған арнаулы қаққышпен соғып дыбыс шығаратын металл аспабы, там-тамның бір түрі.

## Зергер сөз

Спорт – көркі өмірдің,  
Спорт – досың, серігің.  
Жаттықсаң шымыр  
боларсың,  
Шынығып, өсіп,  
толарсың.  
*«Балдырған»  
журналынан*

Дэнни сәл есі кірген кезде барып қимылдады. Бокс жанкүйерлерінің мұндай нокаут кезінде құлатушыны қолпаштап дуылдасатыны бар ғой. Бұл жолы бәрі тілдерін жұтып қойғандай тым-тырыс. Олар істің бұлайша насырға шабатынын күтпеген еді. Зал секунд санаған төрешінің үнін іштен тына тыңдап отыр. Осы кезде масаттана сөйлеген Роберттің даусы естілді.

– Ол екі қолымен бірдей ұра алады дегенім осы ғой сендерге.

Бесінші секундта Дэнни етпетінен аударылып түсті. Ал төреші жетіге дейін санағанда бір тізерлеп дем алып, «тоғыз» дегенде атып тұруға дайын тұрды. Егер төреші «он» деген кезде тізесі еденге тиіп тұрса, оны жеңілді деп санау керек. Мұндайда тізесі еденнен көтеріле бергенде-ақ, оны тік тұрды деп санап, Ривераның тағы да ұрып жығуға еркі бар. Ривера асығыстық жасағысы келмеді. Ол тек Дэнни тізесін еденнен көтере бергенде ғана ұруға дайындалды. Ривера қарсыласын айналып өте бергенде төреші екеуінің арасына киліге кетті. Ривера оның әр секундты барынша жай санап тұрғанын біліп тұр. Барлығы, тіпті мына төрешіге дейін қарсы бұған.



– Мексикалықтың соққысы неткен күшті еді? – деп сыбырлады жаттықтырушыға Дэнни. Секунданты қара борша болып, жанталаса терін сүртіп, желпіп жатты.

Екінші, үшінші раундтарда көзге ұратын сәттер болмады. Айлакер, тәжірибелі ринг королі Дэнни әртүрлі айла-шарғымен уақыт оздырып, бірінші раундтағы қатты соққыдан есін әбден жиып алғысы келіп жүр. Бойына біткен айрықша қайрат пен мінезіндегі қажыр ғана төртінші раундта оны өзіне-өзін келтіргендей болды. Айла-шарғыны да ұмытты. Қарсыласының тыртысуын қарашы! Дэнни жинақтаған тәжірибесіне жүгінді. Өзіне әлгідей қатты соққы дарытпас үшін бәсекелесін әбден шаршату тәсіліне көшті. Ривераның бір соққысына үш соққымен жауап беріп жүр. Қауіп талма тұстан тиетін жұдырықтың дәлдігі мен салмағында ғой. Екі қолымен де қапталдан қысқа соққымен сілейте алатын мына баладан Дэнни шынымен абайлау керектігін енді түсінгендей.

Қорғаныста Ривера шабуылды сол қолымен қағу әдісін қолдануда. Қайта-қайта өз нәтижесін берген осы әдіс Дэннидің басы үшін аса қауіпті еді. Бірақ Дэнни талай көксоқтаны көрген сарабал боксшы ғой. Сондықтан да жұрт оны алдын ала чемпионға балап та қойған. Ол ұрыс әдісін де ойламаған жерден өзгерте алатын.

Жетінші раундта Дэнни де қатты соқты. Есін жиғызбай Дэнни қайта ұрды. Ривера кермеден асып барып, репортерлердің ортасына түсті. Олар оны рингке қайта итермеледі. Ривера бір тізерлей отырып, ауыр демалуда... Керменің ар жағында бәсекелесі күтіп тұр. Төреші ара түсуді де немесе Дэнниді тежеуді де ойлаған жоқ. Елеуреген жұртта ес қалмады. Біреу өңешін жырта айғайлады.

– Саудасын бітір, Дэнни!

Жүздеген дауыс ұлардай шулап, қостап кетті. Дэнни қолынан келгенін істеуге дайын тұр, бірақ төреші тоғыз емес, сегіз санағанда Ривера кенет кермеден аса секіріп барып, бәсекелесін құшақтай алды.

Ривера буынын бекем ұстады, басының буалдырланғаны да сөйілгендей. Солай болуға тиіс қой! Мыналардың бәрі арамзалар емес пе? Тағы да көз алдына манағы суреттер елес беріп өтті. Шөлге тартылған темір жол, жандармдар мен америкалық кәсіпкерлер, түрмелер мен полиция қапастары, құдық жанындағы қаңғыбастар... Мұның өзі де винтовка емес пе? Өзі – революция! Ол өзінің Мексикасы үшін соғысады!



### Артық болмас білгенің

Джек Лондон сегіз жасында-ақ кітапқұмар болды. Бұл – қолына түскенді жай оқи беру емес, тыңғылықты түрде білім жинау еді. Жазушы осы әдетіне өмірінің соңына шейін адал болып өтті. Оклендтің көпшілікке арналған кітапханасы да әсершіл баланың ой-қиялының дамуына көп септігін тигізгендігі анық. Кітапхана басшысы, өзі де ақын Айна Кулбрит ханым Джектің кітаптарды таңдап, саралап оқуына жетекшілік етіп отырғандығын ескерсек, болашақ жазушының сол кезге дейінгі әдебиеттің бетке шығар қаймағымен жан-жақты танысқандығына күмән жоқ.

Ә.Балқыбек. [abai.kz](http://abai.kz)

## Бағалы дерек

2012 жылы өткен Лондон олимпиадасына бокстан төреші болғандардың бірі – Рахымжан Рысбаев. Рахымжан – Қазақстаннан төрелік еткен жалғыз адам. Халықаралық кәсіби бокс қауымдастығы (AIBA) Рахымжан Рысбаевты «Әлемнің үздік төрешісі» деп танып, оған бес жұлдызды төреші деген дәреже берді.

BAQ.kz

Ривера қалай да жеңілмеуге бел буды. Сегізінші раундта оның қарсыласы әуелгі соққысын қайталағысы келіп әрекеттеніп бақты. Тоғызыншы раундта жұрт тағы да тосын жайға тап болды. Боксшылар бір-бірімен жақындаса бергенде Ривера кілт кейін шегінді де, оң қолы найзағайша жарқ ете түсті. Дэнни құлап түсті. Жұрт сілтідей тынды. Дэнни өз әдісінің құрбандығына шалынған-ды. Оң қапталдан төменнен жұмсалатын оның атақты әдісі бұл жолы өзіне жай оғы болып қайтты. Төреші тоғыз санағанда көтеріле түскен Дэнниге ол қайыра шабуыл жасамады. Мексикалық қиын жағдайға тап болғанда тырп етпеген төреші бұл жолы айқасты жалғастыруға жіберер емес.

Оныншы раундта Ривера бәсекелесін иек астынан екі рет оңдырмай ұрды. Дэнни болса долырып кетті. Езуінде кекті күлкі ойнап, ызалана төбелеседі. Ол темірдей тегеурінімен Ривераны бәрібір жасыта алмады. Дауылдай соққылардан жалтара жүріп, бәсекелесін үш рет оңдырмай отырғызды-ау! Енді Дэнни бәсеңсіп, он бірінші раундта сыр бере бастады. Осы сәттен он төртінші раундқа дейін күшін үнемдеп, сақ қимылдады. Кәнігі боксшылардың беделіне нұқсан келтіретін, рұқсат етілмеген құйтырқы тәсілдерді қолдануға да арланар емес. Шынтағымен бәсекелесінің қолғабын қысып та қалды, қолғабымен Ривераның аузы-мұрнын да басты, қапсыра құшақтап жатып, дауыстап балағаттап та қояды.

Арамза қылықтарын көре тұра төрешіден бастап, көрермендер бәрібір Дэннидің жағында.

Күтпеген қарсылыққа кездескен Дэнни ақырғы бір жойқын соққыға үміт артты. Ашынды, жалтарды, бар күшін жиып, төпелей соққылап, тізгінді өз қолына алуға барын салды.

Білегінен әл кетпей тұрғанда Дэнниден оны күтуге де болатын еді.

Раундтар арасындағы үзілістерде Ривераның секунданттарының қамқорлығы да шамалы болды. Оның ентіккен кеудесін желпуге де селқос, самарқау қимылдады. Он төртінші раундта ол Дэнниді тағы да ұрып құлатып, төреші секундтарды санап жатқанда ауыр қолдарын салбырата төмен түсіріп, сәл болса да тыныстап алуға тырысты. Қарсы бұрыштан күдікті сыбыр да құлағына шалынды. Оның дыбыс түйсігі аса сезімтал еді. Әңгіме үздік-создық естілді. Сыбыр шыққан бұрышқа жақындады.



– Солай болары сөзсіз. – Ол Майкл Келлидің дауысын естіді. Роберт мақұлдай бас изеді. – Дэннидің жеңуі тиіс... Мен көп ақша ұтқызамын... бала сені тыңдайды. Бір амалын жасау керек...

Осы сәттен кейін Ривераны еш нәрсе алаңдатпады. Дэнниді тағы ұрып құлатты. Буындарын босатып ентіге дем алып тұр. Роберт орнынан тұрды.

– Бітті, – деді ол. – Өзіңнің бұрышыңа тарт. – Ол жаттығу кезіндегідей бұйыра сөйледі. Ривера оған ызаға толы жанарымен жалт қарады да, еш нәрсе естімеген адамдай Дэннидің көтерілуін күтіп тұра берді. Келесі үзілісте Келли Ривераның бұрышына келді.

– Шайтан алғыр, мына қалжыңыңды доғар! Жеңіл, Ривера, болашағың үшін мені тыңда! Сені байлыққа кенелтемін... Келесі жолы Дэнниді жеңуіңе мүмкіншілік жасаймын. Бүгін сен жеңілуге тиістісің!

Ривера көзқарасымен оны естігенін танытты, бірақ келісімге де, қарсылыққа да белгі бермеді.

– Неге үндемейсің? – деп ызғарлана сұрады Келли.

– Бәрібір ұтыласың, – деп отқа май құйды Спайдер Хочерти. – Төреші жеңісті саған бермейді. Одан да Келлидің ақылын ал, құла да тұрма!

Шың еткен гонг даусы Ривераның ашуын онан сайын қоздырып жіберді. Жұрт еш нәрсені байыптар емес. Өзі де бір қауіпті сезгендей, бірақ оның қайдан келгенін білмеді. Дэнниге баяғы кеудемсоқтығы қайта оралғандай.

Ол дауыстап балағаттап алды да, Ривераға ұмтылды. Ривера шегіншектей берді. Рұқсат етілмеген әдіспен ұрдың деп жала жабылмас үшін кеудеден төмен көздемеуге бел буды. Бұл жеңіске жеткізер жарты мүмкіншілікті жоғалту болса да, оның алыстан соғып қана таза жеңіске жететініне көзі жетті.

Ривера соққы үстіне соққы алды. Жұдырық жаңбырша жауды, мейлі, тек кеуде түйістіріп жақын жібермесе болғаны. Дэннидің осы тегеуріні кезінде жұрт түгел аяғынан тік тұрды. Бөрінің көздері қарауытып, естері ауған. Ешкім ештеңе түсінбейді. Тек өздерінің сүйіктісінің мерейін көріп, бар дүниені ұмытқан.

– Айқастан қашпа! – деп аласұра айғайлайды олар Ривераға.

– Ашыл, күшік! Ашыл! Өлтір оны! Дэнни, сенің ісің ақ!

Бүкіл залда салқынқанды жалғыз Ривера ғана. Темпераментке келгенде Риверадан қызуқанды ешкім жоқ, бірақ ол тасқа ұрған теңіз толқынындай шапшыған мына

### Сөзмаржан



#### Спорт төрешісі, арбитр –

спорттық жарысты бастан-аяқ бақылаушы адам. Төреші ойынның басталуы мен аяқталуын, спортшылардың ойын ережесін қатаң сақтауын қадағалайды. Ережені бұзғандарға жаза тағайындайды. Ойын нәтижесін шығарып, жеңімпазды әділетті түрде анықтайды. Төрешісіз бірде бір спорттық жарыс өтпейді.

**Раунд** – бокс рингінде жұдырықтасып сайысуға берілетін белгілі уақыт мөлшері.

**Көксоқта** – кенбіс.

**Сарабал** – әбден ысылған.

### Сөздің көркі – мақал

Спорт – бейбітшілік  
елшісі.

Белдессең, бекем бол.

Шын ер жеңсе, тасымас,  
Жеңілсе, жасымас.

тобырдың жалыны оған кешкі самалдың желпюіндеі әсер ететін алапат дауылдарда шынықты емес пе?

Он жетінші раундта Дэннидің ойлағаны іске асқандай болды. Оның ауыр соққысы Ривераны екі бүктеді. Қолдары сылқ түсіп, тәлтіректеп шегіне берді. Дэнни бақытты сәт туды деп есептеді. Бала қазір оның еркінде. Бірақ Ривера бұл айламен оны ашық қалдырып, жойқын күшпенен иектің астынан ұрды. Дэнни мұрттай ұшты. Үш рет көтерілмек болды. Ривера да соққысын үш рет қайталады. Төреші оның мұнысын ешқашан бұрыс деп айта алмайтын еді.

– Билл! Билл! – деп шыжбалақтады Келли төрешіге.

– Мен не істей аламын? – деп кейі жауап берді төреші. – Менде сылтаурататын еш нәрсе жоқ.

Төреші оның қолғапты қолын алып, ықылассыз жоғары көтерді. Ривераны құттықтаған ешкім болмады. Секунданттар орындық та қоймаған, өз бұрышына да жалғыз барды. Ол кермеге арқасын тіреп, кекті көзімен секунданттарға қарады, бара-бара жанары он мың жанкүйер отырған бүкіл залды шарасына сыйғызып алды. Тізелері дірілдеп, әбден қалжырағандықтан, талмаусырап кетті.



### Артық болмас білгенің

«Бокс» ағылшын тілінен аударғанда соққы деген мағынаны білдіреді. Бұл – арнайы жұмсақ қолғаппен белгілі бір ереже бойынша жекпе-жек күш сынасатын спорт түрі. Ең алғашқы түрі Грекияда ұйымдастырылып (б.з.б. 688 ж.), Олимпиадалық ойындар қатарына енген. Қазіргі бокс түрі Англиядан бастау алған. Алғашқы ережесін Д.Фигт жазды. Дүниежүзілік чемпионат 1974 жылы өткізілді. Қазақстанда бокстың алғашқы мектебін ХХ ғасырдың 30-жылдары Алматыда Ш.Бөлтекұлы ашты. Спорт тақырыбына қалам тартқан қазақ жазушылары: Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан», Бердібек Соқпақбаев «Жекпе-жек», Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ», т. б.

«Спорт» энциклопедиясы



### Кітапсүйерлер үшін

Д.Лондонның «Ақ азу» атты повесін оқыңдар. Қандай қазақ жазушысының шығармасымен үндес екенін анықтап көріңдер.

1

Білу

1. Джек Лондон туралы не білдіңдер?
2. «Мексика ұлы» шығармасындағы Ривера кім?

2

Түсіну

1. Ривера не үшін алдына жеңу мақсатын қойды?
2. Шығарма неліктен «Мексика ұлы» деп аталған?
3. Неліктен Ривера жеңіліске ұшырады?

3

Талдау

1. «Венн диаграммасы» арқылы Дэнни мен Ривераға салыстырмалы мінездеме беріңдер.



2. Әңгімені хрестоматияда берілген Б.Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» шығармасымен салыстырыңдар.

4

Жинақтау

«Мексика ұлы» шығармасының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Әңгіменің сюжеттік жоспарын құрыңдар.
2. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Шығарма кейіпкерлері	Ақын кейіпкерлерді кім деп таныстырады?	Қандай адам ретінде суреттеледі?	Авторлық көзқарас қандай?	Менің көзқарасым, ой-пікірім

3. «5 W» тәсілін қолданып, тақырып мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастырыңдар. «Кім?» («Who?»), «Не?» («What?»), «Қайда?» («Where?»), «Қашан?» («When?»), «Не үшін?» («Why?») деген сұрау есімдіктерін қолданыңдар.
4. «Былғары қолғап» ойынын жүргізіңдер. Ол үшін үш адамнан топтарға бөлініңдер: екі ойыншы, бір төреші. Мұғалім нұсқаған уақытта

берілген тақырып бойынша сұрақ-жауап сағатын ұйымдастырасыңдар. Ол қарсыласың тоқтап қалғанша жалғаса береді. Төреші есеп жүргізіп отырады. Рөлдермен ауысып жүргізуге болады.

5. Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасаңдар:

Оқиғаның басталуы	
Оқиғаның дамуы	
Оқиғаның шиеленісуі	
Оқиғаның шарықтау шегі	
Оқиғаның шешімі	

6. «Ел намысы – ер намысы» тақырыбына эссе жазыңдар.

6

Баға беру

1. Спортқа деген көзқарастарың қандай? Қандай қазақстандық боксшыларды білесіңдер?
2. Қазақстан спорты туралы пікірлерің қандай?



Диалог құру

Өз таңдауларың бойынша қазақ спортшысымен диалог құрыңдар.



Артық болмас білгенің

### Қазақ спортының қалыптасу тарихы

Қазақ жерінде спорттың алғашқы белгілері VII ғасырда пайда болды деген болжам бар. Көне заманнан бастап, халқымыз садақ тарту, бәйге, күрес сияқты көптеген спорт түрлерімен айналысып, өзінің рухани байлығын дамытып отырған. Әр елдің, жүз бен болыстың өз батыры, балуаны мен аты шыққан мықты спортшысы, мергені болатын. Олар өз руының намысын қорғап, қарсыласын жеңу үшін барлық күштерін аямайтын.

1918 жылы шаруалар клубтарында жеңіл атлетика мен гимнастика үйірмелері ұйымдастырылып, жастарға спортты насихаттау жұмыстары жүргізілетін. Орынборда 1920 жылдан бастап, спорттық жарыстарды өткізуге арналған орталықтар бой көтере бастайды. Спартакиадалар ұйымдастырылып, жарысқа елдің түкпір-түкпірінен мықты спортшылар қатысады. 1928 жылы Петропавл қаласында Бүкілқазақстандық бірінші спартакиада өз жалауын көтерген болатын. Осы спартакиадада спорттың футбол, жеңіл атлетика, қалашық (городки), қазақша күрес, баскетбол және нысана көздеу түрлері ұйымдастырылған.

Еліміздің спорт өнерінің дамуына 1931 жылы енгізілген «КСРО-ны қорғауға, еңбек етуге дайын бол» атты жарыс та өз септігін тигізген. 1932 жылы Алматы қаласында дене

тәрбиесі техникумы ашылады. 1934 жылы Орта Азия мен Қазақстан спортшылары арасында 1-спартакиада, сондай-ақ, мектеп оқушылары арасында бүкілқазақстандық 1-спартакиада өткізілген. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында қазақ жерінде спортшылардың саны 150 мыңға жеткен, олардың 20 пайызы қазақтар еді. Соғыс жылдарында әскери-спорт кадрларын даярлауда көп жұмыс атқарылып, елімізде 1,5 миллионға жуық әскери-спорт мамандары тәрбиеленді. 1945 жылы Алматыда дене тәрбиесі институты бой көтеріп, спорт саласында біліктілігі жоғары мамандар көбейе түскен. 1946 жылы Шоқыр Бөлтекұлы «Спартак» қоғамы бойынша бокстан КСРО чемпионы атанып, қазақ жастары арасында бірінші болып спорт шебері деген дәрежеге жетті. 1956 жылы Мәскеуде КСРО халықтарының 1-спартакиадасы өтті.

Қазақстан спортшылары 1956 жылдан бастап олимпиадалық ойындарға қатыса бастады. КСРО құрамында олимпиадаға қатысқан тұңғыш қазақ желаяқ F.Қосанов 1960 жылы Рим олимпиадасында жеңіл атлетикадан күміс жүлдеге қол жеткізді. Бұл қазақ спортында алтын әріппен жазылған оқиға болды. Қазақ спортының қалыптасуы айтарлықтай ұзақ кезеңді бастан өткере отырып, өз нәтижесін беріп келеді.

*massaget.kz*

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- «Қазақ әдебиеті». Оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
- «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығы. – Алматы, 2010.
- «Қазақ ертегілері». – Алматы, 2004, 2006.
- Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 5-том. – Алматы, 2005.
- Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы. – Алматы, 2003.
- Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 1993.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. – Алматы, 2007.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
- Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 2013.
- Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2011.
- «Қазақстан жазушылары. XX ғасыр». Анықтамалық. – Алматы, 2004.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2011.
- Кім күшті? Балалар фольклоры. – Алматы, 2003.
- XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1994.
- Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы». – Алматы, 2004.
- Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы, 1996.
- Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың төлімдік ой-пікір антологиясы. 1 том. – Алматы, 1994.
- Жолдасбеков М., Сейдімбек А., Салғараұлы Қ. Елтұтқа. – Астана, 2001.
- Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1982.
- Елікбаев С. Қазақ әдебиеті. Оқушы анықтамалығы. – Алматы, 2005.
- Қалиев С., Бізғұттынова Р., Жексенбаева Г. Төлім-тәрбие хрестоматиясы. – Алматы, 1996.
- Мадиходжаев М. «Қазақ ертегілері». – Шымкент, 1998.
- Нәбиева С. Ч. Мауытханова З. Әлем әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы, 2013.
- Нұрғалиев Р. А. Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы, 1991.
- Ысқақов Б. Ұмытылмас есімдер. – Алматы, 1994.
- Бағдарламаға енген ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер.

### Электрондық ресурстар

[www.kitaphana.kz](http://www.kitaphana.kz)  
<http://www.qazaquni.kz>  
[www.topreferat.kz](http://www.topreferat.kz)  
<http://classic.nlrk.kz>  
<http://classic.nlrk.kz>  
<http://turkiya.kz>  
[www.abai.kz](http://www.abai.kz)  
[www.el.kz](http://www.el.kz)  
<http://www.kazakhadebieti.kz>  
[www.kk.wikipedia.org/wiki](http://www.kk.wikipedia.org/wiki)  
<http://www.ikitap.kz>

<http://www.45minut.kz>  
<http://www.ikitap.kz.books>  
[www.youtube.com](http://www.youtube.com)  
[www.referat.kz](http://www.referat.kz)  
<http://massaget.kz>  
[yvision.kz](http://yvision.kz)  
<https://ushkin1.wordpress.com>  
[www.zharar.com](http://www.zharar.com)  
<http://adebikz.com>

## МАЗМҰНЫ

Шартты белгілер.....	3
Кіріспе.....	4
<b>ТАЗА, МІНСІЗ АСЫЛ СӨЗ</b> .....	7
Халық ауыз әдебиеті.....	8
Ертегілер.....	12
Керқұла атты Кендебай.....	17
Батырлар жыры.....	30
«Қобыланды батыр» жыры туралы.....	34
Қобыланды батыр ( <i>жырдан үзінді</i> ).....	35
Аңыз әңгімелер.....	44
Асанқайғы Сәбитұлы.....	48
Асанқайғының жерге айтқан сыны.....	49
<b>ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ</b> .....	55
Дулат Бабатайұлы.....	56
О, Ақтан жас, Ақтан жас.....	58
Ыбырай Алтынсарин.....	62
Дүние қалай етсең табылады.....	65
Атымтай жомарт.....	69
Қыпшақ Сейіткүл.....	72
<b>АДАМГЕРШІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ</b> .....	77
Ахмет Байтұрсынұлы.....	78
Егіннің бастары.....	79
Адамдық диқаншысы.....	83
Бердібек Соқпақбаев.....	86
Менің атым Қожа.....	89
Марат Қабанбаев.....	96
Бауыр ( <i>әңгіме</i> ).....	97
<b>ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ</b> .....	113
Тынымбай Нұрмағамбетов.....	114
Анасын сағынған бала.....	115
Нүрдәулет Ақыш.....	120
Нағыз әже қайда?.....	121
Джек Лондон.....	130
Мексика ұлы.....	131
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	142

*Оқулық басылым*

**Сәуле Чапайқызы Тұрсынғалиева  
Руда Зайкенова**

# **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

**Жалпы білім беретін мектептің  
5-сыныбына арналған оқулық**

<b>Суретші-бейнелершілер</b>	О.Подопригора, Е.Игнатенко
<b>Суретшілері</b>	А.Айтжанов, С.Пернебаева, А.Хақимжанова, Д.Қдыров, Ә.Төлебиев
<b>Бас редакторы</b>	Қ.Қараева
<b>Редакторы</b>	А.Матаева
<b>Техникалық редакторы</b>	В.Бондарев
<b>Көркемдеуші редактор</b>	Е.Мельникова
<b>Мұқабаның дизайні</b>	В.Бондарев
<b>Дизайні</b>	О.Подопригора
<b>Беттеген</b>	Г.Илишева, Л.Костина

**Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:**

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: [astana@arman-pv.kz](mailto:astana@arman-pv.kz)

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: [info@arman-pv.kz](mailto:info@arman-pv.kz)

**«Арман-ПВ» кітап дүкені**

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 02.09.16 берілді. Басуға 24.05.17 қол қойылды. Пішімі 84 x 108 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,12. Таралымы 30000 дана.

**Артикул 705-011-001к-17**